ОФЕРТА **WILDBERRIES сайтында тауарды сату туралы**	**ОФЕРТА** **о реализации товара на сайте WILDBERRIES**
1. **Анықтамалар**	**1. Определения**
1.1. Оферта – домендік атауында wildberries белгісі (екінші деңгейдегі домен) бар сайтта (бұдан әрі – "Сайт") тауарларды сату туралы осы офертаның талаптары, оған барлық қосымшаларды қоса алғанда.	1.1. **Оферта** – условия настоящей оферты о продаже товаров на сайте, содержащим в доменном имени обозначение wildberries (домен второго уровня), (далее – "Сайт") включая все приложения к ней.
1.2. Шарт – Сатушы мен Вайлдберриз арасында Оферта талаптарымен жасалған шарт.	1.2. **Договор** – договор между Продавцом и Вайлдберриз, заключенный на условиях Оферты
1.3. Ережелер – Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын тауарларды сату және Вайлдберриз қызметтерін көрсетудің жекелеген мәселелері бойынша талаптар. Ережелердің тізімі Шарттың 8.8 - тармағында келтірілген.	1.3. **Правила** – условия по отдельным вопросам продажи товаров и оказания услуг Вайлдберриз, которые являются неотъемлемой частью Договора. Перечень Правил приведен в п. 8.8 Договора.
1.4. Сатушы – Офертаны қабылдаған, Қазақстан Республикасының салық органдарында есепте тұрған коммерциялық ұйым немесе жеке кәсіпкер.	1.4. **Продавец** – коммерческая организация или индивидуальный предприниматель, состоящий на учете в налоговых органах Республики Казахстан, принявший Оферту.
1.5. Вайлдберриз – «ИМВБКЗ» ЖШС, БСН 220240020422. Вайлдберриз тауарлар туралы ақпарат агрегаторының (Сайттың) иесі болып табылады, онда Сатушылар өздеріне тиесілі тауарларды сатып алу-сату шарттарын жасасу туралы ұсыныстарды орналастырады.	1.5. **Вайлдберриз** – ТОО «ИМВБКЗ», БИН 220240020422. Вайлдберриз является владельцем агрегатора информации о товарах (Сайта), на котором Продавцами размещаются предложения о заключении договоров купли-продажи принадлежащих им товаров.
1.6. Тауарлар – Сатушыға тиесілі тауарлар немесе Сатушы көрсететін қызметтер, оларды сату, жасау немесе көрсету туралы ұсыныстарды ол Сайтта орналастырады.	1.6. **Товары** – принадлежащие Продавцу товары или оказываемые Продавцом услуги, предложения о продаже, создании или оказании которых он размещает на Сайте.
1.7. Қолданылмайды.	1.7. **Не применяется.**
1.8. Лицензиялық төлем – Сатушының Жеке кабинетті пайдаланғаны үшін белгіленген біржолғы ақы ретінде Вайлдберризке аударатын ақшалай қаражаты.	1.8. **Лицензионный платеж** – денежные средства, перечисляемые Продавцом Вайлдберриз в качестве фиксированной разовой платы за использование Личного кабинета.
1.9. Портал – «Интернет» желісінде https://seller.wildberries.ru мекенжайы бойынша орналастырылған сайт, сондай-ақ оның мобильді нұсқасы және қолданбалар дүкендерінде жүктеп алуға болатын WB Partners қосымшасы, олардың функционалы Сатушыға Шартты орындау мақсатында Вайлдберризбен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді.	1.9. **Портал** – сайт, размещенный в сети «Интернет» по адресу: https://seller.wildberries.ru, а также его мобильная версия и приложение WB Partners, доступное для скачивания в магазинах приложений, функционал которых позволяет Продавцу взаимодействовать с Вайлдберриз в целях исполнения Договора.
1.10. Пайдаланушы – Порталды кез келген тәсілмен пайдаланатын кез келген тұлға, соның ішінде – тіркеу рәсімінен өтетін тұлға, Сатушыны (егер қолданылса) және Сатушы өзінің Жеке кабинетіне кіруге рұқсат беретін тұлғаларды қоса алғанда.	1.10. **Пользователь** – любое лицо, которое использует Портал любым способом, в том числе – проходящее процедуру регистрации, включая Продавца (если применимо) и лиц, которым Продавец предоставляет доступ в свой Личный кабинет.
1.11. Жеке кабинет – Жеке кабинет – Сатушы туралы ақпаратты қамтитын, Порталда Сатушының дербес парақшасын құрайтын Порталдың бағдарламалық модулі, жеке парақшасы, онда Сатушыға (және Сатушы өзінің жеке парақшасына кіруге рұқсат берген (қосқан) Пайдаланушыға) Порталдың жекелеген функционалын басқару қолжетімді болуы мүмкін.	1.11. **Личный кабинет** – программный модуль Портала, образующий персональную страницу Продавца на Портале, содержащую информацию о Продавце, а также сведения, связанные с осуществлением Продавцом деятельности на Портале, в котором Продавцу (и Пользователю, которому Продавец предоставил доступ (добавил) к своей персональной странице) может быть доступно управление отдельным функционалом Портала.
1.12. Баланс – Вайлдберриз бен Сатушы арасындағы міндеттемелер мөлшерін қадағалауға мүмкіндік беретін Жеке кабинеттің ақпараттық сервисі.	**1.12. Баланс** – информационный сервис Личного кабинета, который позволяет отслеживать размер обязательств между Вайлдберриз и Продавцом.
2. **Шарт жасасу тәртібі:**	**2. Порядок заключения договора:**
2.1. Сатушы Оферта талаптарымен мұқият танысуға және Шарт жасасу үшін қажетті өзі туралы мәліметтерді толтыра отырып, Порталда тіркеуден өтуге міндетті.	2.1. Продавец обязан внимательно ознакомиться с условиями Оферты и пройти регистрацию на Портале с заполнением о себе сведений, необходимых для заключения Договора.
2.2. Тіркеуден және деректерді тексергеннен кейін Вайлдберриз Сатушыға Лицензиялық төлемді төлеуге арналған деректемелерді ұсынады, бұл Вайлдберриздің Сатушыға Оферта талаптарымен Шарт жасасу туралы ұсынысы болып табылады.	2.2. После регистрации и проверки данных Вайлдберриз предоставляет Продавцу реквизиты для уплаты Лицензионного платежа, что является предложением Вайлдберриз Продавцу о заключении Договора на условиях Оферты.

2.3. Шарт Сатушы Лицензиялық төлемді төлеген сәттен бастап жасалған болып есептеледі. Сатушының Порталдағы Лицензиялық төлемді төлеу алдындағы әрекеттері аталған Шартты жасасуға бағытталған әрекеттер болып саналады.	2.3. Договор считается заключенным с момента уплаты Продавцом Лицензионного платежа. Действия Продавца на Портале, предшествующие уплате Лицензионного платежа, считаются действиями, направленными на заключение указанного Договора.
2.4. Вайлдберриз сұрау салуы бойынша Сатушы Шарт жасасу туралы қосымша растауды Вайлдберриз көрсеткен нысанда, мысалы: Сатушы қол қойған Офертаға қосылу туралы өтініш немесе Оферта мәтіні нысанында ұсынуға міндеттенеді.	2.4. По запросу Вайлдберриз Продавец обязуется предоставить дополнительное подтверждение о заключении Договора в указанной Вайлдберриз форме, например: в форме подписанных Продавцом заявления о присоединении к Оферте или текста Оферты.
2.5. Порталда тіркелу кезінде және қызмет барысында Сатушы шынайы деректерді ұсынатынына, заңды тұлға қызметінің тоқтатылуына әкеп соғатын қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкроттық рәсімінде тұрмағанына, таратылмағанына, дара кәсіпкер немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға ретінде қызметін тоқтатпағанына кепілдік береді, бұл Порталда тіркелу кезінде ұсынылған деректердің өзгеруіне әсер етуі мүмкін.	2.5. При регистрации и в процессе деятельности на Портале Продавец гарантирует, что предоставляет достоверные данные, не находится в процедуре реорганизации, влекущей прекращение деятельности юридического лица, ликвидации или банкротства, не ликвидирован, не прекратил деятельность в качестве индивидуального предпринимателя или самозанятого, которые могут повлиять на изменение предоставленных данных при регистрации на Портале.
2.6. Шарт орыс және қазақ тілдерінде жасалды. Орыс тіліндегі нұсқа мен қазақ тіліндегі нұсқа арасында қайшылық болған жағдайда, орыс тіліндегі нұсқа басым күшке ие болады.	2.6. Договор составлен на русском и казахском языках. В случае противоречия между версией на русском языке и версией на казахском языке, версия на русском языке будет иметь преимущественную силу.
3. **Шарттың мәні**	**3. Предмет Договора**
3.1. Сатушы тапсырады, ал Вайлдберриз сыйақы үшін Сатушының атынан және есебінен Сайтты пайдаланатын сатып алушылармен – жеке тұлғалармен (бұдан әрі – "сатып алушылар") Тауарларды сатып алу-сату мәмілелерін жасасу және орындау жөніндегі іс-әрекеттерді жүзеге асыру міндеттемелерін өзіне қабылдайды.	3.1. Продавец поручает, а Вайлдберриз принимает на себя обязательства за вознаграждение совершать от имени и за счет Продавца действия по заключению и исполнению сделок купли-продажи Товаров с покупателями – физическими лицами, использующими Сайт (далее – **"покупатели"**).
3.2. Вайлдберриз Сатушының атынан Тауарлар үшін төлем қабылдайды және Тауарларды сатудан түскен ақшалай қаражатты Сатушыға береді. Тапсырманы орындау тәртібін Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Вайлдберриз дербес айқындайды. Ақшалай қаражатты қабылдау тек қана Вайлдберриз Сатушы Тауарларын сатуды қамтамасыз ететіндігімен, оның ішінде сатып алушыға Тауарды сатып алу-сату шартын оны төлеген сәттен бастап жасасу және мұндай Тауарды төлеу мүмкіндігін ұсынатындығымен байланысты.	3.2. Вайлдберриз от имени Продавца принимает оплату за Товары и передает вырученные от реализации Товаров денежные средства Продавцу. Порядок исполнения поручения определяется Вайлдберриз самостоятельно за исключением случаев, предусмотренных Договором. Прием денежных средств связан исключительно с тем, что Вайлдберриз обеспечивает реализацию Товаров Продавца, в том числе предоставляет покупателем возможность заключить договор купли-продажи Товара с момента его оплаты и оплатить такой Товар.
3.3. Вайлдберриз Сатушыға сондай-ақ келесі қызметтерді көрсете алады:	3.3. Вайлдберриз также может оказывать Продавцу следующие услуги:
– Вайлдберриздің Шарттың 6.4-тармағында көзделген Сатушының тапсырмасын орындауға байланысты қызметтері;	– Услуги, связанные с исполнением Вайлдберриз поручения Продавца, предусмотренные п. 6.4. Договора;
– Офертаның 22-бөлімінде көзделген және Вайлдберриз Сатушыға Шартты осындай тәсілмен орындауға (Порталда тиісті функционалды ашуға) жеке келісімін білдірген жағдайда көрсетілетін тауарды брондау туралы ұсыныстарды орналастыру бойынша қызметтер.	– Услуги по размещению предложений о бронировании товара, предусмотренные разделом 22 Оферты и оказываемые при условии отдельно выраженного Продавцу согласия Вайлдберриз на исполнение Договора таким способом (открытия соответствующего функционала на Портале).
Бұл ретте Вайлдберриз тауарды брондау туралы ұсыныстарды орналастыру бойынша қызметтерді көрсеткен жағдайда, тауарларды сату туралы тапсырмаларды орындау осындай қызметтерді көрсету кезеңінде Сатушының барлық Тауар карточкаларына қатысты тоқтатыла тұрады және Тараптардың осындай қызметтерді көрсету жөніндегі қатынастарына агенттік шарт бойынша қатынастарды реттеуге байланысты ережелер қолданылмайды.	При этом в случае оказания Вайлдберриз услуг по размещению предложений о бронировании товара, выполнение поручений о реализации товаров приостанавливается в отношении всех Карточек Товаров Продавца на период оказания таких услуг и к отношениям Сторон по оказанию таких услуг положения, связанные с регулированием отношений по агентскому договору, не применяются.
3.4. Сатушы кері қайтарылмайтын оферта арқылы Вайлдберризге Тауарды сатып алу құқығын, яғни Сатушы Вайлдберризге берген Тауарға қатысты бір немесе бірнеше (саны бойынша шектеусіз) сатып алу-сату шартын жасасу құқығын береді, оларға сәйкес Сатушы Тауарды Вайлдберриз	3.4. Продавец посредством безотзывной оферты предоставляет Вайлдберриз право выкупить Товар, то есть право заключить в отношении Товара, переданного Продавцом Вайлдберриз, один или несколько (без ограничений по количеству) договоров купли-продажи, согласно которым

меншігіне береді, ал Вайлдберриз мұндай Тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді. Вайлдберриздің Тауарды сатып алу тәртібі Тауарды сатып алу Ережелерінде көзделген. Осы тармақтың ережелері азық-түлік Тауарларына қолданылмайды.	Продавец передает Товар Вайлдберриз в собственность, а Вайлдберриз обязуется принять и оплатить такой Товар. Порядок выкупа Вайлдберриз Товара предусмотрены Правилами выкупа Товара. Положения настоящего пункта не применяются к продовольственным Товарам.
3.5. Тараптар Порталды Порталды пайдалану Ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда пайдаланады. Сатушы Порталда орналастырылған ақпаратпен үнемі дербес танысып отыруға міндетті.	3.5. Стороны используют Портал в порядке и на условиях, которые установлены в Правилах использования Портала. Продавец обязан самостоятельно на регулярной основе знакомиться с размещенной на Портале информацией.
3.6. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы сақтау мақсатында Тауар Карточкаларында Сатушының атауы көрсетілген. Вайлдберриз Сатушы сататын тауар үшін Сатып алушылардан ақшалай қаражат қабылдайды және Сатып алушыға кассалық чек береді. Кассалық чек Вайлдберриз тарапынан қалыптастырылады және Вайлдберризді агрегатор иесі ретінде сипаттайтын ақпараттан басқа, Сатушы туралы ақпаратты қамтиды.	3.6. В целях соблюдения законодательства о защите прав потребителей в Карточках Товара указано наименование Продавца. Вайлдберриз принимает денежные средства у Покупателей за товар, реализуемый Продавцом, и выдает Покупателю кассовый чек. Кассовый чек формируется Вайлдберриз и помимо информации, характеризующей Вайлдберриз как владельца агрегатора, содержит информацию о Продавце.
4. **Тауарды сату**	**4. Продажа Товара**
4.1. Тауарды сату келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылуы мүмкін:	4.1. Продажа Товара может осуществляться одним из следующих способов:
1) Сатушы қоймасынан, яғни Тауар сатып алушымен сатып алу-сату шартын жасасу сәтінде Сатушының қоймасында болады, Тауар сатып алушыға жеткізу үшін Вайлдберризге беріледі («Маркетплейс» (FBS)):	1) Со склада Продавца, то есть Товар в момент заключения договора купли-продажи с покупателем находится на складе Продавца, с передачей Товара Вайлдберриз для доставки покупателю («Маркетплейс» (FBS)):
a. бұл ретте Сатушы Тауарды сатып алушыға жеткізу үшін Вайлдберризге Вайлдберриз қоймасында немесе тапсырыстарды беру пунктінде береді;	a) при этом Продавец передает Товар Вайлдберриз для доставки покупателю на складе Вайлдберриз или в пункте выдачи заказов;
b. Қолданылмайды;	b) Не применяется;
c. бұл ретте Сатушы өз қоймасында Тауарды сатып алушыға курьерлік жеткізу үшін Вайлдберризге Тауарды Вайлдберриз қоймасына ауыстырмай береді («Курьер WB» (DBW)), бұл Шартты осындай тәсілмен орындауға Вайлдберриздің Сатушыға жеке білдірілген келісімі болған жағдайда мүмкін болады (Порталда тиісті функционалды ашу);	c) при этом Продавец на своем складе передает Товар Вайлдберриз для курьерской доставки покупателю без перемещения Товара на склад Вайлдберриз («Курьер WB» (DBW)), что возможно при условии отдельно выраженного Продавцу согласия Вайлдберриз на исполнение Договора таким способом (открытия соответствующего функционала на Портале);
2) Сатушы қоймасынан Сатып алушыға жеткізу үшін Тауарды Вайлдберризге бермей:	2) Со склада Продавца без передачи Товара Вайлдберриз для доставки Покупателю
a. бұл ретте Сатушы Тауарды Сатып алушыға Сатып алушы көрсеткен мекенжай бойынша береді, Тауарды жеткізуді өз күшімен (соның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып) және өз есебінен жүзеге асырады («Витрина» (DBS)); немесе	a) при этом Продавец передает Товар Покупателю по адресу, указанному Покупателем, осуществляя доставку Товара своими силами (в том числе с привлечением третьих лиц) и за свой счет («Витрина» (DBS)); или
b. бұл ретте Сатушы Тауарды Сатып алушыға Сатып алушы көрсеткен мекенжай бойынша береді, Тауарды жеткізуді 30 минуттан 4 сағатқа дейінгі мерзімде өз күшімен (соның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып) және өз есебінен жүзеге асырады («Витрина Экспресс» (EDBS))	b) при этом Продавец передает Товар Покупателю по адресу, указанному Покупателем, осуществляя доставку Товара в срок от 30 минут до 4 часов своими силами (в том числе с привлечением третьих лиц) и за свой счет («Витрина Экспресс» (EDBS))
Бұл ретте Тауарды Витрина тәсілімен сату Шартты осындай тәсілмен орындауға Вайлдберриздің Сатушыға жеке білдірілген келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады (Порталда тиісті функционалды ашу);	При этом продажа Товара способом Витрина осуществляется при условии отдельно выраженного Продавцу согласия Вайлдберриз на исполнение Договора таким способом (открытия соответствующего функционала на Портале);
c. бұл ретте Сатушы Тауарды Сатып алушыға Сайтта көрсетілген Сатушының стационарлық сауда объектісінің мекенжайы бойынша береді («Сатушы дүкенінен алып кету» (C&C)).	c) при этом Продавец передает Товар Покупателю по указанному на Сайте адресу стационарного торгового объекта Продавца («Самовывоз из магазина продавца» (C&C)).
3) Вайлдберриз қоймасынан, яғни Тауар сатып алушымен сатып алу-сату шартын жасасу сәтінде «WB Қоймасы» (FBW) Вайлдберриз қоймасында болады.	3) Со склада Вайлдберриз, то есть Товар в момент заключения договора купли-продажи с покупателем находится на складе Вайлдберриз «Склад WB» (FBW).

4.2. Тауарды «Витрина» (DBS) және «Витрина Экспресс» (EDBS) тәсілімен сатқан жағдайда, Сатушы өз күшімен (соның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып) және өз есебінен Тауарды сатып алушыға тапсырысты рәсімдеу кезінде Сатушы мен Сатып алушы келіскен мерзімде беруге, сондай-ақ Порталдағы Жеке кабинетте тапсырыс қозғалысына (соның ішінде тапсырысты аяқтау бойынша) байланысты әрекеттерді жасауға міндетті. Тауарды «Сатушы дүкенінен алып кету» (C&C) тәсілімен сатқан жағдайда, Сатушы тапсырысты рәсімдеу кезінде Сатушы мен сатып алушы келіскен мерзімде және мекенжай бойынша Тауардың берілуге дайындығын қамтамасыз етуге және сатып алушының талабы бойынша Тауарды беруге, сондай-ақ Порталдағы Жеке кабинетте тапсырыс қозғалысына (соның ішінде тапсырысты аяқтау бойынша) байланысты әрекеттерді жасауға міндетті. Сатушының Тауарды Вайлдберризге беруіне, «Витрина» (DBS), «Витрина Экспресс» (EDBS) және «Сатушы дүкенінен алып кету» (C&C) тәсілдерімен сатылған Тауарға қатысты тапсырманы орындауға және қызметтер көрсетуге байланысты Тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін Шарт талаптары қолданылмайды.	4.2. В случае продажи Товара способом «Витрина» (DBS) и «Витрина Экспресс» (EDBS) Продавец обязан своими силами (в том числе с привлечением третьих лиц) и за свой счет передать Товар покупателю в срок, согласованный Продавцом и Покупателем при оформлении заказа, а также совершить действия, обусловленные движением заказа (в том числе, по завершению заказа), в Личном кабинете на Портале. В случае продажи Товара способом «Самовывоз из магазина продавца» (C&C) Продавец обязан в срок и по адресу, которые согласованы Продавцом и покупателем при оформлении заказа, обеспечить готовность Товара к передаче и передать Товар по требованию покупателя, а также совершить действия, обусловленные движением заказа (в том числе, по завершению заказа), в Личном кабинете на Портале. Условия Договора, устанавливающие права и обязанности Сторон, связанные с передачей заказа (Вайлдберриз, к исполнению поручения и оказанию услуг в отношении Товара, реализованного способами «Витрина» (DBS), «Витрина Экспресс» (EDBS) и «Самовывоз из магазина продавца» (C&C) не применяются.
4.3. Тауарды «Маркетплейс» (FBS) тәсілімен сатқан жағдайда Сатушы міндетті:	4.3. В случае продажи Товара способом («Маркетплейс» (FBS) Продавец обязан:
4.3.1. өз есебінен Тауарды сатып алушыға жеткізу үшін Вайлдберризге Порталдағы «Жинақтау тапсырмалары» бөлімінде келісілген ассортиментте және мөлшерде, сондай-ақ көрсетілген тапсыру орнына (қойма немесе тапсырыстарды беру пункті – бұдан әрі «Тапсыру пункті») сәйкес Порталда Сатып алушының Тауарды сатып алғаны туралы ақпарат орналастырылған сәттен бастап 120 сағат ішінде беруге (4.3.3-тармақта көзделген жағдайды қоспағанда). Сатып алушыға жеткізу үшін Тауарды Вайлдберризге бергенге дейін Сатушы Порталда Жинақтау тапсырмасына сәйкес берілетін Тауардың жарамдылық мерзімі туралы шынайы ақпаратты көрсетуге міндетті, егер жарамдылық мерзімі осы Тауар үшін міндетті болса.	4.3.1. за свой счет передать Товар Вайлдберриз для доставки покупателю в ассортименте и количестве, согласованном на Портале в разделе «Сборочные задания», а также в соответствии с указанным местом сдачи (склад или пункт выдачи заказов – далее «Пункт сдачи») в течение 120 часов с момента размещения на Портале информации о приобретении Товара Покупателем (за исключением случая, предусмотренного в п.4.3.3). До передачи Вайлдберриз Товара для доставки покупателю Продавец обязан указать на Портале достоверную информацию о сроке годности Товара, передаваемого в соответствии со Сборочным заданием, если срок годности является обязательным для данного Товара.
4.3.2. Қолданылмайды;	4.3.2. Не применяется;
4.3.3. «Курьер WB» (DBW) сату тәсілін пайдаланған кезде:	4.3.3. При использовании способа продажи «Курьер WB» (DBW):
1) Тауарды Вайлдберриз курьеріне беруге Порталдағы Жинақтау тапсырмасында көрсетілген Тауарды Сатып алушыға жеткізу күнінің алдындағы күннің соңынан кешіктірмей дайындау,	1) подготовить Товар к передаче курьеру Вайлдберриз не позднее окончания дня, предшествующего дате доставки Товара Покупателю, указанной в Сборочном задании на Портале
2) Порталдағы Жинақтау тапсырмасында тиісті мәртебені көрсете отырып, Вайлдберриз курьеріне беруге Тауардың дайындығы туралы Вайлдберризге хабарлау,	2) сообщить Вайлдберриз о готовности Товара к передаче курьеру Вайлдберриз, указав соответствующий статус в Сборочном задании на Портале,
3) Тауарды алу үшін Сатушының қоймасына Вайлдберриз курьерінің көлік құралының кедергісіз кіруін дербес және өз есебінен қамтамасыз ету,	3) самостоятельно и за свой счет обеспечить беспрепятственный доступ транспортного средства курьера Вайлдберриз на склад Продавца для забора Товара,
4) Тауарды Вайлдберриз курьеріне Сатушының қоймасында Порталдағы Жинақтау тапсырмасында көрсетілген Тауарды сатып алушыға жеткізу күні беру.	4) передать Товар курьеру Вайлдберриз на складе Продавца в дату доставки Товара покупателю, указанную в Сборочном задании на Портале.
4.4. Егер Сатушы Шарттың 4.3.1-тармағында көрсетілген мерзімді бұзса, Сатушы Вайлдберризге Айыппұлдар тізбесінде көзделген мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.	4.4. Если Продавец нарушил срок, указанный в п. 4.3.1 Договора, Продавец обязан уплатить Вайлдберриз штраф в размере, предусмотренном Перечнем штрафов.
4.5. Тауарды «WB Қоймасы» (FBW) түрі бойынша сату үшін Вайлдберризге берген жағдайда Сатушы міндетті:	4.5. В случае передачи Товара Вайлдберриз для продажи по типу «Склад WB» (FBW) Продавец обязан:
1) Тауарды «WB қоймасы» (FBW) тәсілімен сату үшін Вайлдберризге берген жағдайда Сатушы міндетті: Тауарды бергенге дейін алдын ала Порталда тиісті өтінімді (бұдан әрі –	1) Заблаговременно до передачи Товара создать на Портале соответствующую заявку (далее – «Поставка», а совокупность нескольких Поставок – «План поставок»), в которой указать достоверные сведения об ассортименте и количестве Товаров,

«Жеткізілім», ал бірнеше Жеткізілімнің жиынтығы – «Жеткізілім жоспары») жасауға, онда Вайлдберризге беруді жоспарлап отырған Тауарлардың ассортименті мен саны, Порталда көрсетілген, Тауарды беру жоспарланып отырған қойма немесе Тауарды берудің өзге пункті және Тауарды беру күні туралы шынайы мәліметтерді (Жеткізілім Сатушы Порталда көрсетілген барлық мәліметтердің жиынтығын толтырған сәттен бастап жасалған болып танылады), сондай-ақ Тауар оралатын қораптар бойынша Тауарларды бөлу туралы мәліметтерді көрсетуге, немесе.	которые он планирует передать Вайлдберриз, складе, или ином пункте передачи Товара указанном на Портале, на котором планируется произвести передачу Товара, и дате передачи Товара (Поставка признается созданной с момента заполнения Продавцом на Портале всей совокупности указанных сведений), а также о распределении Товаров по коробам, в которые будет упакован Товар, или
Жеткізілімдерді жасамай QR-кодтарды пайдалана отырып Тауарды берген жағдайда (бұдан әрі - QR-жеткізілім), қораптардағы Тауарлардың ассортименті мен санын нақтыламай, Сатушы Вайлдберризге беруді жоспарлап отырған қораптардың саны туралы шынайы мәліметтерді көрсету.	в случае передачи Товара с использованием QR-кодов без создания Поставок (далее - QR-поставка), указать достоверные сведения о количестве коробов, которые Продавец планирует передать Вайлдберриз, без конкретизации ассортимента и количества Товаров в коробах
2) Тауарды Вайлдберризге беру:	2) Передать Товар Вайлдберриз:
– Жеткізілім жоспары болған жағдайда, Жеткізілім жоспарына келісілген ассортиментте және мөлшерде, сондай-ақ Жеткізілім жоспарында көрсетілген қораптар бойынша бөлуге сәйкес Сатушы Жеткізілім жоспарында көрсеткен және Вайлдберриз Порталда растаған күні, уақытта және жерде, немесе	– в случае наличия Плана поставок в ассортименте и количестве, согласованном в Плане поставок, а также в соответствии с указанным в Плане поставок распределением по коробам в дату, время и место, указанные Продавцом в Плане поставок и подтвержденные Вайлдберриз на Портале, или
– QR-жеткізілімдер кезінде саны Порталда мәлімделгенге сәйкес келетін қораптарда, оларға жапсырылған QR-жеткізілім туралы ақпаратты қамтитын QR-кодтармен, Порталда Вайлдберриз және Сатушы келіскен күн мен жерде.	– при QR-поставках в коробах, количество которых соответствует заявленному на Портале, с наклеенными на них QR-кодами, содержащими информацию о QR-поставке, в дату и место, согласованные Вайлдберриз и Продавцом на Портале.
4.6. Егер Тауар сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалауға жататын болса, Сатушы міндетті:	4.6. В случае если Товар подлежит обязательной маркировке средствами идентификации, Продавец обязан:
1) Вайлдберризге Тауарлардың сәйкестендіру кодтарын немесе СБН (Сәйкестендірудің бірегей нөмірі) беру:	1. Передавать Вайлдберриз коды идентификации или УИН Товаров:
– «WB Қоймасы» (FBW) түрі бойынша сату үшін Тауарды беру кезінде және Сатып алушы қайтарған Тауарды қоймадан сату жағдайында – қабылдау актісін алған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ЭҚЖ (Электрондық құжат айналымы) арқылы жіберілетін, Тауарлардың сәйкестендіру кодтарын немесе СБН қамтитын шот-фактурада;	– при передаче Товара для продажи по типу «Склад WB» (FBW) и в случае продажи со склада Товара, возвращенного Покупателем – в направляемом по ЭДО не позднее 3-х рабочих дней с момента получения акта приемки счете-фактуре, содержащем коды идентификации или УИН Товаров;
– «Маркетплейс» (FBS) тәсілімен сату үшін Тауарды беру кезінде – Тауарларды Вайлдберризге бергенге дейін Порталда сәйкестендіру кодтарын немесе СБН көрсету арқылы.	– при передаче Товара для продажи способом «Маркетплейс» (FBS) – путем указания кодов идентификации или УИН на Портале до передачи Товаров Вайлдберриз.
2) Тауар бірлігінде (топтық қаптамада) осы тармақта көзделген талаптарға сәйкес келетін сәйкестендіру кодының (агрегация кодының) болуын және кодтарды оқуға арналған техникалық құралдармен сәйкестендіру кодын (агрегация кодын) оқу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Сәйкестендіру коды (агрегация коды) келесі талаптарға сәйкес келуі керек:	2. Обеспечить наличие на единице товара (групповой упаковке) кода идентификации (кода агрегации), соответствующего требованиям, предусмотренным настоящим пунктом, и возможность считывания кода идентификации (кода агрегации) техническими средствами для считывания кодов. Код идентификации (код агрегации) должен соответствовать следующим требованиям:
1) Қазақстан Республикасының тауарларды сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалау туралы заңнамасында көзделген талаптарға;	1. Требованиям, предусмотренным законодательством об обязательной маркировке товаров средствами идентификации Республики Казахстан;
2) Ресей Федерациясының тауарларды сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалау туралы заңнамасында көзделген талаптарға, бір мезгілде екі шарт сақталған жағдайда:	2. Требованиям, предусмотренным законодательством об обязательной маркировке товаров средствами идентификации Российской Федерации, при соблюдении одновременно двух условий:
– аталған тауар Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалауға жатпайды, не	– указанный товар не подлежит обязательной маркировке средствами идентификации по законодательству Республики Казахстан, либо

Сатушының Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Тауарға салған таңбасы Ресей Федерациясында тиісті немесе жеткілікті деп танылмайды;	маркировка, нанесенная Продавцом на Товар по законодательству Республики Казахстан не признается надлежащей или достаточной в Российской Федерации;
– аталған тауар Ресей Федерациясының заңнамасы бойынша сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалауға жатады.	– указанный товар подлежит обязательной маркировке средствами идентификации по законодательству Российской Федерации.
Тауарға салынған таңбалау осы тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Вайлдберриз Сатушының қоймасында аталған Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.	В случае несоответствия маркировки, нанесенной на товар указанным в настоящем пункте требованиям, Вайлдберриз вправе отказать в приемке указанного Товара на складе Продавца.
3) Қолданылмайды	3. Не применяется
4.6.1. «Электроника» (смартфондар мен телефондар) санатына жататын Тауарды сатқан жағдайда Сатушы міндетті:	4.6.1. В случае продажи Товара, относящегося к категории «Электроника» (смартфоны и телефоны), Продавец обязан:
a) Тауардың әрбір бірлігіне қатысты мобильді жабдықтың бірегей сәйкестендіргішін (IMEI) көрсету;	a) указывать уникальный идентификатор мобильного оборудования (IMEI) в отношении каждой единицы Товара;
b) Тауардың басқа бірлігіне бұрын берілген мобильді жабдықтың бірегей сәйкестендіргішін (IMEI) қайталамау.	b) не дублировать уникальный идентификатор мобильного оборудования (IMEI), ранее присвоенный другой единице Товара.
4.7. Сатушы Тауарды Вайлдберризге беру кезінде Тауардың, оның қаптамасы мен таңбалауының Тауарды қаптау және таңбалау ережелерінде баяндалған талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті. Аталған Ережелер бұзылған жағдайда Сатушы Тауардың Сатып алушыға берілген сәтіне дейін сақталуына жауапты болады.	4.7. Продавец обязан обеспечить соответствие Товара, его упаковки и маркировки требованиям, изложенным в Правилах упаковки и маркировки Товара, в момент передачи Вайлдберриз Товара. В случае нарушения указанных Правил Продавец несет ответственность за сохранность Товара до момента его передачи Покупателю.
4.8. Сатушы Жеткізілім жоспарына қоспауға және Вайлдберриз қоймасына қалдық жарамдылық мерзімі келесі талаптарға сәйкес келмейтін Тауарларды бермеуге міндеттенеді:	4.8. Продавец обязуется не включать в План поставок и не передавать на склад Вайлдберриз Товары с остаточным сроком годности, не соответствующим следующим требованиям
1) Жарамдылық мерзімі 3 айдан 5 айға дейін (қоса алғанда) болғанда – қалдық мерзім жалпы мерзімнің кемінде 90%-ын құрауы тиіс;	1) При сроке годности от 3 до 5 месяцев (включительно) – остаточный срок должен быть не менее 90% от общего;
2) Жарамдылық мерзімі 5 айдан 12 айға дейін (қоса алғанда) болғанда – қалдық мерзім жалпы мерзімнің кемінде 70%-ын құрауы тиіс;	2) При сроке годности от 5 до 12 месяцев (включительно) – остаточный срок должен быть не менее 70% от общего;
3) Жарамдылық мерзімі 12 айдан 17 айға дейін (қоса алғанда) болғанда – қалдық мерзім жалпы мерзімнің кемінде 60%-ын құрауы тиіс;	3) При сроке годности от 12 до 17 месяцев (включительно) – остаточный срок должен быть не менее 60% от общего;
4) Жарамдылық мерзімі 17 айдан жоғары (қоса алғанда) болғанда – қалдық мерзім жалпы мерзімнің кемінде 50%-ын құрауы тиіс.	4) При сроке годности более 17 месяцев (включительно) – остаточный срок должен быть не менее 50% от общего.
Сатушы «WB Қоймасы» (FBW) түрі бойынша сату кезінде өзінің Вайлдберриз қоймасына берген Тауарларының жарамдылық мерзімінің немесе қызмет ету мерзімінің өтуін бақылауға және жарамдылық мерзімі немесе қызмет ету мерзімі өткен Вайлдберриз қоймасындағы Тауарларды қайтаруға немесе Порталда Тауар Карточкасын орналастыруды тоқтатуға дереу бастамашылық жасауға міндетті. Егер жарамдылық мерзімі немесе қызмет ету мерзімі өткен Тауар сатып алушыға берілсе, Сатушы осы тармақта көрсетілген міндетті бұзды деп танылады.	Продавец обязан контролировать истечение срока годности или срока службы Товаров, переданных им на склад Вайлдберриз, при продажах по типу «Склад WB» (FBW) и незамедлительно инициировать возвращение находящихся на складе Вайлдберриз Товаров с истекшим сроком годности или сроком службы либо прекращение размещения Карточки Товара на Портале. Продавец признается нарушившим указанную в настоящем пункте обязанность, если Товар с истекшим сроком годности или сроком службы передается покупателю.
4.9. Вайлдберриз мына жағдайларда Тауарды қабылдаудан және Тауарға қатысты тапсырманы орындаудан бас тартуға құқылы:	4.9. Вайлдберриз вправе отказаться от приемки Товара и исполнения поручения в отношении Товара в случае, если:
1. Сатушы «Маркетплейс» (FBS) сату кезінде Тауарды беру мерзімін бұзса (4.3-тармақ);	1) Продавец нарушил срок передачи Товара при продажах «Маркетплейс» (FBS) (пункт 4.3);
2. Вайлдберриз Тауар көрсетілген Жеткізілім жоспарын растамаса;	2) Вайлдберриз не подтвердил План поставок, в котором был указан Товар;
3. Сатушы міндетті таңбалауға жататын тауарларға қатысты міндеттердің кез келгенін бұзса (4.6-тармақ);	3) Продавец нарушил любую из обязанностей в отношении товаров, подлежащих обязательной маркировке (пункт 4.6);
4. Сатушы Тауардың, оның қаптамасы мен таңбалауының Тауарды қаптау және таңбалау ережелерінде баяндалған талаптарға немесе Сатушы Жеткізілім жоспарында көрсеткен ассортиментке сәйкестігін қамтамасыз етпесе;	4) Продавец не обеспечил соответствие Товара, его упаковки и маркировки требованиям, изложенным в Правилах упаковки и маркировки Товара, или ассортименту, указанному Продавцом в Плане поставок;
5. мұндай Тауар шартпен (9.2.3-тармақтың 3-тармақшасы) немесе заңмен сатуға тыйым	5) такой Товар относится к товарам, запрещенным к реализации договором (подпункт 3 пункта 9.2.3) или

салынған тауарларға немесе тек «Витрина» (DBS), «Витрина Экспресс» (EDBS) және («Сатушы дүкенінен алып кету» (C&C)) тәсілдерімен сатылуы мүмкін тауарларға жатса.	законом, или к товарам, которые могут быть реализованы исключительно способами «Витрина» (DBS), «Витрина Экспресс» (EDBS) и («Самовывоз из магазина продавца» (C&C).
6. Жеткізілім штрих-кодының болмауына байланысты қабылдауды жүзеге асыру мүмкін болмаса, соның ішінде егер Тауар құрама жүктің құрамында (басқа Сатушылардың жеткізілімдерімен бірге) жеткізілсе және құрама жүктің құрамындағы Сатушылардың жеткізілімдерін жеткізілім штрих-кодтары бойынша сәйкестендіру мүмкіндігі болмаса.	6) Невозможно осуществить приемку в связи с отсутствием штрихкода поставки, в том числе в случае, если Товар поставлен в составе сборного груза (совместно с поставками иных Продавцов) и отсутствует возможность идентифицировать поставки Продавцов в составе сборного груза по штрихкодам поставки.
7. Сатушы 4.14-тармақта көрсетілген міндетті бұзса.	7) Продавец нарушил обязанность, указанную в пункте 4.14.
4.10. Егер Вайлдберриз Тауарды жеткізуді жүзеге асырса және Сатып алушы Тауарды алудан бас тартса, мұндай Тауар Вайлдберриз қоймасында қалады және оны сату «WB Қоймасы» (FBW) түрі бойынша жүзеге асырылатын болады.	4.10. В случае, если Вайлдберриз осуществлял доставку Товара, и Покупатель отказался от получения Товара, такой Товар остается на складе Вайлдберриз и его продажа будет осуществляться по типу «Склад WB» (FBW).
4.11. Проблемалық тауар коэффициентінің (11.6-тармақ) 5% мәнінен асуы бұғаттау үшін негіз болып табылады. Бұғаттау уақытында «Маркетплейс» (FBS) немесе «WB Қоймасы» (FBW) тәсілдерімен сату бұғатталады. Бұл ретте жұмыс істеу үшін Витрина (DBS), Витрина Экспресс (EDBS) және «Сатушы дүкенінен алып кету» (C&C) сату түрлері қолжетімді болады. Бұғатталған күннен бастап Вайлдберриз Сатушыдан қабылдамайды.	4.11. Превышение Коэффициентом проблемного товара (пункт 11.6) значения 5% является основанием для блокировки. На время блокировки продажи способами «Маркетплейс» (FBS) или «Склад WB» (FBW) будут заблокированы. При этом будут доступны для работы типы продажи Витрина (DBS), Витрина Экспресс (EDBS) и «Самовывоз из магазина продавца» (C&C). Со дня блокировки Вайлдберриз не принимает от Продавца.
4.12. Тауарды беру кезінде Тараптар Тауарды қабылдау және қайтару Ережелерін басшылыққа алады.	4.12. При передаче Товара Стороны руководствуются Правилами приемки и возврата Товара.
4.13. Жеке қаптаманы ескере отырып, Тауардың габариттері мен салмағына қарай Тауарлар келесі түрлерге бөлінеді:	4.13. В зависимости от габаритов и веса Товара с учетом индивидуальной упаковки Товары делятся на следующие типы:

Тауар түрі Тип Товара	**МГТ Шағын габаритті тауар МГТ Малогабаритный товар**	**КГТ+ Ірі габаритті тауар КГТ+ Крупногабаритный товар**	**ӨКГТ (СГТ) Өте көлемді габаритті тауар СГТ Сверхгабаритный товар**
Жеке қаптаманы ескере отырып, Тауар бірлігінің салмағы Вес единицы Товара с учетом индивидуальной упаковки	25 кг-ға дейін (қоспағанда), және До 25 кг (не включительно), и	25 кг-ға дейін (қоспағанда), және До 25 кг (не включительно),	Жеке қаптамасы бір қораптан тұратын Тауарлар үшін 25-тен 100 кг-ға дейін (қоса алғанда), немесе Жеке қаптамасы бірнеше қораптан тұратын Тауарлар үшін 25-тен 200 кг-ға дейін (қоса алғанда), немесе От 25 до 100 кг (включительно) для Товаров, индивидуальная упаковка которых состоит из одного короба, или От 25 до 200 кг (включительно) для Товаров, индивидуальная упаковка которых состоит из нескольких коробов, или
Тауардың жеке қаптамасы қабырғаларының әрқайсысының ұзындығы Длина каждой из сторон индивидуальной упаковки Товара	120 см-ге дейін (қоса алғанда), және До 120 см (включительно), и	121-ден 200 см-ге дейін (қоса алғанда), немесе От 121 до 200 см (включительно), или	121-ден 400 см-ге дейін (қоса алғанда), немесе От 121 до 400 см (включительно), или
Тауардың жеке қаптамасының үш	200 см-ге дейін (қоса алғанда)	201-ден 280 см-ге дейін (қоса алғанда)	201-ден 1200 см-ге дейін (қоса алғанда)

	қабырғасының қосындысы Сумма трех сторон индивидуальной упаковки Товара	До 200 см (включительно)	От 201 до 280 см (включительно)	От 201 до 1200 см (включительно)

4.14. Тауарларды сату кезінде Сатушы Тауарды Вайлдберриз қоймаларына беруге рұқсат етілген Тауар түрлеріне қойылатын талаптарды сақтай отырып, Вайлдберриз қоймасына беруге міндетті. Вайлдберриз қоймаларының әрқайсысы үшін рұқсат етілген Тауар түрлері Порталдың мына мекенжайдағы парақшасында анықталған: https://seller.wildberries.ru/warehouse-addresses/warehouses . ӨКГТ (Өте көлемді габаритті тауар) түріне жататын Тауарларды тек ӨКГТ қойма түрі бар қоймадан сату тәсілдерімен сатуға рұқсат етіледі.	4.14. При реализации Товаров Продавец обязан передавать Товар на склад Вайлдберриз Продавец с соблюдением требований к типам Товаров, допустимым для передачи на склады Вайлдберриз. Допустимые типы Товаров для каждого из складов Вайлдберриз определены на странице Портала по адресу: https://seller.wildberries.ru/warehouse-addresses/warehouses. Товары относящиеся к типу СГТ разрешено реализовывать способами продаж только со склада с типом склада СГТ.
5. **Тауар бағасы, есептілік және есеп айырысулар**	**5. Цена Товара, отчетность и расчеты**
5.1. Сатушы Порталда Тауарлардың бағасын дербес белгілейді және өзгертеді. Сатушы Тауарға жеңілдіктер белгілеуге құқылы. Сатушының келісімімен белгіленген жеңілдіктер Сатушы белгілеген жеңілдіктер болып танылады. Вайлдберриз Тауарды сатып алушы тапсырысты рәсімдеген сәтте Порталда Сатушы көрсеткен баға бойынша, Сатушы белгілеген жеңілдіктерді ескере отырып сатады (бұдан әрі – "Сатушының бөлшек бағасы").	5.1. Продавец самостоятельно устанавливает и изменяет цену Товаров на Портале. Продавец вправе устанавливать скидки на Товар. Скидки, установленные с согласия Продавца, признаются скидками, установленными Продавцом. Вайлдберриз реализует Товар по цене, указанной Продавцом на Портале на момент оформления покупателем заказа, с учетом установленных Продавцом скидок (далее – **"Розничная цена Продавца"**).
5.2. Сатушының бөлшек бағасы Тауардың, қаптаманың және таңбалаудың, жеткізудің құнын, осы Шартта көзделген Сатушының өзге де шығыстарын, сондай-ақ барлық қолданылатын жанама салықтарды қамтиды.	5.2. Розничная цена Продавца включает стоимость Товара, упаковки и маркировки, доставки, иные расходы Продавца, предусмотренные настоящим Договором, а также все применимые косвенные налоги.
5.3. Вайлдберриз Сатушының бөлшек бағасына Вайлдберриз жеңілдіктерін қолдану арқылы онымен алдын ала келіспестен, Сатушының Тауарды сату бағасы туралы нұсқауларынан ауытқуға құқылы.	5.3. Вайлдберриз вправе отступать от указаний Продавца цене продажи Товара без предварительного согласования с ним посредством применения скидок Вайлдберриз к Розничной цене Продавца.
5.4. Вайлдберриз Сатушыға Тауарды сатудан түскен ақшалай қаражатты Сатушының бөлшек бағасы мөлшерінде аударады. Егер Вайлдберриз Сатушының бөлшек бағасына Вайлдберриз жеңілдіктерін қолданса, мұндай жеңілдіктер Сатушымен алдын ала келісілген жеңілдіктерді қоспағанда, Вайлдберриз Сатушыға аударуға міндетті соманы азайтпайды.	5.4. Вайлдберриз перечисляет Продавцу денежные средства, вырученные от реализации Товара, в размере Розничной цены Продавца. Если Вайлдберриз применил скидки Вайлдберриз к Розничной цене Продавца, такие скидки не уменьшают сумму, которую Вайлдберриз обязан перечислить Продавцу, за исключением скидок, предварительно согласованных с Продавцом.
5.5. Вайлдберриз Сатушыға Сату туралы есепті (бұдан әрі – «Есеп») Есептік кезең аяқталғаннан кейінгі 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде ұсынады. Есептік кезең 1 (бір) күнтізбелік аптаға тең (бұдан әрі – «Есептік кезең»). Егер 1 (бір) күнтізбелік апта бір мезгілде 2 (екі) күнтізбелік айға сәйкес келсе, Вайлдберриз Сатушыға 2 (екі) Есеп ұсынады. Бұл ретте тиісті Есептік кезеңнің аяқталу күні ретінде күнтізбелік айдың соңғы күні танылады, ал келесі Есептік кезеңнің басталу күні ретінде келесі күнтізбелік айдың бірінші күні танылады. Есептің нысанын Вайлдберриз айқындайды.	5.5. Вайлдберриз предоставляет Продавцу Отчет о продажах (далее - «Отчет») в течение 7 (семи) календарных дней, следующих за Отчетным периодом. Отчетный период равен 1 (одной) календарной неделе (далее – «Отчетный период»), при этом, если 1 (одна) календарная неделя приходится одновременно на 2 (два) календарных месяца, Вайлдберриз предоставляет Продавцу 2 (два) Отчета, где датой окончания соответствующего Отчетного периода признается последний день календарного месяца, а датой начала следующего Отчетного периода признается первый день следующего календарного месяца. Форма Отчета определяется Вайлдберриз.
5.6. Есеп Порталда орналастырылады. Сатушы Есеп орналастырылған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде оған дәлелді ескертулер ұсынуға құқылы. Аталған мерзім өткеннен кейін ескертулер болмаған жағдайда, Сату туралы есеп екі Тараппен бекітілген болып есептеледі.	5.6. Отчет размещается на Портале. Продавец вправе в течение 7 (семи) календарных дней с момента размещения Отчета предоставить мотивированные замечания на него. По истечении указанного срока при отсутствии замечаний Отчет о продажах считается утвержденным обеими Сторонами.
5.7. 5.6-тармақта көрсетілген Есеп екі Тараппен бекітілген сәттен бастап, Сатушы Есепте көрсетілген ақшалай қаражатты төлеуді талап етуге құқылы. Вайлдберриз Сатушыға Тауарды сатып алушыларға	5.7. С момента утверждения Отчета обеими Сторонами, указанного в пункте 5.6, Продавец вправе востребовать выплату указанных в Отчете денежных средств. Вайлдберриз выплачивает

сатудан алынған ақшалай қаражатты Сатушы осындай төлемді талап еткен (Порталда Сатушының жеке кабинетінде электрондық өтінім жасаған) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, егер Сатушы талап еткен сома 2 500 (екі мың бес жүз) теңгеге тең немесе одан асатын болса, төлейді.	Продавцу денежные средства, полученные от реализации Товара покупателям, в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня востребования Продавцом такой выплаты (создания электронной заявки на Портале в личном кабинете Продавца), при условии что сумма, востребованная Продавцом, равна или превышает 2 500 (две тысячи пятьсот) тенге.
5.8. Төлеуге қолжетімді сома (6.9-тармақта көрсетілген ұстап қалуларды ескере отырып) Порталда Сатушының жеке кабинетінде көрсетілген, ол Сатушы Тауарларының сатылымын және оның көрсетілу күніндегі Вайлдберриз алдындағы міндеттемелерін ескереді және күн сайын жаңартылып отырады.	5.8. Доступная к выплате сумма (с учетом удержаний, указанных в пункте 6.9) указана на Портале в личном кабинете Продавца, учитывает продажи Товаров Продавца и его обязательства перед Вайлдберриз на день ее отображения и обновляется ежедневно.
5.9. Вайлдберриз келесі жағдайларда Сатушыға Тауарды сатудан алынған ақшалай қаражатты төлеу бойынша міндеттерді орындауды тоқтата тұруға құқылы:	5.9. Вайлдберриз вправе приостановить исполнение обязанностей по выплате Продавцу денежных средств, полученных от реализации Товара, в случае:
1. Егер Сатушы Вайлдберриз сұрау салуынан кейін 5 (бес) күн ішінде Шарт жасасуды растауды (2.4-тармақ) ұсынбаса не қайтарылатын Тауарды беру орнын таңдау бойынша міндетті орындамаса – бұзушылық жойылғанға дейін, Сатушыны мұндай тоқтата тұру туралы хабардар етпей;	1) Если Продавец не предоставил подтверждение заключения Договора (пункт 2.4) в течение 5 (пяти) дней после запроса от Вайлдберриз либо не исполнил обязанность по выбору места передачи возвращаемого Товара – до устранения нарушения без уведомления Продавца о такой приостановке;
2. Егер Вайлдберриз Сатушыны Шарт талаптарын, тұтынушылардың құқықтарын немесе заңнаманы бұзу белгілері бар мүмкін жосықсыз мінез-құлық тұрғысынан тексеруді бастаса – бір рет (қайта тоқтата тұру мүмкіндігінсіз) 21 күнге дейінгі мерзімге.	2) Если Вайлдберриз начал проверку Продавца на предмет возможного недобросовестного поведения, имеющего признаки нарушения условий Договора, прав потребителей или законодательства - однократно (без возможности повторной приостановки) на срок до 21 дня.
3. Егер Сатушы Порталда тіркелу кезінде берген кепілдіктерін бұзса (2.5-т., 9.1.9-т.) – Сатушыны мұндай тоқтата тұру туралы хабардар етпей, бұзушылық жойылғанға дейін	3) Если Продавец нарушил заверения, данные им при регистрации на Портале (п. 2.5, п. 9.1.9.) – до устранения нарушения без уведомления Продавца о такой приостановке
5.9.1. 5.9-тармақтың 2-тармақшасын қолдану мақсатында сатушылардың мүмкін жосықсыз мінез-құлқының белгілері мыналар болып табылады:	5.9.1. В целях применения пп. 2 п. 5.9. признаками возможного недобросовестного поведения продавцов являются:
5.9.1.1. Сатушының Порталмен өзара іс-қимылының барлық кезеңдерінде Тауар Карточкасында мәлімделген Тауар сипаттамалары (кескін, сипаттама, тауар санаты және Тауар Карточкасында көрсетілген Тауарды сату туралы ұсыныстың өзге де сипаттамалары) мен Тауардың іс жүзіндегі сипаттамалары немесе Тауарды сату туралы ұсыныстың өзге де сипаттамалары арасында елеулі сәйкессіздіктерді анықтау;	5.9.1.1. обнаружение существенных несоответствий между заявленными в Карточке Товара характеристиками Товара (изображение, описание, товарная категория и иные характеристики предложения о продаже Товара, указанные в Карточке товара) и фактических характеристик Товара или иных характеристик предложения о продаже Товара на всех этапах взаимодействия Продавца с Порталом;
5.9.1.2. Тауар Карточкасында бастапқыда көрсетілген Тауар сипаттамаларымен салыстырғанда Тауар Карточкасындағы Тауар сипаттамаларының елеулі өзгеруі (мысалы, Тауар мақсатының елеулі өзгеруі);	5.9.1.2. существенное изменение характеристик Товара в Карточке Товара по сравнению с характеристиками Товара, изначально указанными в Карточке Товара (например, существенное изменение назначения Товара);
5.9.1.3. Сатушының Порталды пайдалана отырып, сатып алушымен Порталдағы Тауарлардың тиісті санатындағы тауарлардың орташа бағалары деңгейінен 500%-дан астам асатын Тауар бағасы бойынша мәміле жасауы;	5.9.1.3. совершение продавцом с использованием Портала сделки с покупателем по цене Товара, более чем на 500% превышающей уровень средних цен товаров в соответствующей категории Товаров на Портале;
5.9.1.4. Тауар сатып алушының және/немесе Вайлдберриз қоймасы қызметкерінің және/немесе тапсырысты беру пункті қызметкерінің Тауар сатушысымен ықтимал өзара байланысын анықтау, егер бұл ретте мұндай өзара байланыс алдау және/немесе өзге де құқыққа сыйымсыз әрекеттерді жасау үшін пайдаланылады немесе пайдаланылуы мүмкін деп пайымдауға негіз болса;	5.9.1.4. обнаружение потенциальной взаимосвязи покупателя Товара и/или сотрудника склада Вайлдберриз и/или сотрудника пункта выдачи заказа с продавцом Товара, если при этом есть основания полагать, что такая взаимосвязь используется или может быть использована для совершения обманных и/или иных неправомерных действий;
5.9.1.5. Сатушы Тауары сатылымының ауытқымалы серпінін анықтау (мысалы, маусымдық, мерекелер, жаппай сатылым факторларымен және/немесе сұранысқа объективті әсер ететін өзге де факторлармен шартталмаған Тауарлар сатылымының еселеп өсуі; объективті экономикалық факторлармен шартталмаған	5.9.1.5. обнаружение аномальной динамики продаж Товара продавца (например, кратный рост продаж Товаров, не обусловленный факторами сезонности, праздников, распродаж и/или иными факторами, объективно влияющими на спрос; кратное изменение средней цены единицы проданного товара, не обусловленное

сатылған тауар бірлігінің орташа бағасының еселеп өзгеруі; Тауар сатылымының ауытқымалы серпінін куәландыратын өзге де мән-жайлар).	объективными экономическими факторами; иные обстоятельства, свидетельствующие об аномальной динамике продаж Товара).
5.10. Егер:	5.10. В случае если:
– Вайлдберриз сатып алушыға Тауар үшін ақшалай қаражатты қайтарса,	– Вайлдберриз вернул покупателю денежные средства за Товар,
– Тауарды сатып алушы ол төленгенге дейін қайтарса немесе	– Товар был возвращен покупателем до его оплаты или
– Сатып алушы Тауарды Вайлдберризге байланысты емес себептер бойынша төлемесе,	– Покупатель не оплатил Товар по независящим от Вайлдберриз причинам,
Вайлдберриз мұндай Тауарды Есептің "Қайтарулар" бөлімінде көрсетеді (егер бұрын Тауар Есепте сатылған ретінде көрсетілген болса) және Сатушыға мұндай Тауар үшін ақшалай қаражатты аудармайды. Егер Вайлдберриз ақшалай қаражатты аударып қойған болса, онда:	Вайлдберриз указывает такой Товар в разделе "Возвраты" Отчета (если ранее Товар был указан в Отчете как реализованный) и не перечисляет Продавцу денежные средства за такой Товар. Если Вайлдберриз уже перечислил денежные средства, то:
1) Вайлдберриз соманы сол және кейінгі есепті кезеңдерде 6.9-тармақта көзделген тәртіппен ұстап қалуға құқылы; немесе,	1) Вайлдберриз вправе удержать сумму в том же и последующих отчетных периодах в порядке, предусмотренном пунктом 6.9; или,
2) Егер көрсетілген соманы ұстап қалу сол есепті кезеңде жүзеге аспаса, Сатушыдан Порталдағы Сатушының жеке кабинетінде берешек туралы ақпаратты орналастыру арқылы қате төленген соманы талапты алған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде қайтаруды талап етуге құқылы.	2) Если удержание указанной суммы в том же отчетном периоде не состоялось, потребовать от Продавца путем размещения в личном кабинете Продавца на Портале информации о задолженности возвратить неверно уплаченную сумму в течение 5 (пяти) дней с даты получения требования.
5.11. Осы Шарт бойынша есеп айырысулар қазақстандық теңгемен жүзеге асырылады, Шарт мәтінінде барлық бағалар қазақстандық теңгемен көрсетілген. Вайлдберриздің төлем міндеттемелері ақшалай қаражат Вайлдберриздің есеп айырысу шотынан есептен шығарылған күннен бастап орындалған болып есептеледі.	5.11. Расчеты по настоящему Договору осуществляются в казахстанских тенге, все цены указаны в тексте Договора в казахстанских тенге. Платежные обязательства Вайлдберриз считаются исполненными с даты списания денежных средств с расчетного счета Вайлдберриз.
6. **Сыйақы және Сатушының өзге де төлемдері**	**6. Вознаграждение и иные выплаты Продавца**
6.1. Сыйақы (6.2-тармақ), Сатушы өтейтін шығындар (6.3-тармақ), көрсетілген қызметтердің құны (6.7-тармақ), тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар) және Сатушы өтейтін залалдар сомалары, сондай-ақ Сатушының Вайлдберриз алдындағы өзге де міндеттемелерінің сомалары Тауарларды сатудан түскен және Сатушыға аударылуға жататын ақшалай қаражаттан ұстап қалынады.	6.1. Вознаграждение (п. 6.2), возмещаемые Продавцом издержки (пункт 6.3), стоимость оказанных услуг (пункт 6.7), суммы неустоек (штрафов) и возмещаемых Продавцом убытков, а также суммы иных обязательств Продавца перед Вайлдберриз удерживаются из денежных средств, вырученных от реализации Товаров и подлежащих перечислению Продавцу.
6.2. Сатушы Сатушының атынан Тауарды сатқаны үшін Вайлдберризге Сыйақы төлеуге міндеттенеді. Сыйақыны есептеу Сыйақыны есептеу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.	6.2. Продавец обязуется уплатить Вайлдберриз Вознаграждение за реализацию Товара от имени Продавца. Расчет Вознаграждения осуществляется в соответствии с Правилами расчета Вознаграждения.
6.3. Сатушы тапсырманы орындауға жұмсалған және Вайлдберриз Есепке қосқан шығындарды Вайлдберризге өтеуге міндеттенеді. Сыйақыны есептеу ережелерінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Вайлдберриз Сатушыға шығындардың болғанын растайтын құжаттарды ұсынбайды.	6.3. Продавец обязуется возместить Вайлдберриз издержки, понесенные на исполнение поручения и включенные Вайлдберриз в Отчет. Вайлдберриз не предоставляет Продавцу документы, подтверждающие несение издержек, за исключением случаев, указанных в Правилах расчета Вознаграждения.
6.4. Тапсырманы орындау кезінде Вайлдберриз Сатушыға қызмет көрсетеді, ал Сатушы келесі қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді:	6.4. При исполнении поручения Вайлдберриз оказывает Продавцу, а Продавец обязуется оплатить услуги по:
1) Тауарды пайдаланушыға жеткізуді ұйымдастыру; пайдаланушы Тауардан бас тартқан жағдайда Тауарды пайдаланушыдан Вайлдберриз қоймасына немесе Сатушының қоймасына жеткізу; егер Вайлдберриз немесе Сатушы сатылмаған Тауарды қайтару туралы мәлімдесе, Тауарды Сатушыға жеткізу; РФ аумағында орналасқан тапсырысты беру пунктінен Сатушы талап етпеген Тауарды Вайлдберриз қоймасына жеткізу;	1) организации доставки Товара Покупателю; доставки Товара от Покупателя на склад Вайлдберриз или склад Продавца в случае отказа Покупателя от Товара; доставки товара Продавцу, если Вайлдберриз или Продавец заявили о возврате нереализованного Товара; доставки невостребованного Продавцом Товара из ПВЗ, расположенного на территории РФ, на склад Вайлдберриз;
2) Тауарды Вайлдберриз қоймасында сақтауға;	2) хранению Товара на складе Вайлдберриз;
3) Сатушы Тауарды Вайлдберриз қоймасында, Вайлдберриздің сұрыптау орталығында, серіктестік тауарларды қабылдау пунктінде (бұдан әрі – ТҚП), серіктестік фулфилмент-орталығында (бұдан әрі – ПФО), ТБП-да немесе Вайлдберризге Тауарды	3) обработке Товара в случае передачи Продавцом Товара на складе Вайлдберриз, в сортировочном центре Вайлдберриз, в партнерском пункте приема товаров (далее – ППТ), партнерском фулфилмент-центре (далее – ПФЦ), ПВЗ или в ином пункте приема Товара Вайлдберриз;

берудің өзге пунктінде берген жағдайда Тауарды өңдеу	
4) Сатушы қораптарды ТКП-ға, ТБП-ға бер-ген кезде қорапты қоймалық өңдеуге дайындау	4) подготовке короба к складской обработке при передаче Продавцом коробов в ППТ, ПВЗ
5) Тауарды кәдеге жаратуды ұйымдастыру;	5) организации утилизации Товара;
6) Порталда қосымша функционалды ұсынуға;	6) предоставлению дополнительного функционала на Портале;
7) Сайтта Тауарларды жылжытуға: «WB.Продвижение (WB.Жылжыту)»	7) продвижению Товаров на Сайте: «WB.Продвижение»
6.5. Қызметтерді көрсету және олардың құнын есептеу тәртібі Қызмет көрсету ережелерінде айқындалған. 6.4-тармақта көзделген қызметтерді көрсетуге Сатушының тапсырмасы Шарт жасалған сәттен бастап қолданылады.	6.5. Порядок оказания и расчета стоимости услуг определен в Правилах оказания услуг. Задание Продавца на оказание услуг, предусмотренных пунктом 6.4, действует с момента заключения Договора.
6.6. Сыйақы мөлшері Шарттың 12-бөліміне сәйкес айқындалады. Вайлдберриз қызметтерінің бағасы Шарттың 13-бөліміне және келесі шарттарға сәйкес айқындалады:	6.6. Размер Вознаграждения определяется в соответствии с разделом 12 Договора. Цена услуг Вайлдберриз определяется в соответствии с разделом 13 Договора и следующими условиями:
6.6.1. Қызметтердің бағасы есептелетін тарифтердің мөлшерлері Порталдың мына парақшасында орналастырылған: https://seller.wildberries.ru/dynamic-product-categories/delivery , сондай-ақ жекелеген қызметтер туралы талаптарда көзделген кезде Порталдың өзге де парақшаларында.	6.6.1. Размеры тарифов, на основании которых рассчитывается цена услуг, размещены на странице Портала: https://seller.wildberries.ru/dynamic-product-categories/delivery , а также иных страниц Портала, когда это предусмотрено условиями об отдельных услугах.
6.6.2. Тауарды сатып алушыға дейін жеткізу («WB Қоймасы» (FBW) және Маркетплейс (FBS) сату тәсілдері кезінде) және сақтау қызметтерінің бағасы тиісті қызмет көрсетілетін Тауардың қай қоймада орналасқанына байланысты, осыған орай мұндай қызметтердің бағасы 13.1.9, 13.1.10 және 13.2.4-тармақтарда көрсетілгендей, тарифке қолданылатын коэффициенттерге тәуелді болады.	6.6.2. Цена услуг по доставке Товара до покупателя (при способе продаж «Склад WB» (FBW) и Маркетплейс (FBS)) и хранения зависит от того, на каком складе находится Товар, в отношении которого оказывается соответствующая услуга, в связи с чем цена таких услуг зависит от применяемых к тарифу коэффициентов, как это указано в пунктах 13.1.9, 13.1.10 и 13.2.4.
6.6.3. Тауарды сатып алушыға дейін жеткізу («WB Қоймасы» (FBW) және Маркетплейс (FBS) сату тәсілдері кезінде) және сақтау қызметтерінің бағасы Сатушы Жеткізілімді жасаған сәтте қолданыста болған, Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген қойма коэффициенті негізінде есептеледі. Аталған коэффициент Тарифті бекіту кезеңі ішінде көрсетілген қызметтердің бағасын есептеу үшін қолданылады, ол мынаны құрайды:	6.6.3. Цена услуг по доставке Товара до покупателя (при способе продаж «Склад WB» (FBW) и Маркетплейс (FBS)) и по хранению рассчитывается на основании действующего на момент создания Продавцом Поставки коэффициента склада, в котором Продавец передал Товар Вайлдберриз. Указанный коэффициент применяется для расчета цены услуг, оказанных в течение Периода фиксации тарифа, составляющего:
1. Тауарды сатып алушыға дейін жеткізу қызметтері үшін («WB Қоймасы» (FBW) сату тәсілі кезінде) Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген сәттен бастап 90 күн – спорттық киім, аяқ киім, сәбилерге арналған аксессуарлар, сәбилерге арналған киім, сәбилерге арналған іш киім, киім, бас киімдер санаттарындағы Тауарлар үшін; Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген сәттен бастап 60 күн – қалған санаттардағы Тауарлар үшін.	1) Для услуг по доставке Товара до покупателя (при способе продаж «Склад WB» (FBW)) 90 дней с момента передачи Продавцом Товара Вайлдберриз - для Товаров категорий спортивная одежда, обувь, аксессуары для малышей, одежда для малышей, белье для малышей, одежда, головные уборы; 60 дней с момента передачи Продавцом Товара Вайлдберриз – для Товаров остальных категорий.
2. Тауарды сақтау қызметтері үшін – Сатушы Тауарды Вайлдберриз-ке берген сәттен бастап Тауар пайдаланушыға сатылғанға, Тауар Сатушыға қайтарылғанға немесе Тауарды кәдеге жаратуды ұйымдастыру қызметі көрсетілгенге дейінгі уақыт кезеңі.	2) Для услуг по хранению Товара – период времени с момента передачи Продавцом Товара Вайлдберриз до момента реализации Товара покупателю, возврата Товара Продавцу или услуги по организации утилизации Товара.
6.6.4. Егер Сатушы Вайлдберризге Тауарды Жеткізілімде көрсетілгеннен асатын мөлшерде берсе немесе Жеткізілімде көрсетілген Тауармен бір мезгілде Жеткізілімде көрсетілмеген Тауарды берсе және Вайлдберриз мұндай Тауарды қабылдаса, мұндай Тауарға 6.6.3-тармақтың ережелері ол Жеткізілімде көрсетілгендей қолданылады.	6.6.4. В случае, если Продавец передал Вайлдберриз Товар в количестве, превышающем указанное в Поставке, или одновременно с Товаром, указанным в Поставке, передал Товар, не указанный в Поставке, и Вайлдберриз приняло такой Товар, к такому Товару применяются положения пункта 6.6.3 так, как если бы он был указан в Поставке.
6.6.5. Егер Сатушы Тауарды Жеткізілімде тиеп-жөнелту күні ретінде көрсетілген күнді бұзып берсе, Тарифті бекіту кезеңі ішінде көрсетілген қызметтердің бағасын есептеу үшін Сатушы Тауарды беру сәтінде қолданыста болған, Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген қойма коэффициенті қолданылады.	6.6.5. Если Продавец передал Товар с нарушением даты, указанной в Поставке в качестве даты отгрузки, для расчета цены услуг, оказанных в течение Периода фиксации тарифа, применяется коэффициент склада, в котором Продавец передал Товар Вайлдберриз, действующий на момент передачи Товара Продавцом.

6.6.6. Тарифті бекіту кезеңі аяқталғаннан кейін қызметтердің бағасы Тауарды сатып алушыға дейін жеткізу қызметі көрсетілген сәтте қолданыста болған, Тауар берілген қойма коэффициенті негізінде айқындалады.	6.6.6. После истечения Периода фиксации Тарифа, цена услуг определяется на основании коэффициента склада, на который Товар был передан, действующего на момент оказания услуги по доставке Товара до покупателя.
6.6.7. Порталда орналастырылған "Тарифтер калькуляторы" функционалы Сатушыға қызметтердің шамамен алдын ала құнын есептеу мүмкіндігін береді және қызметтердің онда көрсетілген баға бойынша көрсетілуіне кепілдік бермейді.	6.6.7. Функционал "Калькулятор тарифов", размещенный на Портале, предоставляет Продавцу возможность рассчитать приблизительную предварительную стоимость услуг и не гарантирует оказание услуг по указанной в нем цене.
6.7. Көрсетілген қызметтердің көлемі мен құны Вайлдберриздің ішкі электрондық жүйесінде Тауармен жасалатын операцияларды автоматты түрде есепке алу нәтижесінде алынған мәліметтер негізінде Есепте айқындалады. Қызметтер Тараптар Есепті бекіткен сәттен бастап (5.6-тармақ) Сатушы тиісті түрде көрсетілген деп қабылдаған болып есептеледі.	6.7. Объем и стоимость оказанных услуг определяется в Отчете на основании сведений, полученных в результате автоматического учета операций с Товаром во внутренней электронной системе Вайлдберриз. Услуги считаются принятыми Продавцом как надлежащим образом оказанные с момента утверждения Сторонами Отчета (пункт 5.6).
6.8. Вайлдберриз Сатушы күшейтілген білікті электрондық қолтаңбасы бар электрондық құжат айналымы жүйесіне (бұдан әрі – «Жүйе») қосылған жағдайда шот-фактураларды электрондық түрде ұсынады. Сатушы Жүйеге мұндай қосылу болмаған жағдайда Вайлдберриздің шот-фактураларды уақтылы ұсынбағанына сілтеме жасауға құқылы емес.	6.8. Вайлдберриз выставляет счета-фактуры в электронном виде при условии подключения Продавца к системе электронного документооборота (далее – «Система») с усиленной квалифицированной электронной подписью. Продавец не вправе ссылаться на несвоевременное выставление Вайлдберриз счетов-фактур в случае отсутствия такого подключения к Системе.
6.9. 6.1-тармақта көрсетілген сомаларды төлеу туралы Вайлдберриздің Сатушыға қоятын талаптары және Тауар үшін түскен ақшалай қаражатты аудару туралы, сондай-ақ кез келген басқа сомаларды, соның ішінде залалдарды өтеу туралы талаптарды қоса алғанда, төлеу туралы Сатушының Вайлдберризге қоятын талаптары Есепте осындай талаптардың сомалары көрсетілген сәтте сальдоланады (өзара есепке алынады). Мұндай сальдолау тиісті бөліктегі талаптарды тоқтатады және Тараптардың кез келгенінен қосымша өтініштерсіз автоматты түрде жүзеге асады. Мұндай сальдолау нәтижелері бойынша:	6.9. Требования Вайлдберриз к Продавцу об уплате сумм, указанных в пункте 6.1, и требования Продавца к Вайлдберриз о перечислении вырученных за Товар денежных средств, а также уплате любых других сумм, включая требования о возмещении убытков сальдируются в момент указания сумм таких требований в Отчете. Такое сальдирование прекращает требования в соответствующей части и происходит автоматически без дополнительных заявлений от любой из Сторон. По результатам такого сальдирования:
1) Егер Сатушы талаптарының сомасы көп болса, Вайлдберриз ұстап қалулардан кейінгі қалған соманы Шартта көзделген тәртіппен аударады (5.7-тармақ).	1) Если сумма требований Продавца была больше, Вайлдберриз перечисляет оставшуюся после удержаний сумму в предусмотренном Договором порядке (пункт 5.7).
2) Егер Вайлдберриз талаптарының сомасы көп болса, Сатушы айырмашылық сомасын ұстап қалулар жүргізілген Есепті алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті немесе Вайлдберриз келесі Есеп негізінде қалған сомада ұстап қалуларды жүзеге асыруға құқылы.	2) Если сумма требований Вайлдберриз была больше, Продавец обязан уплатить сумму разницы в течение 10 (десяти) рабочих дней с момента получения Отчета, в котором производились удержания, или Вайлдберриз вправе осуществить удержания в оставшейся сумме на основании следующего Отчета.
6.10. Егер Сатушының сыйақы төлеу, қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемесі немесе Шарт бойынша кез келген өзге ақшалай міндеттемесі 6.9-тармақтың 2-тармақшасында көзделген мерзімде орындалмаған, оның ішінде сальдолау (сальдирование) тәртібімен тоқтатылмаған (бұдан әрі Шарттың 20-бөлімінде – «мерзімі өткен міндеттеме») жағдайда, Сатушының Тауарлары мұндай міндеттеме орындалғанға дейін ұстап қалынады. Мұндай ұстап қалудың тәртібі мен салдары Шарттың 20-бөлімінде белгіленген.	6.10. В случае, если обязательство Продавца по уплате вознаграждения, оплате услуг или любое иное денежное обязательство Продавца по Договору не было исполнено в срок, предусмотренный подпунктом 2 пункта 6.9, в том числе не было прекращено в порядке сальдирования (далее в разделе 20 Договора – «просроченное обязательство»), Товары Продавца удерживаются до исполнения такого обязательства. Порядок и последствия такого удержания установлены разделом 20 Договора.
7. **Шартты өзгерту**	**7. Изменение Договора**
7.1. Вайлдберриз Шартқа біржақты тәртіпте өзгерістер және/немесе толықтырулар (бұдан әрі – Өзгерістер) енгізуге құқылы.	7.1. Вайлдберриз вправе в одностороннем порядке вносить изменения и/или дополнения (далее – Изменения) в Договор.
7.2. Өзгерістер мына уақыттан бастап, 00 сағат 00 минуттан күшіне енеді:	7.2. Изменения вступают в силу с 00 часов 00 минут:
1) Өзгерістер енгізу туралы хабарламада көрсетілген күннен; бұл ретте, егер Өзгерістер сыйақы сомаларын, өтелетін шығындарды, осы тармақтың 2-тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қызметтердің құнын, тұрақсыздық	1) Дня, указанного в уведомлении о внесении Изменений; при этом, если Изменения содержат изменение порядка расчета сумм вознаграждения, возмещаемых издержек, стоимости услуг за исключением случаев, указанных в подпункте 2

айыбын есептеу тәртібін өзгертуді қамтитын болса, онда мұндай күн Өзгерістер енгізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап 3 (үш) толық тәулік өткенге дейін туындамауы тиіс;	настоящего пункта, неустоек, то такой день не должен наступать ранее чем по истечении 3 (трех) полных суток с даты опубликования уведомлении о внесении Изменений;
2) Егер Тарифтің және/немесе Тарифтердің шамасы өзгеретін болса, Порталда Өзгерістер енгізу туралы хабарлама жарияланған күннен кейінгі күннен, егер хабарламада неғұрлым кейінгі күн көрсетілмесе;	2) Дня, следующего за днем опубликования на Портале уведомления о внесении Изменений, если изменяется величина Тарифа и/или Тарифов, если более поздняя дата не указана в уведомлении;
3) Порталда Өзгерістер енгізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап төртінші күннен – егер мұндай хабарламада олардың күшіне енуінің өзге күні көрсетілмесе.	3) Четвертого дня с даты опубликования на Портале уведомления о внесении Изменений – если в таком уведомлении не указана иная дата вступления их в силу.
7.3. Өзгерістер енгізу туралы хабарлама Өзгерістердің мазмұнын, Өзгерістер мәтінін немесе Өзгерістерді ескере отырып Шарт мәтінін көрсете отырып, жаңалық түрінде жарияланады.	7.3. Уведомление о внесении Изменений публикуется в виде новости с указанием на содержание Изменений, текстом Изменений или текстом Договора с учетом Изменений.
7.4. Шарттың 7.2 және 7.3-тармақтарының ережелері мән-жайлардың өзгеруіне және Сатушының осындай Тарифтер тәуелді болатын әрекеттерді жасауына байланысты, сондай-ақ осындай Тарифтерді автоматты түрде қайта есептеуге байланысты орын алатын Тарифтер өзгерген кезде қолданылмайды. Бұл жағдайда Тариф Порталда жарияланған сәттен бастап қолданылады.	7.4. Правила пунктов 7.2 и 7.3 Договора не применяются при изменении Тарифов, происходящем в связи с изменением обстоятельств и совершении Продавцом действий, от которых такие Тарифы зависят, а также в связи с автоматическим пересчетом таких Тарифов. В этом случае Тариф применяется с момента его опубликования на Портале.
8. **Қорытынды ережелер**	**8. Заключительные положения**
8.1. Тараптардың кез келген хат-хабарлары, соның ішінде хабарламаларды, талаптарды (претензияларды), бастапқы құжаттарды жіберу тек Портал арқылы жүзеге асырылады. Байланыстың кез келген өзге құралдарымен жеткізілген хабарлама немесе құжаттар олардың көшірмесі Портал арқылы жіберілген жағдайда ғана екінші тарап алды деп танылады.	8.1. Любая переписка сторон, включая направление уведомлений, претензий, первичных документов, осуществляется исключительно через Портал. Сообщение или документы доставленные любыми иными средствами связи признаются полученными другой стороной только при условии направления их копии посредством Портала.
8.2. Тараптардың әрқайсысы Шартты орындаудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, бұл ретте Вайлдберриз Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Вайлдберриз Шартты орындаудан бас тартқан жағдайларда Сатушы Вайлдберриз белгілеген мерзімде Вайлдберризден Тауарды қабылдап алуға және әкетуге міндетті.	8.2. Каждая из сторон имеет право отказаться от исполнения Договора полностью или в части, при этом Вайлдберриз вправе отказаться от исполнения Договора. В случаях отказа Вайлдберриз от исполнения Договора Продавец обязан принять от Вайлдберриз и вывезти Товар в установленный Вайлдберриз срок.
8.3. Үшінші тұлғалар тарапынан Вайлдберризге мыналарға байланысты қандай да бір талаптар (претензиялар), сұраныстар, талап арыздар қойылған жағдайда:	8.3. В случае предъявления к Вайлдберриз каких-либо претензий, требований, исков со стороны третьих лиц, связанных с:
– Тауарды азаматтық айналымға заңсыз енгізуден, Тауарға қатысты осы үшінші тұлғалар құқық иеленушілері болып табылатын тауар белгілерін заңсыз пайдаланудан туындаған олардың айрықша құқықтарының бұзылуы, немесе	– нарушением их исключительных прав, вызванных неправомерным введением Товара в гражданский оборот, незаконным использованием в отношении Товара товарных знаков, правообладателями которых являются данные третьи лица, или
– Тауардың Шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен кепілдіктерге сәйкес келмеуі, немесе	– несоответствием Товара требованиям и гарантиям, установленным Договором или законодательством Республики Казахстан, или
– шындыққа жанаспайтын/жалған/Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін/Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып алынған сәйкестік сертификаттарын/декларацияларын ұсыну, не Сатушының Шартта белгіленген құжаттарды ұсыну мерзімін бұзуы,	– предоставления недостоверных/поддельных/не соответствующих требованиям законодательства Республики Казахстан/полученных с нарушением требований законодательства Республики Казахстан сертификатов/деклараций соответствия, либо нарушения Продавцом установленного Договором срока предоставления документов,
Вайлдберриз талап (претензия), сұраныс немесе талап арыз қойған тұлғаға Тауар Сатушысы туралы мәліметтерді, соның ішінде атауын, мекенжайын, ЖСН/БСН (ИИН/БИН), электрондық пошта мекенжайын және байланыс телефонын беруге құқылы, ал Сатушы Вайлдберризге мұндай талаптарды (претензияларды), сұраныстарды, талап арыздарды реттеуде қажетті жәрдем көрсетуге, сондай-ақ Вайлдберризге осындай талаптардан (претензиялардан), сұраныстардан және талап арыздардан туындаған оның шеккен барлық залалдарын, соның ішінде, бірақ онымен шектелместен, айыппұлдар мен өтемақылар сомаларын және осындай бұзушылықпен тікелей немесе жанама байланысты іс	Вайлдберриз вправе передать лицу, предъявившему претензию, требование или иск, сведения о Продавце Товара, включая наименование, адрес, ИИН/БИН, адрес электронной почты и контактный телефон, а Продавец обязуется оказывать Вайлдберриз необходимое содействие в урегулировании таких претензий, требований, исков, а также возместить Вайлдберриз все понесенные им убытки, вызванные такими претензиями, требованиями и исками, включая, но не ограничиваясь, суммы штрафов и компенсаций и иные суммы, взысканные судебным актом, вынесенным по делу, прямо или косвенно связанным с таким нарушением, в срок, не превышающий 7 (Семь) рабочих дней

бойынша шығарылған сот актісімен өндіріп алынған өзге де сомаларды Вайлдберризден тиісті құжатпен расталған талапты алған күннен бастап 7 (Жеті) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеуге міндеттенеді.	с даты получения от Вайлдберриз соответствующего документально подтвержденного требования
8.4. Вайлдберриз Сатушының немесе үшінші тұлғалардың жанама залалдары немесе жіберіп алған пайдасы үшін, Вайлдберриз мұндай залалдардың келтірілуін болжай алғанына немесе болжай алмағанына қарамастан, жауапты болмайды.	8.4. Вайлдберриз не несет ответственности за косвенные убытки или упущенную выгоду Продавца или третьих лиц, независимо от того, могло ли Вайлдберриз предвидеть причинение таких убытков.
8.5. Шарт жасалған сәттен бастап Сатушы Вайлдберризге Сатушы Вайлдберризге берген Тауарға қатысты Сатушының мүдделерін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, Ішкі істер министрлігі, (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тергеу органдары), полиция органдары, Қазақстан Республикасының Прокуратурасы алдында білдіруге, атап айтқанда, түсініктемелер, түсіндірмелер беруге, қажетті анықтамалар мен құжаттарды жинауға және тапсыруға, құжаттардың көшірмелерін куәландыруға, қылмыстық істердің материалдарымен танысуға, қылмыстық істер материалдарынан үзінділер алуға және көшірмелерін түсіруге, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша іс жүргізу және Сатушы Тауарының ұрлануы, жоғалуы, жойылуы және бүлінуі фактілері бойынша тексерулер кезінде Сатушының мүдделерін қорғау үшін қажетті өзге де әрекеттерді орындауға өкілеттік береді. Құқық қорғау органдарына жүгінген кезде Сатушының Вайлдберризге Тауарды беруі шот-фактурамен немесе жоғалту туралы есептің Вайлдберриз куәландырған көшірмесімен расталуы мүмкін.	8.5. С момента заключения Договора Продавец уполномочивает Вайлдберриз представлять интересы Продавца в отношении переданного Продавцом Вайлдберриз Товара перед правоохранительными органами Республики Казахстан, Министерством внутренних дел, Следственным комитетом Республики Казахстан, органами полиции Прокуратурой Республики Казахстан, а именно, давать объяснения, пояснения, собирать и подавать необходимые справки и документы, заверять копии документов, знакомиться с материалами уголовных дел, получать выписки и снимать копии с материалов уголовных дел, а также выполнять иные действия необходимые для защиты интересов Продавца при производстве по уголовным делам и проверках по фактам хищения, утраты, гибели и повреждения Товара Продавца. При обращении в правоохранительные органы передача Продавцом Вайлдберриз Товара может быть подтверждена счет-фактурой или заверенной Вайлдберриз копией отчета об утрате.
8.6. Шартты жасасуға, орындауға, тоқтатуға және оның жарамдылығына байланысты Шарт тараптарының қатынастарына Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.	8.6. К отношениям сторон Договора, связанным с заключением, исполнением, прекращением и действительностью Договора, применяется право Республики Казахстан.
8.7. Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер сотқа дейінгі талап қою (претензиялық) тәртібімен реттелуге жатады. Вайлдберриз атына талап (претензия) Портал арқылы «Қолдау» бөлімінде, «Талаптар» санаты - «Сотқа дейінгі талап» арқылы жіберіледі. Екінші Тарап қойылған талапқа оны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жауап беруге міндетті. Тараптар талаптарға жауапты электрондық пошта арқылы ұсынуға рұқсат етеді. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау «ИМВБКЗ» ЖШС-нің мемлекеттік тіркелген жері бойынша Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында орыс tilinde және Қазақстан Республикасының материалдық құқық нормаларына сәйкес шешілуге жатады.	8.7. Все споры и разногласия, возникающие между Сторонами по Договору или в связи с ним, подлежат досудебному претензионному урегулированию. Претензия в адрес Вайлдберриз направляется через Портал в разделе «Поддержка», категория «Претензии» - «Досудебная претензия». Другая Сторона обязана ответить на предъявленную претензию в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня ее получения. Стороны допускают предоставление ответа на претензии посредством электронной почты. В случае недостижения согласия спор подлежит разрешению в Специализированном межрайонном экономическом суде города Алматы по месту государственной регистрации ТОО «ИМВБКЗ» на русском языке и в соответствии с нормами материального права Республики Казахстан.
8.8. Осы Офертаның ажырамас бөліктері мыналар болып табылады:	8.8. Неотъемлемыми частями настоящей Оферты являются:
1) Порталды пайдалану ережелері;	1) Правила использования Портала;
2) Қаптау және таңбалау ережелері;	2) Правила упаковки и маркировки;
3) Қабылдау және қайтару ережелері;	3) Правила приемки и возврата;
4) Сыйақыны есептеу ережелері;	4) Правила расчета Вознаграждения;
5) Қызмет көрсету ережелері;	5) Правила оказания услуг;
6) Тауарды сатып алу ережелері;	6) Правила выкупа Товара;
7) Тыйым салынған тауарлар тізбесі;	7) Перечень запрещенных товаров;
8) Дербес деректерді өңдеу тәртібі туралы келісім.	8) Соглашение о порядке обработки персональных данных.
9) Тауарды броньдау туралы ұсыныстарды орналастыру жөнінде қызметтер көрсету қағидалары;	9) Правила оказания услуг по размещению предложений о бронировании товара;
8.9. Тараптар олардың әрқайсысы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттерге және	8.9. Стороны признают и подтверждают, что каждая из них проводит политику полной нетерпимости к взяточничеству и коррупции, предполагающую полный запрет коррупционных действий и

жәрдемдесу үшін төлемдерді / шаруашылық қызметке байланысты ресімділіктерді оңайлату, белгілі бір мәселелердің тезірек шешілуін қамтамасыз ету мақсатындағы төлемдерді жасауға толық тыйым салуды болжайды. Сатушы, оның үлестес (өзара байланысты) тұлғалары, өкілдері, қызметкерлері немесе Сатушы міндеттемелерін орындауға тікелей немесе жанама қатысатын делдалдары Сатушыға басқа контрагенттермен салыстырғанда артықшылықтар беруге, қандай да бір кепілдіктер беруге, қолданыстағы рәсімдерді тездетуге, Тараптар арасындағы қарым-қатынастардың ашықтығы мен айқындығы қағидаттарына сәйкес келмейтін өзге де салдарларға әкелген немесе әкелуі мүмкін әрекеттерге немесе шешімдерге әсер ету үшін Вайлдберризбен тікелей немесе жанама байланысты кез келген тұлғаларға қандай да бір ақшалай қаражатты тікелей немесе жанама түрде төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге немесе қандай да бір құндылықтарды беруге рұқсат етпейді.	совершения выплат за содействие / выплат, целью которых является упрощение формальностей в связи с хозяйственной деятельностью, обеспечение более быстрого решения тех или иных вопросов. Продавец, его аффилированные (взаимосвязанные) лица, представители, работники или посредники, прямо или косвенно участвующие в исполнении обязательств Продавца, не выплачивают, не предлагают выплатить и не разрешают выплату каких-либо денежных средств или передачу каких-либо ценностей прямо или косвенно любым прямо или косвенно связанным с Вайлдберриз лицам для оказания влияния на действия или решения, которые привели или могут привести к предоставлению Продавцу преимуществ по сравнению с другими контрагентами, предоставлению каких-либо гарантий, ускорению существующих процедур, иным последствиям, не соответствующим принципам прозрачности и открытости взаимоотношений между Сторонами.
9. Порталды пайдалану ережелері	**9. Правила использования портала**
9.1. **Порталда тіркелу және сәйкестендіру**	9.1. **Регистрация и идентификация на Портале**
9.1.1. Сатушы Пайдаланушылар Порталды пайдалануды бастаған сәтке дейін өзінің Жеке кабинетінің барлық Пайдаланушыларын Порталды пайдалану Ережелерімен таныстыратынына сендіреді және кепілдік береді.	9.1.1. Продавец заверяет и гарантирует, что ознакомит всех Пользователей своего Личного кабинета с Правилами использования Портала до момента начала использования Портала Пользователями.
9.1.2. Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашы болған Пайдаланушы https://seller.wildberries.ru/ Порталын да Сатушы ретінде өз бетінше тіркеуден өтеді.	9.1.2. Пользователь, который инициирует создание Личного кабинета Продавца, самостоятельно проходит регистрацию на Портале https://seller.wildberries.ru/ в качестве Продавца.
9.1.3. Сатушы өзінің логинді (тіркелу кезінде көрсетілген телефон нөмірі) және құпия сөзді (смс немесе push-хабарлама) пайдалануы Сатушыны Порталда (Жеке кабинетте) тиісінше анықтау үшін жеткілікті екенін, Порталда операциялар жасау құқығының растамасы болып табылатынын және Сатушының қолтаңбасының (құжаттарды қабылдау бойынша Порталда белсенді әрекеттер жасаумен қатар) аналогы болып табылатынын мойындайды. Сатушының (және/немесе Сатушының Жеке кабинетіне қосылған Пайдаланушының) логині мен құпия сөзін енгізгеннен кейін жасалған әрекеттер, оларды Пайдаланушылардың қайсысы жасағанына қарамастан, Сатушының өзі жасаған болып есептеледі. Сатушының Порталда жасаған ерік білдірулері мен мәмілелері жай жазбаша түрде жасалған болып есептеледі.	9.1.3. Продавец признает, что использование им логина (номер телефона, указанный при регистрации) и пароля (смс или push-уведомление) является достаточным для надлежащего определения Продавца на Портале (в Личном кабинете), подтверждением права совершать операции на Портале и является аналогом собственноручной подписи Продавца (наряду с совершением активных действий на Портале по принятию документов). Действия, совершенные после ввода логина и пароля Продавца (и/или Пользователя, добавленного в Личный кабинет Продавца), считаются совершенными самим Продавцом независимо от того, кем из Пользователей они совершены. Волеизъявления и сделки, совершенные Продавцом на Портале, также считаются совершенными в простой письменной форме.
9.1.4. Жеке кабинетті бірнеше Пайдаланушы пайдаланатын жағдайларда, Сатушы «Менің Профилім» бөлімінде Пайдаланушыларды қосады. Сатушы Жеке кабинеттің функционалына сәйкес Пайдаланушыларға әртүрлі құқықтар көлемін, соның ішінде – белгілі бір әрекеттерді жасау құқығын, соның ішінде үшінші тұлғаларға Сатушының Жеке кабинетіндегі деректерге Қоғамдық API функционалы арқылы қолжетімділікті беруді (9.9.6-тармақ) беруге құқылы. Жеке кабинетте жасалған барлық әрекеттер, соның ішінде Пайдаланушылар жасаған әрекеттер және онда көрсетілген ақпарат үшін, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Сатушының Жеке кабинетіндегі құпия ақпаратқа қолжетімділікті беруге (соның ішінде Қоғамдық API функционалы арқылы) байланысты теріс салдарлар үшін, сондай-ақ осы тұлғалардың Жеке кабинет Пайдаланушыларының дербес деректерін заңсыз беруі үшін жауапкершілік Сатушыға жүктеледі.	9.1.4. В случаях, когда Личным кабинетом пользуются несколько Пользователей, Продавец в разделе «Мой Профиль» добавляет Пользователей. Продавец вправе предоставлять Пользователям различный объем прав в соответствии с функционалом Личного кабинета, в том числе – право совершения определенных действий, включая предоставление доступа к данным в Личном кабинете Продавца третьим лицам посредством функционала Публичного API (пункт 9.9.6). Ответственность за все действия, произведенные в Личном кабинете, в том числе Пользователями, и информацию, указанную в нем, а также за негативные последствия в связи с предоставлением третьим лицам доступа (в том числе посредством функционала Публичного API) к конфиденциальной информации в Личном кабинете Продавца, а также за неправомерную передачу такими лицами персональных данных Пользователей Личного кабинета, лежит на Продавце.
9.1.5. Сатушы тіркелу кезінде көрсетілген телефон нөмірі мен SMS-хабарламадан немесе push-хабарламадан бір реттік кодтың қауіпсіз және құпия	9.1.5. Продавец обязан обеспечить безопасное и конфиденциальное хранение номера телефона, указанного при регистрации и одноразового кода из

сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өзінің Жеке кабинетінің Пайдаланушыларын Сатушының Жеке кабинетіне кіру үшін деректердің құпия және қауіпсіз сақталуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы хабардар етуге міндетті. Олар жоғалған немесе Порталдағы Жеке кабинетке Сатушы рұқсат етпеген үшінші тұлғалардың кіруі анықталған жағдайда, Сатушы бұл туралы дереу Вайлдберризге хабарлауға міндетті.	SMS-сообщения или push-уведомления, а также проинформировать Пользователей своего Личного кабинета о необходимости обеспечить конфиденциальное и безопасное хранение данных для входа в Личный кабинет Продавца. В случае их утраты или обнаружения несанкционированного Продавцом доступа третьих лиц к Личному кабинету на Портале Продавец обязан незамедлительно уведомить об этом Вайлдберриз.
9.1.6. Рұқсат етілмеген кіру кезеңін Вайлдберриз Сатушы ұсынған сот актілеріне немесе Сатушының Жеке кабинетіне рұқсат етілмеген кірудің болғанын нақты растайтын құжаттық дәлелдемелерге сәйкес айқындайды, бірақ кез келген жағдайда, мұндай кірудің аяқталу күні Сатушының осындай рұқсат етілмеген кіруді анықтаған күні болып табылады, ол рұқсат етілмеген кіруден кейін Сатушының немесе бұрын Жеке кабинетке кіруге рұқсат алған өзге тұлғаның Жеке кабинетке бірінші кірген күнінен кешіктірілмейтін күн болып табылады.	9.1.6. Период несанкционированного доступа определяется Вайлдберриз согласно предоставленным Продавцом судебным актам или документальным доказательствам, достоверно подтверждающим наличие несанкционированного доступа к Личному кабинету Продавца, но в любом случае, датой окончания такого доступа является дата обнаружения Продавцом такого несанкционированного доступа, наступающая не позднее даты первого после несанкционированного доступа входа в Личный кабинет Продавца, или иного лица, ранее получавшего доступ в Личный кабинет.
9.1.7. Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашы болған Пайдаланушы тіркелу және сауалнаманы толтыру кезінде Пайдаланушы Шартты орындау мақсатында өз әрекеттерімен келесі деректерді шектеусіз тұлғалар тобына қолжетімді ететінін мойындайды: тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, тұлғаның фирмалық атауы, сондай-ақ ҚР заңнамасында, соның ішінде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңында белгіленген өзге де мәліметтер (олар Пайдаланушы тіркелу кезінде көрсеткен түрде).	9.1.7. Пользователь, который инициирует создание Личного кабинета Продавца, признает, что при регистрации и заполнении анкеты Пользователь для цели исполнения Договора самостоятельно своими действиями делает доступными неограниченному кругу лиц следующие данные: организационно-правовая форма лица, фирменное наименование лица, а также иные сведения, установленные законодательством РК, в том числе Законом РК «О защите прав потребителей» от 4 мая 2010 года N 274-IV (в том виде, в котором они были указаны Пользователем при регистрации).
9.1.8. Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашы болған Пайдаланушы ол тіркелу кезінде көрсеткен деректер ҚР заңнамасының, соның ішінде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңының талаптарына сәйкес, Шартта көзделген жағдайларда Пайдаланушының қосымша келісімінсіз Вайлдберриз тарапынан Сайтта, сондай-ақ Вайлдберризге және / немесе сауда алаңының функционалын ұсынатын («wildberries» екінші деңгейлі доменін пайдаланатын) өзге тұлғаларға тиесілі өзге де сервистер мен қосымшаларда жариялануы және пайдаланылуы мүмкін екендігімен келіседі. Сатушы Пайдаланушылар Порталды пайдалануды бастаған сәтке дейін өзінің Жеке кабинетінің барлық Пайдаланушыларын Порталды пайдалану Ережелерімен таныстыратынына сендіреді және кепілдік береді.	9.1.8. Пользователь, который инициирует создание Личного кабинета Продавца, соглашается, что указанные им при регистрации данные, в соответствии с требованиями законодательства РК, в том числе Законом РК «О защите прав потребителей» от 4 мая 2010 года N 274-IV, могут быть опубликованы и использованы Вайлдберриз на Сайте, а также в иных сервисах и приложениях, принадлежащих Вайлдберриз и / или иным лицам, предоставляющими функционал торговой площадки (использующих домен второго уровня «wildberries») без дополнительного согласия Пользователя в случаях, предусмотренных Договором.Продавец заверяет и гарантирует, что ознакомит всех Пользователей своего Личного кабинета с Правилами использования Портала до момента начала использования Портала Пользователями.
9.1.9. Порталда тіркеле отырып, Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашылық жасай отырып және Вайлдберризпен ынтымақтастықтың барлық уақытында Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашылық жасайтын Пайдаланушы тіркелетін Сатушыға қатысты мынадай кепілдіктер береді:	9.1.9. Регистрируясь на Портале, инициируя создание Личного кабинета Продавца и на протяжении всего времени сотрудничества с Вайлдберриз Пользователь, который инициирует создание Личного кабинета Продавца, дает следующие заверения в отношении регистрируемого Продавца:
1. Пайдаланушы тіркелу кезінде ұсынған және Сатушы порталда көрсеткен барлық деректер шынайы болып табылады; 2. Ол ҚР қызмет заңнамасына сәйкес тіркелген; 3. Ол (ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты) ҚР салық төлеушілерінің тиісті тізіліміне енгізілген; 4. Оның Порталда Сатушы ретінде тіркелетін тұлғаның атынан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы бар; 5. Ол өзінің ұйымдық-құқықтық нысанына қатысты заң талаптарына сәйкес келеді; 6. Ол жалған кәсіпорындар тізіліміне енгізілмеген; 7. Оған қатысты оны әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы шешім күшіне енген жоқ, соның салдарынан ол Сайтта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алмайды;	1. Все данные, предоставленные Пользователем при регистрации и указанные Продавцом на портале, являются достоверными; 2. Он зарегистрирован в соответствии с законодательством РК; 3. Он включен (в зависимости от организационно-правовой формы) в соответствующий реестр налогоплательщиков РК; 4. Он имеет право осуществлять предпринимательскую деятельность от имени того лица, которое регистрируется на Портале в качестве Продавца; 5. Он соответствует требованиям закона в отношении его организационно-правовой формы; 6. Он не включен в реестр лжепредприятий;

8. Ол жосықсыз өнім берушілер тізіліміне енгізілмеген; 9. Оған қатысты Вайлдберризке бастапқы/қайталама санкциялар салуға әкеп соғуы мүмкін санкциялар енгізілмеген; 10. Ол төлем қабілетті, барлық қажетті салықтар мен алымдарды төлейді; 11. Сатушы Жеке кабинетке қосатын Пайдаланушылар Портал интерфейсіндегі Жеке кабинетте Сатушы берген рөлге сәйкес оның атынан әрекет етуге құқылы.	7. В отношении него не вступило в силу решение о привлечении его к административной ответственности, вследствие которого он не может осуществлять предпринимательскую деятельность на Сайте; 8. Он не включен в реестр недобросовестных поставщиков; 9. В отношении него не введены санкции, которые могут повлечь наложение первичных/вторичных санкций на Вайлдберриз; 10. Он платежеспособен, уплачивает все требуемые налоги и сборы; 11. Пользователи, которых Продавец добавляет в Личный кабинет, имеют право действовать от его имени в соответствии с ролью, предоставленной Продавцом в Личном кабинете в интерфейсе Портала.
9.1.10. Пайдаланушы, оның ішінде Жеке кабинетті құруға бастамашылық жасайтын Пайдаланушы, Сайтта Вайлдберризпен ынтымақтастықтың барлық уақытында екенін сезінеді және онымен келіседі.	9.1.10. Пользователь, включая Пользователя, который инициирует создание Личного кабинета, осознает и соглашается с тем, что на протяжении всего времени сотрудничества с Вайлдберриз на Сайте.
1. Сатушы ретінде тіркелу үшін Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашылық жасайтын Пайдаланушы тіркелу кезінде және Порталды пайдалану кезінде ұсынылған кез келген деректердің Вайлдберризке берілуінің заңдылығын қамтамасыз етуге міндетті. 2. Вайлдберриз Сатушыны және Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашылық жасайтын Пайдаланушыны Порталда тіркелу кезінде Сатушы мен Пайдаланушы берген кепілдіктерге сәйкестігіне, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Сатушы және / немесе Пайдаланушы ұсынған деректердің өзектілігі мен дұрыстығын тексеру үшін, оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып тексеруді жүзеге асыруға құқылы. Осы мақсатта Вайлдберриз кез келген үшінші тұлғалардан деректерді беруге және алуға құқылы. Тіркеу нысанында ұсынылған деректердің өзектілігі мен дұрыстығын растау үшін мынадай деректер өңделетін болады: Сатушының ТАӘ / Сатушының атауы, Сатушы басшысының ТАӘ, ЖСН/БСН (ИИН/БИН), заңды мекенжайы (заңды тұлғалар үшін), ЕЭК/КПП (заңды тұлғалар үшін), деректерді тексеру және сенімділік туралы мәліметтер. 3. Вайлдберриз шарт алдындағы белсенділік шеңберінде кез келген үшінші тұлғаларды тарта отырып, оның ішінде ашық және / немесе ресми ақпарат көздерінен іздеу арқылы нақтылау арқылы тиісті қырағылық талаптарын сақтау үшін Сатушының Жеке кабинетін құруға бастамашылық жасайтын Пайдаланушының сенімділігін тексеруге құқылы. 4. Пайдаланушы мен Сатушы деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және үшінші тұлғалардың Порталдағы Сатушының Жеке кабинетіне заңсыз кіруіне қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Вайлдберриз Жеке кабинет Пайдаланушыларының Сатушының Жеке кабинетіне байланған телефон нөмірлері туралы ақпаратты Сатушы абоненті болып табылатын жылжымалы радиотелефон байланысы операторына бере алады. Ұялы байланыс операторы Вайлдберризке Сатушының Жеке кабинеті Пайдаланушыларының телефон нөміріне қатысты елеулі өзгерістер туралы (мысалы, нөмірдің басқа ұялы байланыс абонентіне өтуі туралы) хабарлайды. 5. Сатушы және/немесе Пайдаланушы ҚР заңнамасының, оның ішінде ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің талаптарын орындау үшін қажетті деректерді Вайлдберризке ұсынбаған немесе Сатушы туралы өзекті емес / дұрыс емес деректерді ұсынған жағдайларда немесе Вайлдберриз өз бастамасы бойынша Сатушының тиісті деректерін тексерген жағдайларда, Сатушы Вайлдберриз өзінің қалауы бойынша уәкілетті мемлекеттік органдардан немесе Сатушы туралы тиісті ақпараты бар өзге де үшінші тұлғалардан Сатушының ЖСН/БСН ұсына отырып, осындай деректерді сұратуға және алуға құқылы екенімен келіседі. Алынған деректер Шартқа сәйкес Вайлдберриз сервистерінің	1. Для регистрации в качестве Продавца Пользователь, который инициирует создание Личного кабинета Продавца, обязано обеспечить правомерность передачи любых предоставленных при регистрации и во время использования Портала данных в сторону Вайлдберриз. 2. Вайлдберриз вправе осуществлять проверку Продавца и Пользователя, который инициирует создание Личного кабинета Продавца, на соответствие переданным Продавцом и Пользователем заверениям при регистрации на Портале, а также в течение срока действия Договора для проверки актуальности и корректности предоставленных Продавцом и / или Пользователем данных, в том числе с привлечением третьих лиц. Для этой цели Вайлдберриз имеет право передавать и получать данные от любых третьих лиц. Для подтверждения актуальности и корректности предоставленных в форме регистрации данных будут обрабатываться следующие данные: ФИО Продавца / наименование Продавца, ФИО руководителя Продавца, ИИН/БИН, юридический адрес (для юридических лиц), КПП (для юридических лиц), сведения о проверке данных и благонадежности. 3. Вайлдберриз вправе в рамках преддоговорной активности проводить проверку благонадежности Пользователя, который инициирует создание Личного кабинета Продавца, для соблюдения требований должной осмотрительности с привлечением любых третьих лиц, в том числе посредством уточнения путем поиска в открытых и / или официальных источниках информации. 4. С целью обеспечения безопасности данных Пользователя и Продавца и противодействия неправомерному доступу третьих лиц в Личный кабинет Продавца на Портале, Вайлдберриз может передавать информацию о привязанным к Личному кабинету Продавца номерам телефона Пользователей Личного кабинета оператору подвижной радиотелефонной связи, абонентом которого является Продавец. Оператор мобильной связи информирует Вайлдберриз о существенных изменениях относительно номера телефона Пользователей Личного кабинета Продавца (например, о переходе номера другому абоненту сотовой связи). 5. В случаях, когда Продавец и/или Пользователь не предоставил Вайлдберриз данные, необходимые для исполнения требований законодательства РК, в том числе Кодекса РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет», или предоставил неактуальные / некорректные данные о Продавце или Вайлдберриз по собственной инициативе проверяет соответствующие данные Продавца, Продавец соглашается с тем, что Вайлдберриз вправе по своему усмотрению запросить и получить такие данные от уполномоченных государственных органов или у иных третьих лиц обладающих соответствующей информацией о Продавце, предоставив ИИН/БИН Продавца. Полученные данные могут отображаться в интерфейсах сервисов Вайлдберриз в соответствии с Договором, а также

интерфейстерінде көрсетілуі мүмкін, сондай-ақ Шартта және/немесе ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда Вайлдберриз пайдалана алады.	использоваться Вайлдберриз в случаях, предусмотренных Договором и/или законодательством РК.
9.2. **Порталдағы ақпарат**	9.2. **Информация на Портале**
9.2.1. Тауар карточкасы – бұл Тауардың бағасы туралы ақпаратты қоспағанда, Сатушы Порталда орналастырған Тауар туралы ақпарат жиынтығы, оған мыналар кіреді: атауы және сипаттамасы, техникалық сипаттамалары, шығарылған елі, дайындаушы, Тауарға салынған зияткерлік меншік объектілері, фотосуреттер және бейне кескіндер.	9.2.1. Карточка товара – это совокупность информации о Товаре, размещенной Продавцом на Портале, включая: наименование и описание, технические характеристики, страну изготовления, изготовителя, нанесенные на Товар объекты интеллектуальной собственности, фотографии и видеоизображения, за исключением информации о цене Товара.
9.2.2. Сайтта Тауарларды сату туралы ұсыныстарды орналастыру үшін Сатушы Порталдағы Жеке кабинетте Тауар Карточкаларын жасайды.	9.2.2. Для размещения предложений о реализации Товаров на сайте Продавец создает Карточки Товаров в Личном кабинете на Портале.
9.2.3. Сатушы Тауар карточкасының мазмұнын айқындайды және оны Порталда дербес орналастырады. Вайлдберриз Тауар карточкасына өзгерістер енгізуге құқылы емес. Тауар карточкаларын жасау кезінде Сатушы міндеттенеді:	9.2.3. Продавец определяет содержание Карточки товара и самостоятельно размещает ее на Портале. Вайлдберриз не вправе вносить изменения в Карточку товара. При создании карточек Товара Продавец обязуется:
1) Тауар, оның атауы, параметрлері (соның ішінде Тауар карточкасының «салмағы» өрісінде, егер мұндай салмақ 20 кг-нан асса, жеке қаптаманы ескере отырып Тауардың салмағын көрсету), өндірушісі, габариттері және т.б. туралы, сондай-ақ Тауар сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалауға жататын-жатпайтыны туралы шынайы ақпаратты, және сәйкестендіру құралдарымен міндетті таңбалауға жататын Тауарға қатысты - СЭҚ ТН (Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы) ұсынуға;	1) предоставлять достоверную информацию о Товаре, его наименовании, параметрах (в том числе в поле «вес» Карточки товара указывать вес Товара с учетом индивидуальной упаковки, если такой вес превышает 20 кг), производителе, габаритах и т. п., а также подлежит ли Товар обязательной маркировке средствами идентификации, и в отношении Товара, подлежащего обязательной маркировке средствами идентификации - ТН ВЭД;
2) Құқық иеленушінің коммерциялық пайдалануға рұқсаты бар фотосуреттер мен кескіндерді пайдалануға;	2) Использовать фотографии и изображения, на которые имеет разрешение для коммерческого использования правообладателем;
3) Қазақстан Республикасының және жеткізу жүзеге асырылатын басқа елдердің заңнамасымен Интернет желісінде сатуға немесе сатуға ұсынуға тыйым салынған тауарларды, сондай-ақ Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Порталда https://static-basket-02.wbbasket.ru/vol20/folder/restricted/Restricted_goods_KZ_20261028.pdf мекенжайы бойынша орналастырылған Тыйым салынған тауарлар тізбесінде көрсетілген тауарларды (бұдан әрі – Тыйым салынған тауарлар тізбесі) орналастырмауға;	3) Не размещать товары, запрещенные для продажи или предложения к продаже в сети Интернет законодательством Республики Казахстан и других стран, в которые осуществляется доставка, а также товары, указанные в Перечне запрещенных товаров, являющемся неотъемлемой частью Договора, размещенном на Портале по адресу: https://static-basket-02.wbbasket.ru/vol20/folder/restricted/Restricted_goods_KZ_20261028.pdf (далее – Перечень запрещенных товаров);
4) Қайталанатын Тауар карточкаларын жасамауға;	4) Не создавать дублирующиеся карточки Товара;
5) Тауар фотосуреттерінде маркетингтік жазбаларды (мысалы, «Сатылым үздігі», «...реттен артық сатылды» және т.б.), Сатушының байланыс деректерін және өзге сайттарға/топтарға/қоғамдастықтарға сілтемелерді пайдаланбауға;	5) Не использовать маркетинговые надписи (например, «Топ продаж», «Продано более…раз» и т.п.), контактные данные Продавца и ссылки на иные сайты/группы/сообщества на фотографиях Товара;
6) Сатушының заңды құқығы жоқ ақпаратты (сауда белгілері, кескіндер, сипаттама, құжаттама, үшінші тұлғалардың дербес деректері (осы Шартта және заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда), соның ішінде фотокескіндер, үшінші тұлғалардың жеке өмірі туралы ақпарат және т.б.) орналастырмауға;	6) Не размещать информацию, законных прав на которую Продавец не имеет (торговые знаки, изображения, описание, документацию, персональные данные третьих лиц (за исключением случаев, предусмотренных настоящим Договором и законодательством), включая фотоизображения, информацию о частной жизни третьих лиц, и т.п.);
7) Қазақстан Республикасына әкелінген, өндірілген немесе заңнаманы немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұза отырып сатылатын тауарды сату туралы ұсыныстарды орналастырмауға;	7) Не размещать предложения о продаже товара, произведенного, ввезенного в Республику Казахстан или реализуемого с нарушением законодательства или прав третьих лиц;
8) Тауарды оған сәйкес келмейтін тауар санатына орналастырмауға. Тауар санаттарының тізбесі және тауарды белгілі бір тауар санатына жатқызу ережелері сілтеме бойынша орналастырылған: https://static-basket-02.wb.ru/vol20/portal/education/instruction/Kak_kartochka_tovara_popadaet_v_neobkhodimyi_razdel_saita.pdf;	8) Не размещать Товар в не соответствующей ему товарной категории. Перечень товарных категорий и правила отнесения товара к определенной товарной категории размещены по ссылке: https://static-basket-02.wb.ru/vol20/portal/education/instruction/Kak_kartochka_tovara_popadaet_v_neobkhodimyi_razdel_saita.pdf ;

9) Сатушы қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, Тауарды сату кезінде қолданылатын 16 % қосылған құн салығының мөлшерлемесін көрсету;	9) Указывать ставку НДС 16 %, применимую при реализации Товара, кроме случаев, когда Продавец не является плательщиком НДС.;
10) Сатып алушыларды тауардың бар-жоғына және оның тапсырыс беруге қолжетімділігіне қатысты жаңылыстыратын фотосуреттерді, соның ішінде «Тауар таусылды», «жақында сатылымда», «уақытша қолжетімсіз» деген жазбалары бар және мағынасы жағынан ұқсас фотосуреттерді пайдаланбауға;	10) Не использовать фотографии, вводящие покупателей в заблуждение в отношении наличия или отсутствия товара и его доступности к заказу, в том числе фотографии, использующие надписи «Товар закончился», «скоро в продаже», «временно недоступен» и аналогичные по смыслу;
11) 14.07.2022 ж. № 255-ФЗ «Шетелдік ықпалдағы тұлғалардың қызметін бақылау туралы» Федералдық заңға сәйкес арнайы мәтіндік нұсқаумен қоса жүруі тиіс материалдарды (соның ішінде кітаптарды) сату туралы ұсыныстарды орналастырған жағдайда, мұндай Тауардың сипаттамасының басында бас әріптермен, сондай-ақ басты фотосуретте заңнамада көзделген мәтіндік нұсқауды, «18» саны және «плюс» белгісі түріндегі ақпараттық өнім белгісін және «жас шектеуі» сөз тіркесі түріндегі мәтіндік ескертуді көрсетуге, сондай-ақ «жас шектеулері» бағанын тиісті түрде толтыруға (РФ-да тауарларды сатқан жағдайда қолданылады);	11) В случае размещения предложений о продаже материалов (в том числе книг), которые должны сопровождаться специальным текстовым указанием в соответствии с Федеральным законом от 14.07.2022 N 255-ФЗ "О контроле за деятельностью лиц, находящихся под иностранным влиянием", указывать в начале описания такого Товара прописными буквами, а также на заглавной фотографии предусмотренное законодательством текстовое указание, знак информационной продукции в виде цифры "18" и знака "плюс" и текстовое предупреждение в виде словосочетания "возрастное ограничение", а также соответствующим образом заполнять графу «возрастные ограничения» (применимо в случае реализации товаров в РФ);
12) Пайдалануда болған немесе Сатушыға белгілі ақаулары бар Тауарды сату туралы ұсыныстарды орналастырмауға (қалпына келтірілген iPhone, сондай-ақ букинистік тауарларды сату туралы ұсыныстарды қоспағанда. Бұл ретте қалпына келтірілген iPhone сату туралы ұсыныстарды орналастыру кезінде Тауардың атауында осы сипаттаманы сатып алушыларға түсінікті түрде, қысқартуларсыз көрсету міндетті).	12) не размещать предложения о продаже Товара, бывшего в употреблении или имеющего дефекты, о которых Продавцу известно (за исключением предложений о продаже восстановленных iPhone, а также букинистических товаров. При этом при размещении предложений о продаже восстановленных iPhone обязательно указание этой характеристики в наименовании Товара в понятном для покупателей виде, без сокращений).
9.2.4. 9.2.3-тармақта көзделген Сатушының міндеттерін немесе 9.2.7-тармақта көзделген кепілдіктерді бұзу анықталған кезде, Порталда Тауар Карточкасы бұғатталады, сондай-ақ Айыппұлдар тізбесінде көзделген жағдайларда және мөлшерде тұрақсыздық айыбы (айыппұл) алынады. 9.2.5. 9.2.3-т. 8-т/ш. көзделген Сатушының міндетін бұзу анықталған кезде, Вайлдберриз тауар санатын Сатушы Тауар карточкасында көрсеткен ақпаратқа сәйкес келетін тауар санатына өз бетінше өзгертуге құқылы. 9.2.3-т. 5-т/ш көзделген Сатушының міндетін бұзу анықталған кезде, сондай-ақ 9.2.3-т. 6-т/ш көзделген жағдайда, Вайлдберриз Тауар карточкасынан (құрамында тыйым салынған контент бар немесе оған қатысты құқық иесінің шағымы түскен) бейне және/немесе фотосуретті жасыруға құқылы.	9.2.4. При выявлении нарушения обязанностей Продавца, предусмотренных пунктом 9.2.3, или гарантий, предусмотренных пунктом 9.2.7, Карточка Товара на Портале блокируется, а также взимается неустойка (штраф) в случаях и в размере, предусмотренных Перечнем штрафов. При выявлении нарушения обязанности Продавца, предусмотренной пп. 8 пункта 9.2.3, Вайлдберриз вправе самостоятельно изменить товарную категорию на соответствующую информации, указанной Продавцом в Карточке товара. При выявлении нарушения обязанности Продавца, предусмотренной пп. 5 п. 9.2.3, а также в случае, предусмотренном пп.6 п. 9.2.3, Вайлдберриз вправе скрыть видео- и/или фотоизображение (содержащие запрещенный контент или в отношении которого поступила жалоба правообладателя) из Карточки товара.
9.2.5.1. Тауар карточкасын бұғаттау Сатушы Тауар карточкаларының лимитін арттыру жөніндегі қызметке ақы төлеу жөніндегі міндетті орындамау салдарынан Тауар карточкаларының лимитінен асып кеткен жағдайда жүзеге асырылады (13.12-тармақ). Осы негіз бойынша Тауар карточкасын бұғаттау Сатушыда жаңа Тауар карточкаларын жасау мүмкіндігі пайда болған кезде, соның ішінде ол Тауар карточкаларын жойған немесе Тауар карточкаларының лимитін арттырған кезде тоқтатылады (13.12-тармақ). Бұл ретте Сатушы Портал функционалы арқылы көрсетілген негіз бойынша бұғатталған қандай Тауар карточкаларына қатысты бұғаттау тоқтатылатынын өз бетінше таңдайды.	9.2.4.1. Блокировка Карточки товара осуществляется в случае превышения Продавцом лимита Карточек товара вследствие невыполнения обязанности по оплате Услуги по увеличению лимита Карточек товара (п. 13.12). Блокировка Карточки товара по этому основанию прекращается при появлении у Продавца возможности создавать новые Карточки товара, в том числе при удалении им Карточек товара или увеличении лимита Карточек товара (п. 13.12). При этом Продавец посредством функционала Портала самостоятельно выбирает, в отношении каких Карточек товара, заблокированных по указанному основанию, прекращается блокировка.
9.2.6. Сатушы бұзушылықтарды жойған жағдайда Порталды пайдалана отырып, Вайлдберризге бұғатталған Тауар Карточкасын қалпына келтіру туралы өтініш жіберуге құқылы.	9.2.5. Продавец вправе с использованием Портала направить в Вайлдберриз обращение о восстановлении заблокированной Карточки Товара при условии устранения им нарушений.
9.2.7. Сатушы Тауардың сапасына, жұмысқа қабілеттілігіне, жиынтықтылығына және өзге де	9.2.6. Продавец несет полную ответственность за качество, работоспособность, комплектность и иные

сипаттамаларына, ол туралы Порталда орналастырылған ақпаратқа толық жауапкершілікте болады. Сатушы Вайлдберризге мыналарды растайды:	характеристики Товара, информацию о нем, размещенную на Портале. Продавец заверяет Вайлдберриз в том, что:
1) Тауар карточкасында көрсетілген Тауар туралы ақпарат шындыққа сәйкес келеді;	1) Информация о Товаре, указанная в Карточке Товара, соответствует действительности;
2) Сатушының Тауарды сатуы Қазақстан Республикасының және тауар сатылатын басқа елдердің, соның ішінде Ресей Федерациясының заңнамасын бұзбайды;	2) Продажа Товара Продавцом не нарушает законодательство Республики Казахстан и других стран продажи товара, в том числе Российской Федерации;
3) Сатушы сатып алушыға Тауар карточкасында көрсетілген дәл сол Тауарды беруге ниетті.	3) Продавец намерен передать покупателю именно тот Товар, который указан в Карточке Товара.
9.2.8. Сатушы Тауар туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тілдер туралы заңнамаға сәйкестігіне кепілдік береді.	9.2.7. Продавец гарантирует соответствие информации о Товаре законодательству Республики Казахстан, в том числе о защите прав потребителей и языках.
9.2.9. Сатушының Порталда орналастырған ақпаратын Вайлдберриз көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында талдау, сақтау немесе өңдеу үшін үшінші тұлғаларға, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарына олардың сұрау салулары бойынша немесе Вайлдберриздің заңда көзделген міндеттерді орындауы немесе заңда берілген құқықтарды жүзеге асыруы шеңберінде ұсынылуы мүмкін. Егер Вайлдберриз үшінші тұлғаларға берген ақпараттың құрамына Сатушының дербес деректері енгізілген болса, Вайлдберриз мұндай дербес деректерді осы Шарттың 19-бөлімінде және заңнамада белгіленген ережелерге сәйкес өңдейді.	9.2.8. Размещенная Продавцом на Портале информация может быть предоставлена Вайлдберриз третьим лицам для анализа, хранения или обработки с целью повышения качества оказываемых Вайлдберриз услуг, а также органам государственной власти по их запросам или в рамках исполнения Вайлдберриз предусмотренных законом обязанностей или осуществления предоставленных законом прав. В случае, если в состав информации, переданной Вайлдберриз третьим лицам, включены персональные данные Продавца, Вайлдберриз обрабатывает такие персональные данные в соответствии с правилами, установленными разделом 19 настоящего Договора и законодательством.
9.2.10. Сатушы Порталда өзге сайттарға/топтарға/қоғамдастықтарға сілтемелерді кез келген нысанда, соның ішінде Сатушы туралы ақпараты бар бетте баннерлерді пайдалана отырып, сондай-ақ Сатушының байланыс деректерін орналастыруға құқылы емес. Сатушы өзінің шынайы байланыс деректерін Вайлдберризге ұсынуға және олар өзгерген кезде келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы хабарлауға міндеттенеді. Вайлдберриз Сатушының байланыс деректерін Сатып алушылардың тиісті сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беруге құқылы.	9.2.9. Продавец не вправе размещать на Портале ссылки на иные сайты/группы/сообщества в любой форме, в том числе с использованием баннеров на странице с информацией о Продавце, а также контактные данные Продавца. Продавец обязуется представить свои достоверные контакты Вайлдберриз и при их изменении не последнее следующего рабочего дня сообщать об этом. Вайлдберриз вправе предоставлять контактные данные Продавца по соответствующему запросу Покупателей в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.
9.2.11. Қолданылмайды.	9.2.10. Не применяется.
9.2.12. Қолданылмайды.	9.2.11. Не применяется.
9.2.13. Қолданылмайды.	9.2.12. Не применяется.
9.2.14. Порталда Сатушыға контент құру және өңдеу бойынша сервистерді, соның ішінде жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін технологияларды пайдаланатын сервистерді (бұдан әрі – «ЖИ Сервис») пайдалану мүмкіндігі ұсынылуы мүмкін. Егер Сатушы ЖИ Сервисті пайдалану кезінде сервисге ақпаратты кез келген нысанда (соның ішінде кескіндерді) өз бетінше жүктесе, ол қолданыстағы заңнама мен үшінші тұлғалардың құқықтарын сақтайтынына кепілдік береді және заңнама мен аталған құқықтардың бұзылғаны үшін өз бетінше жауап береді. ЖИ Сервисті пайдалана отырып, Сатушы барлық тәуекелдерді, соның ішінде үшінші тұлғалардың құқықтарының бұзылуына байланысты тәуекелдерді өзіне қабылдайды, сұраныс пен алынған нәтижелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне өз бетінше жауап береді және жасалған контентті пайдаланбас бұрын оның дәлдігін, шынайылығын, өзектілігін, заңдылығын тексеруге міндетті. Сатушы ЖИ Сервисті пайдалана отырып жасалған контенттің бірегей болмауы мүмкін екенін және Сатушының ЖИ Сервисті пайдалану барысында алған нәтижелері ЖИ Сервисті пайдаланатын	9.2.13. На Портале Продавцу может быть представлена возможность использования сервисов по созданию и редактированию контента, в том числе сервисов, использующих технологии, работающие на основе искусственного интеллекта (далее – «ИИ Сервис»). Если Продавец при использовании ИИ Сервиса самостоятельно загружает в сервис информацию в любой форме (в том числе изображения), он гарантирует, что соблюдает применимое законодательство и права третьих лиц, и самостоятельно несет ответственность за нарушение законодательства и указанных прав. Используя ИИ Сервис, Продавец принимает на себя все риски, в том числе связанные с нарушением прав третьих лиц, самостоятельно отвечает за соответствие запроса и полученных результатов законодательству Республики Казахстан и обязан до использования сгенерированного контента проводить его проверку на предмет точности, достоверности, актуальности, законности. Продавец принимает тот факт, что созданный с использованием ИИ Сервиса контент может быть неуникальным, и результаты, полученные Продавцом в ходе использования ИИ Сервиса, могут быть аналогичны или сходны результатам, которые

басқа тұлғалар алатын нәтижелерге ұқсас немесе бірдей болуы мүмкін екенін қабылдайды. Вайлдберриз ЖИ Сервисті пайдалана отырып жасалған контенттегі ақпараттың мазмұны үшін жауап бермейді.	получают иные лица, использующие ИИ Сервис. Вайлдберриз не несет ответственности за содержание информации в созданном с использованием ИИ Сервиса контенте.
9.3. **Сатып алушылармен, Порталдағы сатушыларды қолдау мамандарымен және басқа сатушылармен өзара іс-қимыл ережелері**	9.3. **Правила взаимодействия с покупателями, специалистами поддержки продавцов на Портале и другими продавцами**
9.3.1. Тауарды Порталда орналастыру кезінде Сатушы Тауарға сипаттама, Тауар қаптамасына қосымша беттер және т.б. арқылы сатып алушылардан сатып алынған Тауар туралы пікір қалдыруды сұрауға құқылы. Бұл ретте сатып алушыларды ынталандыру үшін ақшалай немесе өзге сыйақыны уәде етуге жол берілмейді.	9.3.1. При размещении Товара на Портале Продавец имеет право просить покупателей оставить отзыв о приобретенном Товаре посредством описания к Товару, вкладышей в упаковку Товара и т.п. При этом недопустимо для стимуляции покупателей использовать обещание денежного или иного вознаграждения.
Сатушы Сатып алушыларға Сайтта (https://www.wildberries.ru/services/pravila-polzovaniya-torgovoy-ploshchadkoy) орналастырылған Сауда алаңын пайдалану ережелерін бұзатын әрекеттерді жасауды ұсынуға құқылы емес.	Продавец не вправе предлагать Покупателям совершать действия, нарушающие Правила пользования торговой площадкой, размещенные на Сайте (https://www.wildberries.ru/services/pravila-polzovaniya-torgovoy-ploshchadkoy)
9.3.2. Сайт пайдаланушысынан «Сұрақтар» функционалы арқылы Тауар туралы сұрақ түскен кезде, Сатушы сұрақ Сатушының Жеке кабинетіндегі «Сұрақтар және пікірлер» бөліміне түскен сәттен бастап 24 сағат ішінде – «Витрина» (DBS), «Витрина Экспресс» (EDBS) және «Сатушы дүкенінен алып кету» (C&C) сату тәсілдері үшін, 3 жұмыс күні ішінде – қалған сату тәсілдері үшін жауап беруге міндеттенеді.	9.3.2. При поступлении от пользователя Сайта вопроса о Товаре через функционал «Вопросы», Продавец обязуется предоставить ответ в течение 24 часов - для способов продажи «Витрина» (DBS), «Витрина Экспресс» (EDBS) и «Самовывоз из магазина продавца» (C&C), 3 рабочих дня – для остальных способов продажи с момента поступления вопроса в раздел «Вопросы и отзывы» Личного кабинета Продавца.
9.3.3. Порталда Тауар туралы сұрақтар мен пікірлерге жауаптарды орналастыру кезінде Сатушы міндеттенеді:	9.3.3. При размещении ответов на вопросы и отзывы о Товаре на Портале, Продавец обязуется:
– сатып алушыға шынайы ақпаратты ұсынуға;	– предоставлять покупателю достоверную информацию;
– қарым-қатынастың іскерлік стилін сақтауға;	– соблюдать деловой стиль общения;
– бөгде сайттар, топтар, арналар және т.б. туралы, сондай-ақ Порталда ұсынылмаған тауарлар немесе қызметтер туралы жарнамалық сипаттағы ақпаратты орналастырмауға;	– не размещать информацию рекламного характера о сторонних сайтах, группах, каналах и пр., а также о товарах или услугах, не представленных на Портале;
– сұрақ/пікір қалдырған пайдаланушыны немесе Вайлдберриз қызметкерін қорламауға;	– не оскорблять пользователя или сотрудника Вайлдберриз, оставившего вопрос/отзыв;
– былапыт сөздерді ашық немесе бүркемеленген түрде қолданбауға;	– не использовать ненормативную лексику в явном или завуалированном виде;
– сұрақ/пікір қалдырған пайдаланушыны арамдықпен айыптамауға;	– не обвинять пользователя, который оставил вопрос/отзыв в нечестности;
– Вайлдберриздің, оның қызметкерлерінің және өзге тұлғалардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпаратты, сондай-ақ орналастырылуы қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұзатын ақпаратты орналастырмауға.	– не размещать информацию, порочащую честь, достоинство и деловую репутацию Вайлдберриз, его сотрудников и иных лиц, а также информацию, размещение которой нарушает требования применимого законодательства.
9.3.4. 9.3.3-тармақта тізілген шарттардың кез келгені бұзылған жағдайда, Вайлдберриз орналастырылған жауаптарды жою және Сатушыға болашақта Тауар туралы сұрақтар мен пікірлерге жауаптарды орналастыру мүмкіндігін шектеу құқығын өзіне қалдырады.	9.3.4. В случае нарушения любого из условий, перечисленных в п. 9.3.3, Вайлдберриз оставляет за собой право удалить размещенные ответы и ограничить Продавцу возможность размещения ответов на вопросы и отзывы о Товаре в дальнейшем.
9.3.5. Сатып алушылардың талаптары (претензиялары) мен өтініштері Сатушыға Порталдың "Сатушымен чат" бөлімін пайдалана отырып жеткізіледі. Сатушы Сатып алушының талабы мен өтінішіне Порталдағы Сатушының ЖК (Жеке кабинетінде) талап немесе өтініш пайда болған сәттен бастап 10 (он) күн ішінде іскерлік хат этикетіне сәйкес толық көлемде дәлелді жауап беруге міндеттенеді. Бір сөзді жауаптар, былапыт сөздер, сатып алушымен дөрекі қарым-қатынас, негізделген дәлелсіз талапты қанағаттандырудан бас тарту талапқа немесе өтінішке тиісті жауап болып есептелмейді.	9.3.5. Претензии и обращения покупателей доставляются до Продавца с использованием раздела Портала "Чат с Продавцом". Продавец обязуется отвечать на претензию и обращение Покупателя аргументировано в полном объеме, в соответствии с этикетом делового письма в течении 10 (десяти) дней с момента появления претензии или обращения в ЛК Продавца на Портале. Не считается надлежащим ответом на претензию или обращение односложные ответы, нецензурная брань, грубое общение с покупателем, отказ от удовлетворения претензии без обоснованной аргументации.
9.3.6. Чатта Сатушы мен Сатып алушы арасында өзара әрекеттесу кезінде Сатушы келесі шарттарды сақтауға міндеттенеді:	9.3.6. При взаимодействии между Продавцом и Покупателем в Чате Продавец обязуется соблюдать следующие условия:

– Сатып алушыны қорламау, былапыт сөздерді, бүркемеленген сөздерді, салыстыруларды және сөз тіркестерін, соның ішінде жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, шығу тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, сондай-ақ басқа да мән-жайларға қатысты қолданбау.	– не оскорблять Покупателя, не использовать ненормативную лексику, завуалированных высказываний, сравнений и выражений, в том числе в отношении пола, расы, национальности, языка, происхождения, имущественного и должностного положения, места жительства, отношения к религии, убеждений, принадлежности к общественным объединениям, а также других обстоятельств.
– қарым-қатынастың іскерлік стилін, сыпайылықты және Сатып алушыға құрметпен қарауды сақтау.	– соблюдать деловой стиль общения, вежливость и уважительное отношение к Покупателю.
Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтын тауар, жұмыс немесе қызмет туралы өзекті және шынайы ақпаратты ұсыну.	Предоставлять актуальную и достоверную информацию о товаре, работе или услуг не нарушающей законодательство Республики Казахстан либо права третьих лиц.
– Сатып алушыны тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тұтынушылық қасиеттеріне қатысты адастырмау.	– не вводить в заблуждение Покупателя относительно потребительских свойств товаров, работ и услуг.
– Вайлдберриздің, қызметкерлердің, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің, ұйымдардың, брендтердің және басқа Вайлдберриз сатушыларының атына теріс пікір айтпау.	– не высказываться негативно в адрес Вайлдберриз, сотрудников, товаров, работ, услуг, организаций, брендов и других продавцов Вайлдберриз.
– Вайлдберриз бәсекелестерінің және олардың өнімінің ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін тәсілдерді, салыстыруларды қолданбау.	– не употреблять приемов, сравнений, порочащих честь, достоинство и деловую репутацию конкурентов Вайлдберриз и их продукцию.
– Сатып алушыны басқа алаңға, әлеуметтік желіге, мессенджерге өтуге ынталандырмау не сатып алушымен байланыс алмасуды ұсынбау	– не мотивировать Покупателя перейти на другую площадку, социальную сеть, мессенджер, либо предлагать обменяться контактами с покупателем
– осы Шартта немесе заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Сатып алушылардың дербес деректерін жинауды, сақтауды және таратуды жүзеге асырмау.	– не осуществлять сбор, хранение и распространение персональных данных Покупателей, за исключением случаев, прямо предусмотренных настоящим Договором или законодательством.
– бөгде ресурстарды, ұйымдарды, сатушыларды жарнамаламау немесе атап өтпеу, соның ішінде сатып алушыға сыртқы ресурстарға сілтемелер жіберу арқылы.	– не рекламировать либо упоминать сторонние ресурсы, организации, продавцов в том числе путем направления ссылок покупателю на внешние ресурсы.
9.3.7. Порталда сатушыларды қолдау мамандарымен өзара іс-қимыл сыпайы, іскерлік түрде жүзеге асырылады. Былапыт сөздер қолданылған жағдайда, Вайлдберриз сұрақ дұрыс түрде түскенге дейін Сатушылардың сұрақтарына жауап бермеу құқығын өзіне қалдырады.	9.3.7. Взаимодействие со специалистами поддержки продавцов на Портале осуществляется в корректной, деловой форме. При использовании ненормативной лексики Вайлдберриз оставляет за собой право не предоставлять ответы на вопросы Продавцов до поступления вопроса в корректной форме.
9.3.8. Жеке кабинеттегі «Қолдау» бөліміне түскен Сатушының сұрағына жауап беру мерзімі 30 күннен аспайды. Егер Сатушы сұраққа жауап беру үшін барлық қажетті ақпаратты ұсынбаса, жауап беру мерзімі ұзартылуы мүмкін.	9.3.8. Срок предоставления ответа на вопрос Продавца, поступивших в личном кабинете в разделе «Поддержка», не превышает 30 дней. В случае, если Продавец не предоставляет всю необходимую информацию для ответа на вопрос, срок предоставления ответа может быть увеличен.
9.3.9. Сатушы Порталдағы басқа сатушыларды оларға Вайлдберриз атынан қызметтер көрсету немесе Вайлдберризге тиесілі немесе ол басқаратын техникалық құралдарды пайдалана отырып қызметтер көрсету туралы ұсыныстар жіберу арқылы адастыруға құқылы емес.	9.3.9. Продавец не вправе вводить в заблуждение других продавцов на Портале путем направления им предложений об оказании услуг от лица Вайлдберриз или оказания услуг с использованием технических средств, принадлежащих или управляемых Вайлдберриз.
9.4. Қолданылмайды.	9.4. Не применяется.
9.5. Қолданылмайды.	9.5. Не применяется.
9.6. **Порталда құқық иеленушілермен өзара іс-қимыл ережелері («Цифрлық Арбитраж»)**	9.6. **Правила взаимодействия с правообладателями на Портале («Цифровой Арбитраж»)**
9.6.1. Құқық иеленушілерге тиесілі, Сатушының Тауарында немесе Тауар Карточкасында пайдаланылған зияткерлік меншік объектілеріне құқық иеленушілердің айрықша құқықтарын бұзу мәселелері бойынша құқық иеленушілердің (соның ішінде құқық иеленушілер өкілдерінің) Сатушымен өзара іс-қимылы үшін арнайы «Цифрлық Арбитраж» сервисі қарастырылған, ол құқық иеленушілердің Сатушыға оның Тауарлары мен Тауар Карточкаларына қатысты тікелей өтініштер жіберуге арналған функционалдан және Сатушының құқық иеленушілердің өтініштерін қарауына және оларға жауап беруіне арналған функционалдан тұрады (бұдан әрі – Сервис).	9.6.1. Для взаимодействия правообладателей (в том числе представителей правообладателей) с Продавцом по вопросам нарушения исключительных прав правообладателей на принадлежащие им объекты интеллектуальной собственности, использованные в Товаре или Карточке Товара Продавца, предусмотрен специальный сервис «Цифровой Арбитраж», который состоит из функционала для направления обращений правообладателями непосредственно Продавцу в отношении его Товаров и Карточек Товаров, и функционала для рассмотрения обращений правообладателей Продавцом и предоставления ответа на них (далее – Сервис).

9.6.2. Құқық иеленушілерге тиесілі, Сатушының Тауарында немесе Тауар Карточкасында пайдаланылған зияткерлік меншік объектілеріне құқық иеленушілердің айрықша құқықтарын бұзуға байланысты құқық иеленушілердің (соның ішінде құқық иеленушілер өкілдерінің) өтініштері Сатушының Жеке кабинетінің «Құқық иеленушілердің өтініштері» арнайы бөліміне түседі.	9.6.2. Обращения правообладателей (в том числе представителей правообладателей) связанные с нарушением исключительных прав правообладателей на принадлежащие им объекты интеллектуальной собственности, использованные в Товаре или Карточке Товара Продавца, поступают в специальный раздел Личного кабинета Продавца «Обращения правообладателей».
9.6.3. Сатушы құқық иеленушінің өтінішін қарауға және оған жауапты өтініш Сатушының Жеке кабинетіне түскен сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде жіберуге міндетті. Өтінішті қарауға және оған жауап беруге берілетін мерзім өзгертілуі мүмкін.	9.6.3. Продавец обязан рассмотреть обращение правообладателя и направить ответ на него в течение 10 календарных дней с момента поступления обращения в Личный кабинет Продавца. Предоставляемый срок на рассмотрение обращения и ответ на него может быть изменен.
9.6.4. Тауарда/Тауар карточкасында құқық иеленушінің айрықша құқықтарын бұзудың мүмкін фактісі болған немесе Сатушыда айрықша құқықтардың мүмкін бұзылуының жоқтығын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, Сатушы көрсетілген мерзімде міндетті:	9.6.4. В случае наличия возможного факта нарушения исключительных прав правообладателя в Товаре/Карточке товара или отсутствия у Продавца документов, подтверждающих отсутствие возможного нарушения исключительных прав, Продавец в указанный срок обязан:
1) Ықтимал бұзушылықтарды жою: даулы Тауарды сатуды тоқтату және Сайтта Тауарды ұсыну мен орналастыруды тоқтатуды қамтамасыз ету, оның ішінде Тауар карточкасын толығымен жою арқылы; - Тауар карточкасының мазмұнына құқық иесінің зияткерлік меншік объектілерін пайдалануды тоқтатуды қамтамасыз ететін өзгерістер енгізу, оның ішінде құқық иесінің құқықтарын бұзуы мүмкін барлық мәтіндік, графикалық материалдарды, бейне және/немесе фотосуреттерді, өзге де зияткерлік меншік объектілерін жою арқылы, сондай-ақ осындай өзгерістер енгізу нәтижесінде ықтимал бұзушылықтың толық тоқтатылуын қамтамасыз ету, және	1) Устранить возможные нарушения: прекратить реализацию спорного Товара и обеспечить прекращение предложения и размещения Товара на Сайте, в том числе путем удаления Карточки Товара внести изменения в содержание Карточки Товара, обеспечивающие прекращение использования объектов интеллектуальной собственности правообладателя, в том числе путем удаления всех текстовых, графических материалов, видео- и/или фотоизображений, иных объектов интеллектуальной собственности, которые могли нарушить права правообладателя, а также обеспечить полное прекращение возможного нарушения вследствие внесения таких изменений, и
2) Сервис арқылы құқық иеленушінің (оның өкілінің) атына мүмкін бұзушылықтарды жою туралы жауап жіберуге.	2) Направить в адрес правообладателя (его представителя) через Сервис ответ об устранении возможных нарушений.
9.6.5. Құқық иеленушінің өтініші бойынша уәжді қарсылықтар болған жағдайда, Сатушы көрсетілген мерзімде Сервис арқылы құқық иеленушінің атына құқық иеленушінің айрықша құқықтарының бұзылмағанын бір мағынада растайтын құжаттарды (Сатушыда зияткерлік меншік объектісін пайдалануға құқықтардың бар екенін растайтын құжаттарды және (немесе) құқық иеленушінің келісімімен Тауарды азаматтық айналымға енгізуге құқығы бар тұлғадан Тауардың шыққанын растайтын құжаттарды) қоса бере отырып, дәйекті жауап жіберуге міндетті.	9.6.5. В случае наличия мотивированных возражений по обращению правообладателя Продавец в указанный срок обязан направить в адрес правообладателя через Сервис аргументированный ответ с приложением документов, однозначно подтверждающих отсутствие нарушения исключительных прав правообладателя (документов, подтверждающих наличие у Продавца прав на использование объекта интеллектуальной собственности и (или) документов, подтверждающих происхождение Товара от лица, имеющего право на введение Товара в гражданский оборот с согласия правообладателя).
9.6.6. Құқық иеленушінің айрықша құқықтарының бұзылмағанын растайтын құжаттарға мыналар жатуы мүмкін:	9.6.6. К документам, подтверждающим отсутствие нарушения исключительных прав правообладателя, могут относиться:
1) Тауарда немесе Тауар Карточкасында айрықша құқығы құқық иеленушіге тиесілі зияткерлік меншік объектісі емес, ал айрықша құқығы Сатушыға тиесілі зияткерлік меншік объектісі пайдаланылғанын растайтын құжаттар: тауар белгісіне/өнертабысқа/пайдалы модельге/өнеркәсіптік үлгіге куәлік, түпнұсқа кескіндерді олардың визуализациясымен қоса беру туралы мәліметтерді қамтитын жабушы құжаттары бар авторлық тапсырыс шарты, түпнұсқа кескіндерді олардың визуализациясымен қоса беру туралы мәліметтерді қамтитын жабушы құжаттары бар кескіндерге айрықша құқықтарды иеліктен шығару шарты және т.б.;	1) Документы, подтверждающие, что на Товаре или в Карточке Товара использован не объект интеллектуальной собственности, исключительное право на который принадлежит правообладателю, а объект интеллектуальной собственности, исключительное право на который принадлежат Продавцу: свидетельство на товарный знак/изобретение/полезную модель/промышленный образец, договор авторского заказа с закрывающими документами, включающий сведения о передаче оригинальных изображений с их визуализацией, договор

	отчуждения исключительных прав на изображения с закрывающими документами, включающий сведения о передаче оригинальных изображений с их визуализацией, и т.п.;
2) Сатушыда Тауарда немесе Тауар Карточкасында зияткерлік меншік объектісін пайдалану құқығының бар екенін растайтын құжаттар: лицензиялық немесе дистрибьюторлық шарт, құқық иеленушінің зияткерлік меншік объектісін пайдалануға келісімі;	2) Документы, подтверждающие наличие у Продавца права использования объекта интеллектуальной собственности в Товаре или Карточке Товара: лицензионный или дистрибьюторский договор, согласие правообладателя на использование объекта интеллектуальной собственности;
3) Айрықша құқықтардың таусылғанын растайтын құжаттар (құқық иеленушінің немесе оның келісімімен Тауарды Еуразиялық экономикалық одақ аумағында немесе заңда көзделген жағдайларда өзге мемлекеттердің аумағында азаматтық айналымға енгізуі): Тауардың заңды шығу тегін растайтын шарттар мен тапсыру құжаттары.	3) Документы, подтверждающие исчерпание исключительных прав (введение в гражданский оборот Товара правообладателем или с его согласия на территории Евразийского экономического союза или на территории иных государств в предусмотренных законом случаях): договоры и передаточные документы, подтверждающие законное происхождение Товара.
9.6.7. Егер құқық иесінің өтініші Сатушы тарапынан қаралмаса және оған көрсетілген мерзімде жауап берілмесе, сондай-ақ көрсетілген мерзім өткеннен кейін құқық иесінің айрықша құқықтарын ықтимал бұзу фактісінің бар екені расталған немесе Сатушы құқық иесінің айрықша құқықтарының бұзылуының жоқ екенін бірмәнді түрде растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Вайлдберриз Порталда Тауар карточкасын бұғаттауға (орналастыруды тоқтата тұруға) немесе жоюға, сондай-ақ 9.11.5-т. сәйкес Порталда Сатушының Жеке кабинетін бұғаттауға құқылы.	9.6.7. В случае, если обращение правообладателя не было рассмотрено Продавцом и на него не был дан ответ в указанный срок, а также в случае подтверждения по истечении указанного срока наличия факта возможного нарушения исключительных прав правообладателя или непредоставления Продавцом документов, однозначно подтверждающих отсутствие нарушения исключительных прав правообладателя, Вайлдберриз имеет право заблокировать (приостановить размещение) или удалить Карточку Товара на Портале, а также заблокировать Личный кабинет Продавца на Портале в соответствии с п. 9.11.5.
9.6.7.1. Құқық иесі сатушының сатуға ұсынылатын Тауарға қатысы жоқ бейне және/немесе фотосуреттерді, оның ішінде онда орналастырылған өзге де зияткерлік меншік объектілерін құқыққа қайшы орналастыруы мәселесі бойынша жүгінген жағдайда, құқық иесі көрсеткен даулы бейне және/немесе фотосуреттер Тауар карточкасынан жасырылады (жойылады). Зияткерлік меншік құқықтарының өзге де бұзушылықтары немесе құқық иесінің құқықтарының ықтимал бұзушылықтарын жою мақсатында барлық мәлімделген объектілерді жасыруға (жоюға) мүмкіндік бермейтін техникалық кедергілер анықталған кезде, Офертаның 9.6.7-т. қолданылады;	9.6.7.1. В случае обращения правообладателя по вопросу неправомерного размещения продавцом видео- и/или фотоизображения, включая размещённых на нём иных объектов интеллектуальной собственности, не связанных с предлагаемым к продаже товаром, указанные правообладателем спорные видео- и/или фотоизображения скрываются (удаляются) из карточки Товара. При выявлении иных нарушений прав на интеллектуальную собственность или технических препятствий, не позволяющих скрыть (удалить) все заявленные объекты в целях устранения возможных нарушений прав правообладателя, применяется п.9.6.7 Оферты;
9.6.7.2. Сатушының көрсетілген бұзушылықтарға жол бергені немесе 9.6.4-т. көрсетілген міндеттемелерді орындамағаны үшін Айыппұлдар тізбесінде көзделген мөлшерде айыппұл өндіріп алынады.	9.6.7.2. За допущение Продавцом указанных нарушений или невыполнение обязательств, указанных в п.9.6.4., взимается штраф в размере, предусмотренном Перечнем штрафов.
9.6.8. Карточкасы 9.6.7-тармаққа сәйкес бұғатталған Тауарды Сатушыға қайтару 11.2-бөлімде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.	9.6.8. Возврат Продавцу Товара, Карточка которого была заблокирована в соответствии с п. 9.6.7 осуществляется в порядке, предусмотренном разделом 11.2.
9.7. **Құжаттарды ұсыну**	9.7. **Предоставление документов**
9.7.1. Сатушы Вайлдберриз сұрау салуы бойынша сатылатын Тауарға барлық қажетті құжаттарды (сәйкестік туралы декларациялар, сәйкестік сертификаттары, өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, медициналық бұйымға тіркеу куәлігі және т.б.) ұсынуға немесе Порталдағы тауар карточкасындағы арнайы өрісте сәйкестікті бағалаудан өткенін растайтын құжат туралы деректерді сұрау салу түскен сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде орналастыруға міндетті. Егер құжаттар ұсынылмаса, сұрау салу жіберілген Тауар Карточкасы бұғатталады.	9.7.1. Продавец обязан по запросу от Вайлдберриз предоставить все необходимые документы на реализуемый Товар (декларации о соответствии, сертификаты соответствия, свидетельство о государственной регистрации продукции, регистрационное удостоверение на медицинское изделие и т. п.), либо разместить в карточке товара на Портале в специальном поле данные о документе, подтверждающем прохождение оценки соответствия, в течение 3 рабочих дней с момента поступления запроса. Если документы не будут предоставлены, Карточка Товара, в отношении которого был отправлен запрос, блокируется.

9.7.2. Вайлдберриз кез келген уақытта Сатушыдан мыналарды сұратуға құқылы:	9.7.2. Вайлдберриз вправе в любое время запросить у Продавца:
1) Тауар карточкасында пайдаланылатын зияткерлік қызмет нәтижелерін және дараландыру құралдарын пайдалану құқығын растайтын құжаттарды;	1) документы, подтверждающие право на использование результатов интеллектуальной деятельности и средств индивидуализации, используемых в Карточке товара;
2) Тауардың сапасын және Тауардың міндетті талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды, соның ішінде, бірақ онымен шектелместен: сәйкестік сертификаттарын, сәйкестік туралы декларацияларды, Тауарды тіркеу туралы куәліктерді;	2) Документы, подтверждающие качество Товара и соответствие Товара обязательным требованиям, в том числе, но не ограничиваясь: сертификаты соответствия, декларации о соответствии, свидетельства о регистрации Товара;
3) Тауардың кез келген сипаттамалары туралы дұрыс ақпаратты және осындай сипаттамаларды растайтын құжаттарды;	3) Корректную информацию о любых характеристиках Товара и документы, подтверждающие такие характеристики;
4) Тауар Карточкасында қамтылған ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін растайтын өзге де құжаттарды.	4) Иные документы, подтверждающие соответствие информации, содержащейся в Карточке Товара, законодательству Республики Казахстан.
9.7.3. Сұрау салуды Вайлдберриз Сатушыға Портал арқылы немесе Сатушы Порталда көрсеткен электрондық пошта мекенжайына жіберуі мүмкін. Сатушы Вайлдберризге сұратылған құжаттардың электрондық скан-көшірмелерін ұсынуға міндетті (Вайлдберридің талабы бойынша мұндай скан-көшірмелер Сатушының қолымен және мөрімен куәландырылуы тиіс). Сатушы осы тармақта көзделген міндетті мұндай құжаттарды бұрын ұсынғанына (соның ішінде бұрын түскен Вайлдберриз сұрау салулары бойынша) қарамастан орындауға тиіс.	9.7.3. Запрос может быть направлен Вайлдберриз Продавцу посредством Портала или на адрес электронной почты, указанный Продавцом на Портале. Продавец обязан предоставить Вайлдберриз электронные скан-копии запрашиваемых документов (по требованию Вайлдберриз такие скан-копии должны быть заверены подписью и печатью Продавца). Продавец должен выполнить предусмотренную настоящим пунктом обязанность независимо от того, были ли им предоставлены такие документы ранее (в том числе по ранее поступившим запросам Вайлдберриз).
9.7.4. Сатушы Вайлдберриз тиісті сұрау салуды жіберген күннен бастап 3 (Үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде аталған құжаттарды ұсынуға міндетті.	9.7.4. Продавец обязан в срок, не превышающий 3 (Три) рабочих дня с даты направления Вайлдберриз соответствующего запроса, предоставить указанные документы.
9.7.5. Вайлдберриз 9.7.2-тармақта көрсетілген, Тауарды Вайлдберриз сайтында орналастыру күніне қолданыста болған, сондай-ақ орналастыру күнінен бастап Вайлдберриз сұрау салуы күніне дейінгі бүкіл кезең ішінде қолданыста болған құжаттарды сұратуға құқылы.	9.7.5. Вайлдберриз вправе запрашивать указанные в пункте 9.7.2 документы, действовавшие как на дату размещения Товара на сайте Вайлдберриз, так и действующие в течение всего периода с даты размещения и до даты запроса Вайлдберриз.
9.8. **Рейтингтер және қайтаруға өтінімдер**	9.8. **Рейтинги и заявки на возврат**
11.3.2. Сондай-ақ, егер Вайлдберриз Сатушыға Тауардың жоғалғаны туралы, соның ішінде 11.3.1-тармақта көрсетілген мерзім өткенге дейін хабарласа, Тауар жоғалған болып танылады. Вайлдберриз Сатушыға Тауардың жоғалғаны туралы Жеке кабинетте 11.3.5-тармақтың 2-тармақшасы негізінде айқындалған жоғалған Тауардың тізбесі, саны және құны туралы мәліметтерді орналастыру арқылы, соның ішінде мұндай ақпаратты Тауарды сату туралы есепке	11.3.2. Также Товар признается утраченным, если Вайлдберриз сообщил Продавцу об утрате Товара, в том числе до истечения срока, указанного в пункте 11.3.1. Вайлдберриз может сообщить об утрате Товара Продавцу посредством размещения в Личном кабинете сведений о перечне, количестве и стоимости утраченного Товара, определенной на основании подпункта 2 пункта 11.3.5, в том числе посредством включения такой информации в Отчет

немесе Порталдағы күнделікті есептерге қосу арқылы хабарлай алады.	о реализации Товара или ежедневные отчеты на Портале.
11.3.3. 11.3.1-тармақта көзделген жағдайларда, Тауар тиісті Тауарды қайтару мерзімі өткеннен кейін жоғалған болып танылады. 11.3.2-тармақта көзделген жағдайда, Тауар Сатушы хабарламаны алған сәттен бастап жоғалған болып танылады.	11.3.3. В случаях, предусмотренных пунктом 11.3.1, Товар признается утраченным с истечения соответствующего срока возврата Товара. В случае, предусмотренном пунктом 11.3.2, Товар признается утраченным с момента получения Продавцом сообщения.
11.3.4. Тауар жоғалған жағдайда, мұндай жоғалу еңсерілмес күш жағдайларының салдары болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Вайлдберриз Сатушыға нақты залалды өтеуге міндеттенеді, оның мөлшері Шартқа сәйкес айқындалады. Жіберіп алған пайда, соның ішінде Сатушының бөлшек бағасы (5.1-тармақ) мен Шартта көзделген тәртіппен айқындалған залал сомасы арасындағы айырмашылық мөлшеріндегі жіберіп алған пайда, сондай-ақ кез келген өзге де жанама залалдар өтелуге жатпайды.	11.3.4. В случае утраты Товара, за исключением случаев, когда такая утрата является следствием обстоятельств непреодолимой силы, Вайлдберриз обязуется возместить Продавцу реальный ущерб, размер которого определяется в соответствии с Договором. Упущенная выгода, в том числе упущенная выгода в размере разницы между Розничной ценой продавца (пункт 5.1) и суммой определенного в предусмотренном Договором порядке ущерба, а также любые иные косвенные убытки возмещению не подлежат.
11.3.5. 11.3.7-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тауар жоғалған жағдайдағы өтемақы мөлшері мына формула бойынша анықталатын тауардың есептік құнының мөлшеріне тең болып белгіленеді:	11.3.5. Размер компенсации в случае утраты Товара за исключением случаев, предусмотренных пунктом 11.3.7., определяется равным размеру расчетной стоимости товара (Св), определяемой по формуле:
Б = (Ц - Ц * кВБ) / (1 + С), мұнда:	Св = (Ц - Ц * кВВ) / (1 + Н), где:
Ц – 11.3.6-тармақта көзделген тәртіппен айқындалатын Әлеуетті баға;	Ц – Потенциальная цена, определяемая в порядке, предусмотренном пунктом 11.3.6;
кВБ - Тауар жоғалған күні 12.5-тармаққа сәйкес есептелетін Вайлдберриз Сыйақысының коэффициенті;	кВВ - Коэффициент Вознаграждения Вайлдберриз, рассчитываемый согласно пункта 12.5 на дату утраты Товара;
С – Тауарға және Тауарды жоғалту өтемақысын төлеу күніне Сатушының ҚҚС төлеушісі болып табылатынына байланысты қосылған құн салығы мөлшерлемесінің мөлшері.	Н – размер ставки налога на добавленную стоимость в зависимости от Товара и того, является ли Продавец плательщиком НДС на дату выплату компенсации утраты Товара.
11.3.6. Әлеуетті баға (Ц), егер Тауар кемінде 10 рет сатылған болса, Сайтта Тауарды соңғы сату күнінің алдындағы 365 күн ішінде Тауарды әрбір сату кезіндегі Сатушының бөлшек бағаларының (5.1-тармақ) орташа мәні ретінде есептеледі. Егер осы тармаққа сәйкес есептелген Әлеуетті баға Сайтта тауарларды сататын барлық сатушылардың сол Пәнге жататын тауарларға бөлшек бағаларынан Сатушының ең жоғары Бөлшек бағасының (5.1-тармақ) мәніне тең Пән бойынша ең жоғары бағадан асса, Әлеуетті баға Пән бойынша ең жоғары бағаға тең болып танылады.	11.3.6. Потенциальная цена (Ц) рассчитывается при условии, если Товар был продан не менее 10 раз, как среднее значение Розничных цен Продавца (пункт 5.1) на Товар при каждой продаже Товара за 365 дней, предшествующих дате последней продажи Товара на Сайте. Если Потенциальная цена, рассчитанная в соответствии с настоящим пунктом, превышает Максимальную цену по Предмету, равную значению максимальной Розничной цены Продавца (пункт 5.1) из Розничных цен на относящиеся к тому же Предмету товары всех продавцов, реализующих товары на Сайте, Потенциальная цена признается равной Максимальной цене по Предмету.
11.3.7. Вайлдберриз Сатушыдан сатып алу құнын растайтын құжаттарды сұратуға құқылы. Сатушы сұрау салуды алған сәттен бастап 10 күн ішінде Тауарды сатып алуға немесе Сатушының Тауарды өндіруіне жұмсалған шығыстардың мөлшерін (бұдан әрі – «Өзіндік құн») растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті, оларға мыналар жатады: шарттар, тауар жүкқұжаттары, тауарды қабылдау-беру актілері және әмбебап беру құжаттары, шот-фактуралар және Тауарды сатып алуға/дайындауға жұмсалған шығыстардың төленгенін растайтын құжаттар. Тауар жоғалған жағдайдағы өтемақы, егер Вайлдберриз Сатушы ұсынған құжаттар негізінде айқындалған мөлшерде өтемақы төлеумен келісетінін білдірсе, Өзіндік құн мөлшерінде белгіленеді. Өтемақы Сатушының жоғалтуға байланысты барлық залалдарын жабады.	11.3.7. Вайлдберриз вправе запросить у Продавца документы, подтверждающие закупочную стоимость. Продавец обязан в течение 10 дней с момента получения запроса предоставить документы, подтверждающие размер расходов на приобретение Товара или производство Товара Продавцом (далее – «Себестоимость»), к которым относятся: договоры, товарные накладные, акты приема-передачи товара и универсальные передаточные документы, счета-фактуры и документы, подтверждающие оплату расходов, понесенных на приобретение/изготовление Товара. Компенсация в случае утраты Товара устанавливается в размере Себестоимости в случае, если Вайлдберриз выразило согласие с выплатой компенсации в размере, определенном на основании представленных Продавцом документов. Компенсация покрывает все убытки Продавца, связанные с утратой.
11.3.8. Вайлдберриз Шарттың осы бөлімінде көзделген өтемақыларды Сатушы талап қойған сәттен бастап немесе, егер сұратылған болса, Сатушы Өзіндік құн туралы құжаттарды ұсынған сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде төлейді.	11.3.8. Вайлдберриз выплачивает компенсации, предусмотренные настоящим разделом Договора, в течение 30 рабочих дней с момента предъявления требования Продавцом либо с момента предоставления Продавцом документов о Себестоимости, если они были запрошены.

11.3.9. Вайлдберриз Сатушының Жеке кабинетінде залалды өтеу сомасы талап етуге қолжетімді ретінде көрсетілген сәттен бастап залалды өтеу жөніндегі міндетті орындады деп танылады. Вайлдберриз залалды Сатушы ақшалай қаражатты талап еткен сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде Сатушының шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы өтейді, бұл талап ету 5.7-тармақта көзделгендей тек Порталдағы Жеке кабинетті пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.	11.3.9. Вайлдберриз признается исполнившим обязанность по возмещению ущерба с момента отражения суммы возмещения ущерба в Личном кабинете Продавца как доступной к востребованию. Вайлдберриз компенсирует ущерб посредством перечисления денежных средств на счёт Продавца в течение 5 рабочих дней с момента востребования денежных средств Продавцом, которое должно быть осуществлено только с использованием Личного кабинета на Портале, как это предусмотрено пунктом 5.7.
11.3.10. 11.3.1 – 11.3.9-тармақтардың шарттары Санкт-Петербург қ., Пушкин ауданы, Шушары кенті, Московское тас жолы, 153, 2-корп. мекенжайындағы Вайлдберриз қоймасында 13.01.2024 ж. болған өрт нәтижесінде Тауардың жоғалуынан Сатушыға келтірілген залалды өтеу жөніндегі тараптардың қатынастарына қолданылмайды.	11.3.10. Условия пунктов 11.3.1 – 11.3.9 не применяются к отношениям сторон по возмещению Продавцу ущерба, причиненного утратой Товара в результате пожара, состоявшегося 13.01.2024 на складе Вайлдберриз в г.Санкт-Петербург, Пушкинский район, посёлок Шушары, Московское шоссе, 153, корп. 2
11.3.11. Қолданылмайды	11.3.11. Не применяется
11.3.12. Егер Вайлдберриз қоймада Сатушыға бұрын өтемақы төленген Тауарды анықтаса, онда Вайлдберриз Сатушыға бұрын төленген өтемақыны ұстап қала отырып және Сатушының Балансында тиісті операцияны көрсете отырып, Сатушының Жеке кабинетінде аталған Тауардың бар екенін көрсетуге құқылы.	11.3.12. В случае если Вайлдберриз обнаружит на складе Товар, за который Продавцу ранее была выплачена компенсация, то Вайлдберриз вправе отразить наличие указанного Товара в Личном кабинете Продавца с удержанием ранее выплаченной компенсации Продавцу и отражением соответствующей операции на Балансе Продавца.
11.4. **13.01.2024 ж. болған өрт салдарынан жоғалған Тауарлар үшін өтемақы**	11.4. **Компенсация за Товары, утраченные вследствие пожара, произошедшего 13.01.2024**
11.4.1. 13.01.2024 ж. Санкт-Петербург қ., Пушкин ауданы, Шушары кенті, Московское тас жолы, 153, 2-корп. мекенжайындағы Вайлдберриз қоймасында болған өрт нәтижесінде Тауардың жоғалуынан келтірілген залалға қатысты, Вайлдберриз Тауардың жоғалғаны туралы Порталдағы «Шушарыдағы тауарлар үшін өтемақы» парақшасында .xls пішімінде Өтемақы туралы есепті орналастыру арқылы хабарлайды. Мұндай Өтемақы туралы есепті орналастыру Тауардың жоғалғаны туралы хабарлама болып танылмайды. Жоғалған Тауардың құнын өтеу туралы есеп Вайлдберриздің Өтемақы туралы есепте көрсетілген тауардың жоғалуынан келтірілген залалды Өтемақы туралы есепте айқындалған мөлшерде және мерзімде өтеу туралы ұсынысы болып табылады.	**11.4.1.** В отношении ущерба, причиненного утратой Товара в результате пожара, состоявшегося 13.01.2024 на складе Вайлдберриз в г.Санкт-Петербург, Пушкинский район, посёлок Шушары, Московское шоссе, 153, корп. 2, Вайлдберриз сообщает об утрате Товара путем размещения Отчета о компенсации в формате .xls на странице Портала «Компенсация за товары в Шушарах». Размещение такого Отчета о компенсации не признается сообщением об утрате Товара. Отчет о компенсации стоимости утраченного Товара является предложением Вайлдберриз о возмещении ущерба, причиненных утратой указанного в Отчете о компенсации товара, в размере и сроки, определенные в Отчете о компенсации.
11.4.2. Сатушы Есеп орналастырылған Портал парақшасында «Есеппен келісу» батырмасын басу арқылы Өтемақы туралы есепті қабылдауға құқылы. Сатушының Есепті қабылдауы Сатушының Вайлдберризбен келісім жасасқанын білдіреді, онда Есепте көрсетілген шарттарда Сатушы шеккен залалдың мөлшері мен оны өтеу мерзімдері белгіленеді. Есепті қабылдай отырып, Сатушы өтемақы сомасы 13.01.2024 ж. Санкт-Петербург қ., Пушкин ауданы, Шушары кенті, Московское тас жолы, 153, 2-корп. мекенжайындағы Вайлдберриз қоймасында болған өрт нәтижесінде Тауардың жоғалуынан туындаған Сатушының барлық шығындарын жабатынын және Сатушының Вайлдберризге аталған оқиғаға байланысты өзге талаптары (претензиялары) мен талап ету құқықтары жоқ екенін растайды.	11.4.2. Продавец вправе принять Отчет о компенсации посредством нажатия кнопки «Согласиться с Отчетом» на странице Портала, где размещен Отчет. Принятие Продавцом Отчета означает заключение Продавцом с Вайлдберриз соглашения, которым устанавливается размер понесенного Продавцом ущерба и сроки его возмещения, на условиях, указанных в Отчете. Принимая Отчет, Продавец подтверждает, что сумма компенсации покрывает все убытки Продавца, вызванные утратой Товара в результате пожара, состоявшегося 13.01.2024 на складе Вайлдберриз в г.Санкт-Петербург, Пушкинский район, посёлок Шушары, Московское шоссе, 153, корп. 2, и что Продавец не имеет к Вайлдберриз иных претензий и требований, связанных с указанным событием.
11.4.3. 11.4.2-тармақта көзделген тәртіппен келісілген өтемақы Сатушы оны келесі тәртіппен талап еткен жағдайда төленеді:	11.4.3. Компенсация, согласованная в порядке, предусмотренном пунктом 11.4.2, уплачивается при условии ее востребования Продавцом в следующем порядке:
1) Есептің ажырамас бөлігі болып табылатын кестеде көзделген өтемақы сомасы немесе оның бөлігі Порталдағы Сатушының Жеке кабинетінде мұндай кестеде көрсетілген күннен кешіктірілмей төлеуге қолжетімді ретінде көрсетіледі. Өтемақы сомасы Порталдағы Сатушының Жеке кабинетінде мұндай	1) Сумма компенсации или ее часть, предусмотренная графиком, являющимся неотъемлемой частью Отчета, будет отражена в Личном кабинете Продавца на Портале как доступная к выплате не позднее даты, указанной в таком графике. Сумма компенсации может отражаться в Личном кабинете

мерзім өткенге дейін бөліктермен көрсетілуі мүмкін. Порталдағы Сатушының Жеке кабинетінде өтемақы көрсетілген сәттен бастап:	Продавца на Портале частями до истечения такого срока. С момента отражения компенсации в Личном кабинете Продавца на Портале:
– Вайлдберриз тиісті бөлікте өтемақы төлеу жөніндегі міндетті орындады деп танылады;	– Вайлдберриз признается исполнившим обязанность по выплате компенсации в соответствующей части;
– Сатушы Жеке кабинетте көрсетілген сомада өтемақы төлеуді талап етуге құқылы.	– Продавец вправе востребовать выплату компенсации в сумме, отраженной в Личном кабинете.
2) Сатушы төлемді 5.7-тармақта көзделгендей тек Порталдағы Жеке кабинетті пайдаланып, «Шығару» батырмасын басу арқылы талап етуге құқылы.	2) Продавец вправе востребовать выплату только с использованием Личного кабинета на Портале, как это предусмотрено пунктом 5.7, путем нажатия кнопки – «Вывести».
3) Вайлдберриз өтемақы сомасын Сатушы ақшалай қаражатты талап еткен сәттен бастап 5 (Бес) жұмыс күні ішінде Порталда көрсетілген Сатушының шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы төлейді.	3) Вайлдберриз уплачивает сумму компенсации посредством перечисления денежных средств на счёт Продавца, указанный на Портале, в течение 5 (Пяти) рабочих дней с момента востребования денежных средств Продавцом.
11.4.4. Тараптар Порталда талап етуге қолжетімді сома 11.4.2-тармақта көзделген келісім бойынша өтемақыны және Тауарларды сатудан түскен және Сатушыға аударылуға жататын ақшалай қаражатты қамтитынын мойындайды, бұдан Сату туралы шарт бойынша соңғы есепті кезең аяқталған сәттегі Вайлдберриздің Сатушыға қоятын талаптары (сыйақыны төлеу, шығындарды өтеу, қызметтер мен тұрақсыздық айыптарын төлеу және Сатушының Шартта көзделген өзге де міндеттемелерін орындау туралы) шегеріледі. Егер осы тармақта көрсетілген мән-жайға байланысты талап етуге қолжетімді сома өтемақы сомасынан аз болса, Вайлдберриз өтемақы төлеу жөніндегі міндетті бұзды деп танылмайды.	11.4.4. Стороны признают, что доступная к востребованию сумма на Портале будет включать в себя компенсацию по предусмотренному пунктом 11.4.2 соглашению и денежные средства, вырученные от реализации Товаров и подлежащие перечислению Продавцу, за вычетом требований Вайлдберриз к Продавцу, существующих на момент окончания последнего отчетного периода по Договору о реализации (об уплате вознаграждения, возмещении издержек, оплате услуг и неустоек, и исполнении иных предусмотренных Договором обязательств Продавца). Вайлдберриз не признается нарушившим обязанность по уплате компенсации в случае, если сумма доступная к востребованию будет меньше, чем сумма компенсации, в связи с указанным в настоящем пункте обстоятельством.
11.4.5. Егер Сатушы Өтемақы туралы есеппен келіспесе, Сатушы Сатушының Тауарды сатып алу құнын немесе Сатушының Тауарды өндіру құнын растайтын құжаттарды ұсынады, оларға мыналар жатады: шарттар, тауар жүккұжаттары, тауарды қабылдау-беру актілері және әмбебап беру құжаттары, шот-фактуралар және Тауарды сатып алуға жұмсалған шығыстардың төленгенін растайтын құжаттар. Вайлдберриз мұндай шығыстардың болғанын растау үшін қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Егер Вайлдберриз құжат жүзінде расталған Тауарларды сатып алу құны мөлшерінде залалды өтеумен келісетінін білдірсе, залал осындай құн мөлшерінде өтеледі.	11.4.5. Если Продавец не согласен с Отчетом о компенсации Продавец предоставляет документы, подтверждающие стоимость приобретения Товара Продавцом или стоимость производства Продавцом Товара, к которым относятся: договоры, товарные накладные, акты приема-передачи товара и универсальные передаточные документы, счета-фактуры и документы, подтверждающие оплату расходов, понесенных на приобретение Товара. Вайлдберриз вправе запросить дополнительные документы в подтверждение несения таких расходов. В случае, если Вайлдберриз выразит согласие с возмещением ущерба в размере документально подтвержденной стоимости приобретения Товаров, ущерб будет возмещен в размере такой стоимости.
11.5. **Вайлдберриз аумағындағы мінез-құлық ережелері**	11.5. **Правила поведения на территории Вайлдберриз**
11.5.1. Вайлдберризге тиесілі немесе оның пайдалануында және иелігінде болатын аумақта барлық тұлғалардың (соның ішінде Сатушының, оның қызметкерлерінің және ол тартқан өзге де тұлғалардың) сақтауы үшін міндетті келесі мінез-құлық ережелері белгіленген:	11.5.1. На территории, принадлежащей или находящейся в пользовании и владении Вайлдберриз, установлены следующие правила поведения, обязательные для соблюдения всеми лицами (в том числе Продавцом, его работниками и иными привлеченными им лицами):
– аумаққа өтуге тек арнайы рұқсаттама болған жағдайда рұқсат етіледі;	–проезд на территорию разрешается только при наличии специального пропуска;
– шлагбаум астымен жаяу өтуге немесе турникетті айналып өтуге тыйым салынады;	–пеший проход под шлагбаумом или проход в обход турникета запрещены;
– тауарлық-материалдық құндылықтарды автомобильдерге тиеуге арналған доктар арқылы ғимараттарға кіруге рұқсат етілмейді;	–не разрешается проникновение в здания через доки, предназначенные для погрузки товарно-материальных ценностей в автомобили;
– темекі шегуге тек арнайы бөлінген орындарда рұқсат етіледі;	–курение разрешается только в специально отведенных для этого местах;
– қоқысты қалдыруға немесе жинауға тек арнайы бөлінген орындарда рұқсат етіледі;	–оставление или складирование мусора разрешено только в специально отведенных для этого местах;
– аумақта алкогольдік және/немесе есірткілік мас күйде не Қазақстан Республикасының аумағында	–не разрешается нахождение на территории в состоянии алкогольного и/или наркотического опьянения либо с

айналымына тыйым салынған сұйықтықтармен және/немесе заттармен болуға рұқсат етілмейді;	запрещенными к обороту на территории Республики Казахстан жидкостями и/или веществами.
– аумақ бойынша 20 км/сағ-тан астам жылдамдықпен қозғалуға рұқсат етілмейді;	– не разрешается передвижение по территории со скоростью более 20 км/ч;
– автомобильді жөндеуге немесе техникалық сұйықтықтардың төгілуіне жол беруге рұқсат етілмейді;	– не разрешается ремонт автомобиля или допущение розлива технических жидкостей;
– Вайлдберриз күзет қызметкерлерінің автомобильді Вайлдберриз аумағы бойынша ауыстыру туралы талаптарын қойған кезде әрекетсіздік танытуға рұқсат етілмейді;	– не разрешается бездействие при предъявлении требований сотрудников охраны Вайлдберриз о перемещении автомобиля по территории Вайлдберриз;
– жауапкершілігі Қазақстан Республикасының азаматтық, қылмыстық және әкімшілік заңнамасында көзделген құқыққа қайшы әрекеттерді жасауға рұқсат етілмейді.	– не разрешается совершение противоправных действий, ответственность за которые предусмотрена гражданским, уголовным и административным законодательством Республики Казахстан.
Сатушы қызметкерлерді және ол тартатын өзге де тұлғаларды осы тармақта көрсетілген Вайлдберриз аумағындағы мінез-құлық ережелері туралы хабардар етуге міндетті. Сатушы, оның қызметкерлері немесе ол тартқан өзге де тұлғалар Вайлдберриз аумағындағы мінез-құлық ережелерін бұзған жағдайда, Сатушыға Айыппұлдар тізбесінде көзделген жағдайларда және мөлшерде айыппұл салынады.	Продавец обязан проинформировать работников и иных привлекаемых им лиц о правилах поведения на территории Вайлдберриз, указанных в настоящем пункте. В случае нарушения Продавцом, его работниками или иными привлеченными им лицами правил поведения на территории Вайлдберриз на Продавца налагается штраф в случаях и размере, предусмотренных Перечнем штрафов.
11.5.2. Сатушының қызметкерлері немесе ол тартқан өзге де тұлғалар жасаған құқыққа қайшы әрекеттерді Вайлдберриз тіркеген жағдайда, Сатушы сұрау салу бойынша Вайлдберризге осындай құқық бұзушыларға қатысты өзінде бар ақпаратты ұсынуға және құқық бұзушыларды жауапкершілікке тарту үшін қажетті жәрдем көрсетуге міндетті. Тіркеу деп техникалық құралдардың (аудио немесе бейнебақылау жүйелері, көшедегі жол қозғалысы камералары) көмегімен құқық бұзушылықты тіркеу де, куәгерлердің айғақтарының, ішкі тексерулер мен жедел-тергеу іс-шараларын жүргізу нәтижелерінің болуы да түсініледі.	11.5.2. В случае фиксации Вайлдберриз противоправных действий, совершенных работниками Продавца или иными привлекаемыми им лицами, Продавец обязан по запросу представить Вайлдберриз имеющуюся у него информацию в отношении таких правонарушителей и осуществлять содействие, необходимое для привлечения правонарушителей к ответственности. Под фиксацией понимается как фиксация правонарушения при помощи технических средств (системы аудио или видеонаблюдения, уличные камеры дорожного движения), так и наличие свидетельских показаний, результатов проведения внутренних проверок и оперативно-следственных мероприятий.
11.5.3. Қолданылмайды.	11.5.3. Не применяется.
11.6. **Проблемалық тауар коэффициенті**	11.6. **Коэффициент проблемного товара**
11.6.1. Проблемалық тауар коэффициенті (Кпт) апта сайын мына формула бойынша есептеледі:	11.6.1. Коэффициент проблемного товара (Кпт) рассчитывается еженедельно по формуле:
Кпт = (ПТ / Т) * 100%, мұнда	Кпт = (ПТ / Т) * 100%, где
ПТ – есеп айырысу кезеңінде мыналар анықталған Сатушы Тауарлары бірліктерінің саны:	ПТ – количество единиц Товаров Продавца, в которых за расчетный период обнаружены:
– бүлінулер мен кемшіліктер, соның ішінде таранның, қаптаманың немесе таңбалаудың;	– повреждения и недостатки, в том числе тары, упаковки или маркировки;
– жиынтықсыздық және жиынтықтың толық болмауы;	– некомплектность и неполнота комплекта;
– Тауардың Тауар карточкасындағы ақпаратқа немесе Тауар қаптамасындағы таңбалауға сәйкес келмеуі (ауыстыру, сұрыптың шатасуы және т.б.); немесе	– несоответствия Товара информации в карточке Товара или маркировке на упаковке Товара (подмены, пересортица и т.п.); или
– тұтынушылық құндылықтың жоғалуына немесе төмендеуіне әкеп соғатын өзге де ақаулар;	– иные дефекты, влекущие утрату или снижение потребительской ценности;
Т – сатып алушылар қайтарған Тауарларды қоспағанда, есеп айырысу кезеңінде сатып алушылар қабылдаған Сатушы Тауарлары бірліктерінің саны.	Т – количество принятых покупателями за расчетный период единиц Товаров Продавца, за исключением возвращенных покупателями Товаров.
11.6.2. 11.6.1-тармақтағы есеп айырысу кезеңі Проблемалық тауар коэффициентін есептеу күнінің алдындағы 90 (тоқсан) күнге тең.	11.6.2. Расчетный период в пункте 11.6.1 равен 90 (девяноста) дням, предшествующим дню расчета Коэффициента проблемного товара.
11.6.3. Проблемалық тауар коэффициенті Сатушының Жеке кабинетінде жарияланады.	11.6.3. Коэффициент проблемного товара публикуется в Личном кабинете Продавца.
12. **Сыйақыны есептеу ережелері**	**12. Правила расчета вознаграждения**
12.1. Сатушы Есепті кезеңде Тауарды сатқаны үшін Вайлдберризге Сыйақы беруге міндеттенеді. Сыйақы Есепте оның сомасына ҚҚС қосыла отырып көрсетіледі.	12.1. Продавец обязуется предоставить Вайлдберриз Вознаграждение за реализацию Товара в Отчетном периоде. Вознаграждение указывается в Отчете с включением в его сумму НДС.

12.2. Вайлдберриз сыйақысы, 12.9-тармақтарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Сату туралы есепте мына формула бойынша есептеледі:	12.2. Вознаграждение Вайлдберриз, за исключением случаев, предусмотренных пунктами 12.9, рассчитывается в Отчете о продажах по следующей формуле:
В = Рц ∗ (кВВ + кС) − И , мұнда	В = Рц ∗ (кВВ + кС) − И , где
В - Тауарға қатысты тапсырманы орындағаны үшін Вайлдберриз Сыйақысы;	В - Вознаграждение Вайлдберриз за исполнение поручения в отношении Товара;
Рц – Сатып алушы Тауарға тапсырыс берген сәтте қолданыста болған, Сатушы Тауарға берген жеңілдіктерді қоса алғандағы Сатушының бөлшек бағасы;	Рц – Розничная цена Продавца, включая предоставленные Продавцом скидки на Товар, действующая на момент заказа Товара покупателем;
кВВ – Вайлдберриз Сыйақысының коэффициенті;	кВВ – Коэффициент Вознаграждения Вайлдберриз;
кС – Сатушы қоймасынан сату кезіндегі коэффициент;	кС – Коэффициент при продажах со склада Продавца;
И – 12.10-тармақта көрсетілген шығындарды қоспағанда, Тауарға қатысты тапсырманы орындау кезінде Вайлдберриз шеккен және Шартқа сәйкес Сатушы өтеуге тиіс Шығындар сомасы.	И – Сумма издержек, понесенных Вайлдберриз при исполнении поручения в отношении Товара и подлежащих возмещению Продавцом согласно Договору, за исключением издержек, указанных в пункте 12.10.
Егер (кВВ + кС) өрнегінің мәні 1%-дан аз болса, ол 1%-ға тең болып танылады.	Если значение выражения (кВВ + кС) менее 1%, то оно признается равным 1%.
12.3. Вайлдберриз Сыйақысы коэффициентінің (кВВ) мөлшері 12.5-тармаққа сәйкес айқындалады және Сыйақы сатылғаны үшін төленетін Тауар қай тауар санатына жататынына, сатып алушыда Вайлдберризге ұсынатын жеңілдігінің (бұдан әрі – WB Жеңілдігі) болуына және мөлшеріне, сондай-ақ Сатушы Порталдағы Тарифтік конструкторда қандай қосымша қызметтерді таңдағанына және Тауарды беру сәтінде оған көрсетілетініне байланысты болады.	12.3. Размер Коэффициента Вознаграждения Вайлдберриз (кВВ) определяется в соответствии с пунктом 12.5 и зависит от товарной категории, к которой относится Товар, за реализацию которого уплачивается Вознаграждение, наличия и размера скидки у покупателя, предоставляемой ему Вайлдберриз (далее – Скидка WB), а также того, какие дополнительные услуги, выбраны Продавцом в Тарифном конструкторе на Портале и оказываются ему в момент передачи Товара.
12.3.1. Сатушы мына мекенжай бойынша орналастырылған Тарифтік конструкторда қосымша қызметтерді (бұдан әрі – «Опциялар») көрсетуге тапсырыс бере алады: https://seller.wildberries.ru/tariff-constructor. Опциялардың кез келгені Сатушы Порталда тиісті өтінімді жасаған (Тарифтік конструкторда Опцияны таңдаған және акцептеген) сәттен бастап және Сатушы оны жойған сәтке дейін қолданылады, бұл ретте жою Сатушы Опцияны таңдау кезінде хабардар етілген мерзім өткеннен кейін ғана мүмкін болады. Аталған қосымша қызметтерді көрсету ережелері Порталда Тарифтік конструктор бөлімінде орналастырылады.	12.3.1. Продавец может заказывать оказание дополнительных услуг (далее – «Опции») в Тарифном конструкторе, размещенном по адресу: https://seller.wildberries.ru/tariff-constructor. Любая из Опций действует с момента создания Продавцом соответствующей заявки на Портале (выбора и акцепта Опции в Тарифном конструкторе) и до момента ее отмены Продавцом, при этом отмена возможна только по истечении срока, о котором Продавец информирован при выборе Опции. Правила оказания указанных дополнительных услуг размещаются на Портале в разделе Тарифный конструктор.
12.4. Вайлдберриз Тауарды Сатып алушыға WB Жеңілдігін ұсынады. WB Жеңілдігі Сатушының келісімімен белгіленген жеңілдік болып танылады. Вайлдберриз ұсынған, WB Жеңілдігіне жатпайтын өзге де жеңілдіктер кВВ есептеу кезінде ескерілмейді.	12.4. Вайлдберриз предоставляет Покупателю Товара Скидку WB. Скидка WB признается скидкой, установленной с согласия Продавца. Иные, не относящиеся к Скидке WB скидки, предоставленные Вайлдберриз, не учитываются при расчете кВВ.
12.5. Вайлдберриз сыйақысы коэффициентінің (кВВ) мөлшерін айқындау ережелері:	12.5. Правила определения размера коэффициента вознаграждения Вайлдберриз (КВВ):
12.5.1. Тараптар Тауарлардың атауларын/артикулдарын кестеде көрсетілген санаттарға жатқызу Вайлдберриздің ішкі тауарлық жіктемесіне сәйкес жүзеге асырылатынымен келіседі.	12.5.1. Стороны соглашаются с тем, что отнесение наименований/артикулов Товаров к указанным в таблице категориям осуществляется в соответствии с внутренней товарной классификацией Вайлдберриз.
12.5.2. Вайлдберриз сыйақысының коэффициенті (кВВ) мына формула бойынша есептеледі:	12.5.2. Коэффициент вознаграждения Вайлдберриз (КВВ) рассчитывается по формуле:
кВВ = (Х + Y - WB жеңілдігі %-бен), мұнда	КВВ = (Х + Y - скидка WB в %), где
Х - бұл Тауар санатына байланысты Портал парақшасында жарияланған кесте бойынша айқындалатын %-бен мән: https://static-basket-02.wbbasket.ru/vol20/folder/comission/KVV_KZ_20260313.pdf	Х - это значение в %, определяемое по таблице, опубликованной на странице портала: https://static-basket-02.wbbasket.ru/vol20/folder/comission/KVV_KZ_20260313.pdf в зависимости от категории Товара
Y – бұл Сатушы қандай Опцияларды қолданғанына байланысты айқындалатын және Порталда Тарифтік конструкторда «Тариф белсенді» бағанында көрсетілетін %-бен мән.	Y – это значение в %, определяемое в зависимости от того, какие Опции применил Продавец, и отображаемое на Портале в Тарифном конструкторе в графе «Тариф активен».
Бұл ретте кВВ кез келген жағдайда 1%-дан кем болмауы мүмкін.	При этом КВВ в любом случае не может быть менее 1%.

Тараптар Тауарлардың атауларын/артикулдарын кестеде көрсетілген санаттарға жатқызу Вайлдберриздің ішкі тауарлық жіктемесіне сәйкес жүзеге асырылатынымен келіседі.	Стороны соглашаются с тем, что отнесение наименований/артикулов Товаров к указанным в таблице категориям осуществляется в соответствии с внутренней товарной классификацией Вайлдберриз.
Егер «Витрина» (DBS) тәсілімен сатылған Тауарды Сатушы Сатып алушыға 24 сағат ішінде берген болса, онда X мәні 2 пайыздық тармаққа төмендетілуге жатады, бірақ бұл ретте X 3%-дан кем болмауы мүмкін. Егер «Витрина Экспресс» (EDBS) тәсілімен сатылған Тауарды Сатушы Сатып алушыға 1 сағат ішінде берген болса, онда X мәні 1 пайыздық тармаққа төмендетілуге жатады. Сатушының Тауарды Сатып алушыға беру мерзімі тапсырыс жасалған сәттен бастап Вайлдберриздің автоматтандырылған есепке алу жүйесінің деректері (Вайлдберриз статистикасының деректері) бойынша Тауар Сатып алушыға берілген сәтке дейін есептеледі.	Если Товар, проданный способом «Витрина» (DBS), был передан Продавцом Покупателю в течение 24 часов, то значение X подлежит снижению на 2 процентных пункта, но при этом X не может стать менее 3%. Если Товар, проданный способом «Витрина Экспресс» (EDBS), был передан Продавцом Покупателю в течение 1 часа, то значение X подлежит снижению на 1 процентный пункт. Срок передачи Товара Продавцом Покупателю рассчитывается с момента создания заказа до момента передачи Товара Покупателю по данным автоматизированной системы учета Вайлдберриз (данные статистики Вайлдберриз).
12.6. Қолданылмайды.	12.6. Не применяется.
12.7. Сатушы қоймасынан сату кезіндегі Коэффициенттің (кС) мөлшері келесі тәртіппен айқындалады:	12.7. Размер Коэффициента при продажах со склада Продавца (кС) определяется в следующем порядке:
12.7.1. Егер Тауар «Маркетплейс» (FBS) тәсілімен сатылса, Сатушы қоймасынан сату кезіндегі Коэффициент (кС) мына формула бойынша есептеледі:	12.7.1. Если Товар продан способом «Маркетплейс» (FBS), то Коэффициент при продажах со склада Продавца (кС) рассчитывается по формуле:
кС = (Тф – Тн) * 0,1, мұнда:	кС = (Тф – Тн) * 0,1, где:
Тф – бұл Сатып алушы тапсырысы туралы ақпарат Порталда орналастырылған сәттен бастап Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген сәтке дейінгі толық сағаттар саны;	Тф – это количество полных часов с момента размещения на Портале информации о заказе Покупателя до момента передачи Товара Продавцом Вайлдберриз;
Тн – бұл 12.7.6-тармақта көзделген тәртіппен Вайлдберриз айқындаған базалық сағаттар саны, ол кез келген жағдайда 24 (жиырма төрттен) кем болмауы мүмкін.	Тн – это базовое количество часов, определенное Вайлдберриз в порядке, предусмотренном пунктом 12.7.6, которое в любом случае не может быть менее 24 (двадцати четырех).
Егер Тауар «Курьер WB» (DBW) тәсілімен сатылса, Сатушы қоймасынан сату кезіндегі Коэффициент (кС) мына формула бойынша есептеледі:	Если Товар продан способом «Курьер WB» (DBW), то Коэффициент при продажах со склада Продавца (кС) рассчитывается по формуле:
кС = (Тф – Тн) * 0,1, мұнда:	кС = (Тф – Тн) * 0,1, где:
Тф – Сатып алушы тапсырысы туралы ақпарат Порталда орналастырылған сәттен бастап Сатушы Порталдағы Жинақтау тапсырмасында Тауардың Вайлдберриз курьеріне беруге дайын екенін растайтын мәртебені белгілеген сәтке дейінгі, немесе егер Сатушы Порталдағы Жинақтау тапсырмасында Тауардың Вайлдберриз курьеріне беруге дайын екенін растайтын мәртебені белгілемеген жағдайда, Сатушы Тауарды Вайлдберриз курьеріне берген сәтке дейінгі толық сағаттар саны, ол Вайлдберриз курьерінің Тауардың штрих-кодын сканерлеген сәтімен айқындалады;	Тф – количество полных часов с момента размещения на Портале информации о заказе Покупателя до момента установления Продавцом в Сборочном задании на Портале статуса, подтверждающего, что Товар готов к передаче курьеру Вайлдберриз, или в случае, если Продавец не установил в Сборочном задании на Портале статус, подтверждающий готовность Товара к передаче курьеру Вайлдберриз, до момента передачи Товара Продавцом курьеру Вайлдберриз, который определяется моментом сканирования штрих-кода Товара курьером Вайлдберриз;
Тн – Сатып алушы тапсырысы туралы ақпарат Порталда орналастырылған сәттен бастап Сатушы Тауарды Вайлдберриз курьеріне беруге дайындауы тиіс сәтке дейінгі толық сағаттар саны, ол Порталдағы Жинақтау тапсырмасында көрсетілген жеткізу күнінің алдындағы күннің 23:59:59 уақытымен айқындалады.	Тн – количество полных часов с момента размещения на Портале информации о заказе Покупателя до момента, когда Продавец должен подготовить Товар к передаче курьеру Вайлдберриз, который определяется как 23:59:59 дня, предшествующего дню доставки, указанному в Сборочном задании на Портале.
12.7.2. Егер Тауар «Витрина Экспресс» (EDBS) тәсілімен сатылса, Сатушы қоймасынан сату кезіндегі Коэффициент (кС) мына формула бойынша есептеледі:	12.7.2. Если Товар продан способом «Витрина Экспресс», (EDBS) то Коэффициент при продажах со склада Продавца (кС) рассчитывается по формуле:
кС = (Тэ – Тв) * 1, мұнда:	кС = (Тэ – Тв) * 1, где:
Тэ – бұл Сатушы Тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемені орындауға міндетті болған уақыт аралығын ашқан сағат басталғаннан бастап Сатушы Тауарды Сатып алушыға берген сәтке дейінгі өткен толық сағаттар саны,	Тэ – это количество полных часов, прошедших с наступления часа, открывшего временной интервал, в течении которого Продавец был обязан исполнить обязательство по доставке Товара, до момента передачи Товара Продавцом Покупателю,
Тв – Сатушы Тауарды Сатып алушыға жеткізу жөніндегі міндеттемені орындауға міндетті болған уақыт аралығындағы толық сағаттар саны.	Тв – количество полных часов, содержащихся во временном интервале, в течении которого Продавец был обязан исполнить обязательство по доставке Товара Покупателю
12.7.3. Егер 12.7.1-тармақта көрсетілген формулалар бойынша есептелген Сатушы қоймасынан сату кезіндегі Коэффициент (кС) 0-ден (нөлден) аз болса, кС 0-ге (нөлге) тең болып танылады.	12.7.3. Если Коэффициент при продажах со склада Продавца (кС), рассчитанный по указанным в п 12.7.1 формулах, меньше 0 (нуля), то кС признается равным 0 (нулю).

12.7.4. Өзге жағдайларда 0-ге (нөлге) тең кС мәні қолданылады.	12.7.4. В иных случаях применяется значение кС равное 0 (нулю).
12.7.5. 12.7.5. Сатушының Тауарды Вайлдберризге беру уақыты Тауардың қоймаға немесе Вайлдберриз көрсеткен Тауарды берудің өзге пунктіне түскен уақыты бойынша анықталады, ол Сатушы Тауарының тиісті партиясына Жинау тапсырмасына сәйкес берілетін және тиісті ыдыс орындарында (паллеталарда) орналастырылатын жеткізілімнің штрихкодын сканерлеу сәтімен анықталады. Аталған сәттен бастап 12.7.1-тармақта көрсетілген Сатушы қоймасынан сату кезіндегі Коэффициентті (кС) есептеуге арналған уақыт тоқтатылады. Вайлдберриз Сатушы Тауарды берген сәтте Тауар Жинақтау тапсырмасына толық сәйкес берілді деп болжайды (яғни, Тауарлардың жеке қаптамасындағы штрихкодтары бар стикерлер Жинақтау тапсырмасына сәйкес келеді).	12.7.5. Время передачи Товара Продавцом Вайлдберриз определяется по времени поступления Товара на склад или иной указанный Вайлдберриз пункт передачи товара, которое определяется моментом сканирования штрих-кода поставки, присваиваемого соответствующей партии Товара Продавца согласно Сборочному заданию и размещенного на соответствующих тарных местах (паллетах). С указанного момента время для расчета Коэффициента при продажах со склада Продавца (кС), указанное в пункте 12.7.1, останавливается. Вайлдберриз презюмирует, что в момент передачи Товара Продавцом Товар передан в полном соответствии со Сборочным заданием (т.е. стикеры со штрихкодами на индивидуальной упаковке Товаров соответствуют Сборочному заданию).
12.7.6. Қолданылмайды	12.7.6. Не применяется
12.7.7. Қолданылмайды	12.7.7. Не применяется
12.7.8. Қолданылмайды	12.7.8. Не применяется
12.7.9. Вайлдберриз 12.7.1-тармақта көрсетілген базалық сағаттар санын (Тн) біржақты тәртіпте айқындайды, бұл ретте Сатушыға Портал арқылы Тн-ның жаңа мәні туралы оны қолдану басталған күнге дейін 2 күннен кешіктірмей хабарлайды. Тн мәні Порталда Жаңалықтар бөлімінде жарияланады. Тн мәні 24 сағаттан кем болмауы мүмкін.	12.7.9. Вайлдберриз определяет базовое количество часов (Тн), указанное в пункте 12.7.1, в одностороннем порядке с уведомлением Продавца посредством Портала о новом значении Тн не позднее чем за 2 дня до дня начала его применения. Значение Тн публикуется на Портале в разделе Новости. Значение Тн не может быть менее 24 часов.
12.8. Сатушы Порталды пайдалана отырып Тауарға жеңілдіктер белгілеуге құқылы. Сатушының бөлшек бағасының мөлшері Сатушы белгілеген жеңілдіктерді және Сатушының келісімімен белгіленген жеңілдіктерді ескере отырып айқындалады. Сатушының келісімімен белгіленген жеңілдіктерге WB жеңілдігі (12.4-тармақ) және келесі тәртіппен автоматты түрде қолданылатын жеңілдік (Автоакция бойынша жеңілдік) жатады:	12.8. Продавец вправе устанавливать скидки на Товар с использованием Портала. Размер Розничной цены Продавца определяется с учетом установленных Продавцом скидок и скидок, установленных с согласия Продавца. К скидкам, установленным с согласия Продавца, относятся скидка WB (пункт 12.4) и скидка, применяемая автоматически в следующем порядке (Скидка по Автоакции):
12.8.1. Автоакция бойынша Жеңілдікті қолдану күніне дейін 5 күнтізбелік күннен кешіктірмей, Вайлдберриз Порталдағы жеке кабинетте Сатушыға мыналар туралы хабарлайды:	12.8.1. Не позднее чем за 5 календарных дней до дня применения Скидки по Автоакции Вайлдберриз уведомляет Продавца в личном кабинете на Портале о:
1) Автоакция бойынша жеңілдікті қолдану күні;	1) Дате применения Скидки по Автоакции;
2) Сатушы Тауарларының тізбесі және оларға пайызбен Автоакция бойынша жеңілдіктің мөлшері;	2) Перечне Товаров Продавца и размере Скидки по Автоакции на них в процентах;
3) Сатушы хабарламаны алған сәттегі Сатушының бөлшек бағасына тең немесе хабарламада көрсетілген және хабарламаны алған сәтте аяқталатын кезеңдегі Тауарға Сатушының орташа бөлшек бағасына тең Базалық бағаның мөлшері.	3) Размере Базовой цены равной Розничной цене Продавца на момент получения им уведомления или средней Розничной цене Продавца на Товар за период, указанный в уведомлении, и оканчивающийся в момент получения уведомления.
12.8.2. Автоакция бойынша жеңілдік, егер онда басқа уақыт көзделмесе, хабарламада көрсетілген күннің 00 сағат 00 минутынан бастап қолданылады.	12.8.2. Скидка по Автоакции, применяется с 00 часов 00 минут дня, указанного в уведомлении, если в нем не предусмотрено другое время.
12.8.3. Автоакция бойынша жеңілдік қолданылған сәттен бастап Сатушының бөлшек бағасы осындай жеңілдіктің тиісті мөлшеріне азаяды.	12.8.3. С момента применения Скидки по Автоакции Розничная цена Продавца уменьшается на соответствующий размер такой скидки.
12.8.4. Сатушы Тауарға бағаны өзгерте отырып, кез келген уақытта Жеңілдік қолданылған сәтке дейін де, ол қолданылғаннан кейін де, барлық Тауарларға қатысты да, Тауарлардың бір бөлігіне қатысты да Автоакция бойынша жеңілдікті қолданудан бас тартуға құқылы. Бас тарту тек Портал функционалын пайдалану арқылы жасалуы мүмкін.	12.8.4. Продавец вправе отказаться от применения Скидки по Автоакции, изменив цену на Товар, в любое время как до момента применения Скидки, так и после ее применения, как в отношении всех Товаров, так и в отношении части Товаров. Отказ может быть совершен только с использованием функционала Портала.
12.8.5. Сатушы Портал арқылы Автоакция шеңберінде Тауарды сатудың ең төменгі бағасын белгілеуге құқылы. Егер Автоакция бойынша жеңілдікті қолдану нәтижесінде Тауарға бөлшек баға Сатушы белгілеген сатудың ең төменгі бағасынан төмен болса, мұндай Тауарға Автоакция бойынша жеңілдік қолданылмайды.	12.8.5. Продавец посредством Портала вправе установить минимальную цену реализации Товара в рамках Автоакции. В случае, если в результате применения Скидки по Автоакции Розничная цена на Товар будет меньше, чем установленная Продавцом минимальная цена реализации, скидка по Автоакции к такому Товару не применяется.

12.9. Сатушы «Витрина» (DBS) және «Витрина Экспресс» (EDBS) тәсілдерімен Тауарды сатқан жағдайда көрсететін Тауарды сатып алушыға жеткізу Қызметін сатқаны үшін Вайлдберриз Сыйақысы 1% құрайды.	12.9. Вознаграждение Вайлдберриз за реализацию Услуги по доставке Товара покупателю, оказываемой Продавцом в случае продажи Товара способами «Витрина» (DBS) и «Витрина Экспресс» (EDBS), составляет 1%.
12.10. Несие ұйымдарының, төлем жүйелерінің және төлем жүйелері қатысушыларының төлемді жүргізу, төлемді есеп айырысу шотына есептеу, «Интернет» желісінде есеп айырысуларды ұйымдастыру және сатып алушының Сайтта Сатушының Тауарына төлем жасау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да әрекеттері үшін комиссияларын (сыйақыларын) құрайтын, Сатып алушылардан Тауарлар үшін төлемге ақшалай қаражатты қабылдау бөлігінде Сатушының тапсырмасын орындауға Вайлдберриз шеккен шығындар сомасы 12.2-тармаққа сәйкес Вайлдберриз сыйақысының сомасынан шегерілетін шығындар сомасына қосылмайды және мұндай сыйақыдан тыс өтеледі (6.3-тармақ). Шығындар мөлшері осы тармақта көрсетілген тұлғалардың қызметтеріне/әрекеттеріне ақы төлеу бойынша Вайлдберризде туындайтын міндеттеме сомасына тең.	12.10. Сумма издержек, понесенных Вайлдберриз на исполнение поручения Продавца в части принятия денежных средств в оплату Товаров от покупателей (пункт 3.2), составляющих комиссии (вознаграждения) кредитных организаций, платежных систем и участников платежных систем за проведение платежа, зачисление платежа на расчетный счет, организацию расчетов в сети Интернет и другие действия, необходимые для обеспечения возможности покупателя совершить платеж за Товар Продавца на Сайте, не включается в сумму издержек, вычитаемую из суммы вознаграждения Вайлдберриз согласно пункту 12.2, и возмещается (пункт 6.3) сверх такого вознаграждения. Размер издержек равен сумме возникающего у Вайлдберриз обязательства по оплате услуг/действий, указанных в настоящем пункте лиц.
13. **Қызмет көрсету ережелері**	**13. Правила оказания услуг**
13.1. **Тауарларды Сатып алушыға дейін жеткізуді және сатып алушы қайтарған Тауарларды жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер.**	13.1. **Услуги по организации доставки товаров до Покупателя и доставки возвращенных покупателем Товаров.**
13.1.1. Сатушы тауарларды Сатып алушыға дейін жеткізу үшін берген жағдайда (соның ішінде транзиттік қойма арқылы берген жағдайда), мұндай беру Сатып алушы Тапсырысы пайда болғанға дейін немесе одан кейін болғанына қарамастан, сондай-ақ Сатып алушы Тауарды Вайлдберризге қайтарған жағдайда, Вайлдберриз Сатушыға Тауарды жеткізуді ұйымдастыру немесе тиісінше Сатып алушы қайтарған Тауарды Сатып алушыдан Вайлдберриз қоймасына дейін (немесе Шартта тікелей көрсетілген жағдайларда Сатушы қоймасына дейін) жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетеді, соның ішінде егер Сатып алушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса және тиісінше жеткізу Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге жүзеге асырылса.	13.1.1. В случае передачи Продавцом товаров для их доставки до Покупателя (в том числе в случае передачи через транзитный склад) независимо от того, состоялась такая передача до или после появления Заказа Покупателя, а также в случае возврата Покупателем Вайлдберриз Товара Вайлдберриз оказывает Продавцу услуги по организации доставки Товара или, соответственно, по организации доставки возвращенного Покупателем Товара от Покупателя до склада Вайлдберриз (или до склада Продавца в случаях, прямо указанных в Договоре), в том числе в случае, если Покупатель находится за пределами Республики Казахстан и, соответственно, доставка осуществляется за пределы территории Республики Казахстан.
13.1.2. Вайлдберриздің жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметі көліктік-экспедициялық қызмет болып табылады және өзіне Вайлдберриздің келесі әрекеттерін қамтуы мүмкін:	13.1.2. Услуга Вайлдберриз по организации доставки является транспортно-экспедиционной услугой и может включать в себя следующие действия Вайлдберриз:
1) Тасымалдау үшін қажетті құжаттарды ресімдеу жөніндегі қызметтер;	1) Услуги по оформлению документов, необходимых для перевозки;
2) Тауарларды Вайлдберриздің өз күшімен тасымалдау жөніндегі қызметтер;	2) Услуги по перевозке Товаров собственными силами Вайлдберриз;
3) Тиеу-түсіру қызметтері, соның ішінде көлік құралдарын, соның ішінде автомобиль көлігін тиісінше жөнелту және тағайындау пункттерінде тиеу және түсіру және жол жүру жолында Тауарды қайта тиеу;	3) Погрузочно-разгрузочные услуги, включая погрузку и выгрузку транспортных средств, в том числе автомобильного транспорта, соответственно в пунктах отправления и назначения и перегрузку Товара в пути следования;
4) Сатып алушыны оның мекенжайы бойынша жүктерді жөнелту туралы және Тауардың жылжуы туралы хабардар ету жөніндегі ақпараттық қызметтер;	4) Информационные услуги по уведомлению Покупателя об отправке грузов по его адресу и о продвижении Товара;
5) Тауарды тасымалдауды ұйымдастыру және орындау жөніндегі қызметтер, соның ішінде тасымалдаушыны таңдау және онымен тасымалдау шартын жасасу, жасалған шартқа сәйкес таңдалған тасымалдаушының тасымалдауды орындауы.	5) Услуги по организации и выполнению перевозки Товара, включая выбор перевозчика и заключение с ним договора перевозки, выполнение перевозки избранным перевозчиком согласно заключенному договору.
13.1.3. Вайлдберриз Тауарды тасымалдау маршруттарын және қызмет көрсету тәртібін дербес айқындайды. Вайлдберриз Тауарды тасымалдауға үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.	13.1.3. Вайлдберриз самостоятельно определяет маршруты перевозки Товара и порядок оказания услуги. Вайлдберриз вправе привлекать к перевозке Товара третьих лиц.
13.1.4. Егер Вайлдберриз Сатушының атынан Сатып алушымен жасасқан сатып алу-сату шартының	13.1.4. В случае, если условия договора купли-продажи, заключенного Вайлдберриз от имени Продавца с

талаптары Тауарды Сатып алушыға тапсырыстарды беру пунктінде беруді көздесе, онда үшінші тұлғалардың мұндай Тауарды сатып алушыға тапсырыстарды беру пунктінде беру немесе сатып алушыдан қайтарылатын Тауарды тапсырыстарды беру пунктінде қабылдау жөніндегі қызметтері Вайлдберриз көрсететін жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтің бөлігі болып табылмайды. 13.2-бөлімде көзделген Тауарды сақтау және өңдеу жөніндегі қызметтер Тауарды жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтердің бөлігі болып табылмайды.	Покупателем, предусматривают выдачу Товара Покупателю в пункте выдачи заказов, то услуги третьих лиц по выдаче такого Товара покупателю в пункте выдачи заказов или приему от покупателя возвращаемого Товара в пункте выдачи заказов не являются частью оказываемой Вайлдберриз услуги по организации доставки. Не являются частью услуг по организации доставки Товара услуги по хранению и обработке Товара, предусмотренные разделом 13.2.
13.1.5. Тараптар келесі экспедиторлық құжаттарды пайдаланады:	13.1.5. Стороны используют следующие экспедиторские документы:
1) Вайлдберриздің Сатушыға Тауарларды жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету тізбесі мен шарттарын айқындайтын осы Шарт, осы Ережелерді қоса алғанда;	1) Настоящий Договор, включая настоящие Правила, определяющие перечень и условия оказания Вайлдберриз Продавцу услуг по организации доставки Товаров;
2) Тауарды қабылдау және қайтару Ережелерінде көзделген, Вайлдберриздің Сатушыдан Тауарды, соның ішінде оны кейіннен жеткізу үшін алғанының фактісін растайтын қабылдау-беру актісі;	2) Акт приема-передачи, предусмотренный Правилами приемки и возврата Товара, подтверждающий факт получения Вайлдберриз от Продавца Товара в том числе для его последующей доставки;
3) Шарттың 4-бөлімінде көзделген, қызмет көрсету фактісін, соның ішінде оның көлемін растайтын Сату туралы есеп;	3) Отчет о продажах, предусмотренный разделом 4 Договора, подтверждающий факт оказания услуги, в том числе ее объем;
13.1.6. Сатушының Тауарды жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге тапсырмасы (экспедиторға тапсырма) Шарт жасалған сәтте берілді және Тауар Вайлдберризге берілген жағдайда және Вайлдберриз Сатушының атынан Сатып алушымен Сатушының Тауарды Сатып алушыға дейін жеткізу міндетін және Тауарды жеткізу мекенжайын көздейтін Тауарды сатып алу-сату шартын жасасқан сәттен бастап күшіне енеді.	13.1.6. Задание Продавца на оказание услуг (поручение экспедитору) по организации доставки Товара выдано в момент заключения Договора и вступает в силу при условии передачи Товара Вайлдберриз и с момента заключения Вайлдберриз от имени Продавца договора купли-продажи Товара с Покупателем, предусматривающего обязанность Продавца доставить Товар до Покупателя и адрес доставки Товара.
13.1.7. Сатушы Вайлдберризге Тауарларды жеткізуді және Сатып алушы қайтарған Тауарларды Сатып алушыдан Вайлдберриз қоймасына дейін жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді әрбір қызмет көрсету фактісі үшін осы Ережелерде көзделген қызметтер бағасы бойынша төлеуге міндеттенеді.	13.1.7. Продавец обязуется оплатить Вайлдберриз услуги по организации доставки Товаров и доставки возвращенных Покупателем Товаров от Покупателя до склада Вайлдберриз по предусмотренной настоящими Правилами цене услуг за каждый факт оказания услуги.
13.1.8. Тараптар осы Ережелердің осы тармағында көзделген қызметтерді келесі мән-жайлар басталған сәтте (қызмет көрсету фактілері) көрсетілген деп таниды:	13.1.8. Услуги, предусмотренные настоящим пунктом Правил, Стороны признают оказанными в момент наступления следующих обстоятельств (фактов оказания услуг):
1) Сатып алушының Вайлдберриз жеткізген Тауарды алуы, тапсырысты беру пунктінде Тауарды сақтау мерзімінің өтуі немесе сатып алушының Вайлдберриз сатып алушыға немесе тапсырысты беру пунктіне дейін жеткізген Тауардан бас тартуы;	1) Получение покупателем Товара, доставленного Вайлдберриз, истечения срока хранения Товара на ПВЗ или отказа Покупателя от Товара, доставленного Вайлдберриз до покупателя или до ПВЗ;
2) Сатып алушының Тауарды ТБП-ға беруі, ТБП-да Тауарды сақтау мерзімінің өтуі немесе Сатып алушының Вайлдберриз Сатып алушыға дейін немесе ТБП-ға дейін жеткізген Тауардан бас тартуы – Сатып алушы қайтарған тауарларды жеткізу жөніндегі қызметтерге қатысты.	2) Передачи покупателем Товара на ПВЗ, истечения срока хранения Товара на ПВЗ или отказа покупателя от Товара, доставленного Вайлдберриз до покупателя или до ПВЗ – в отношении услуг по доставке возвращенных Покупателем товаров.
13.1.9. Вайлдберриз қызметтерінің бағасы («Маркетплейс» (FBS) сату тәсілі кезінде) Сатып алушы жеткізу жөніндегі қызмет көрсетілетін Тауарға тапсырыс берген сәтте Порталда орналастырылған Тарифтер негізінде және 6.6-тармақты ескере отырып, Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген қойма коэффициенті негізінде айқындалады.	13.1.9. Цена услуг Вайлдберриз (при способе продажи «Маркетплейс» (FBS) определяется на основании Тарифов, размещенных на Портале на момент заказа покупателем Товара, в отношении которого оказывается услуга по доставке, и коэффициента склада, на котором Продавец передал Товар Вайлдберриз, с учетом пункта 6.6.
13.1.10. «WB Қоймасы» (FBW) сату тәсілімен сатылатын Тауарларға қатысты көрсетілетін қызметтердің бағасы тариф, 6.6-тармақты ескере отырып Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген қойма коэффициенті негізінде айқындалады.	13.1.10. Цена услуг, оказываемых в отношении Товаров, реализуемых способом продажи «Склад WB» (FBW), определяется на основании тарифа, коэффициента склада, на котором Продавец передал Товар Вайлдберриз, с учетом пункта 6.6.
13.1.11. Қолданылатын тарифтер Тауардың габариттері және/немесе Тауар санаты негізінде, Тарифтерде қалай көрсетілгеніне байланысты айқындалады. Өзіне қатысты қызмет көрсетілетін тауарларды	13.1.11. Применимые тарифы определяются на основании габаритов Товара и/или категории Товара, в зависимости от того, как это указано в Тарифах. Отнесение товаров, в отношении которых

Тарифтерде тізілген тауарлар санатына жатқызу Вайлдберриздің ішкі тауарлық жіктемесіне сәйкес жүзеге асырылады.	оказывается услуга, к категории товаров, перечисленной в Тарифах, осуществляется в соответствии с внутренней товарной классификацией Вайлдберриз.
13.1.12. Вайлдберриздің тауар бірлігін тапсырыстарды беру пунктінен Вайлдберриз қоймасына дейін қайтару (кері жеткізу) жөніндегі қызметтерінің құны, егер тарифтерде және 13.1.13-тармақта өзгеше көзделмесе, әрбір қызмет көрсету фактісі үшін 250 (екі жүз елу) теңгені құрайды.	13.1.12. Стоимость услуг Вайлдберриз по возврату единицы товара с пункта выдачи заказов до склада Вайлдберриз (обратная доставка) составляет 250 (двести пятьдесят) тенге за каждый факт оказания услуги, если иное не предусмотрено тарифами и пунктом 13.1.13.
13.1.13. Егер кері жеткізу сатып алушы «Маркетплейс» (FBS) жүйесі шеңберінде сатылатын тауардан оның бойында кемшіліктердің болуына байланысты немесе сатып алушыға жеткізілген тауардың жарамдылық мерзімі немесе қызмет ету мерзімі өтуіне байланысты бас тартқаннан кейін жүзеге асырылса, Сатушы Вайлдберризге Сатып алушы Тауардан бас тартқан кезде ТБП-дан Вайлдберриз қоймасына дейін Тауарды жеткізу жөніндегі қызмет құнының тапсырысты рәсімдеу кезінде сатып алушыға дейін жеткізілген мөлшерінде өтемақы төлеуге міндеттенеді.	13.1.13. В случае, если обратная доставка осуществляется после отказа покупателя от товара, реализуемого в рамках системы «Маркетплейс» (FBS), в связи с наличием в нем недостатков или в связи с тем, что истек срок годности или срок службы доставленного покупателю товара, то Продавец обязуется уплатить Вайлдберриз компенсацию в размере доведенной до сведения покупателя при оформлении заказа стоимости услуги по доставке Товара от ПВЗ до склада Вайлдберриз при отказе покупателя от Товара.
13.1.14. Қолданылмайды.	13.1.14. Не применяется.
13.1.15. Сатушы Тауарды транзиттік қойма арқылы берген жағдайда, Вайлдберриз Сатушыға Тауарды транзиттік қоймадан Тауар сақталатын қоймаға жеткізу бойынша қосымша қызмет көрсетеді. Бұл жағдайда тауарларды жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтердің құны Порталда көрсетілген Тауарларды транзиттік қоймадан Сатушы таңдаған тағайындау қоймасына жеткізу құнына артады.	13.1.15. В случае передачи Продавцом Товара через транзитный склад Вайлдберриз оказывает Продавцу дополнительную услугу по доставке Товара с транзитного склада на склад, на котором Товар будет храниться. Стоимость услуг по организации доставки товаров в таком случае увеличивается на указанную на Портале стоимость доставки Товаров с транзитного склада на выбранный Продавцом склад назначения.
13.2. **Тауарды өңдеу және сақтау жөніндегі қызметтер.**	13.2. **Услуги по обработке и хранению Товара.**
13.2.1. Сатушы Тауарды Вайлдберриз қоймасына немесе Сатушы таңдаған Вайлдберриздің өзге де Тауар қабылдау пунктіне тапсырған кезде, Вайлдберриз Сатушыға келесі қызметтерді көрсетеді:	13.2.1. При передаче Продавцом Товара на склад Вайлдберриз или иной выбранный Продавцом пункт приема Товара Вайлдберриз оказывает Продавцу следующие услуги:
1) Тауарды «WB қоймасы» (FBW) тәсілімен сатқан кезде Сатушы қораптарды ТБП-ға немесе ТКП-ға берген кезде қорапты қой-малық өңдеуге дайындау бойынша қызметті;	1) услугу по подготовке короба к складской обработке при продаже Товара способом «Склад WB» (FBW) при передаче Продавцом коробов в ПВЗ или ППТ;
2) Тауарды өңдеу қызметі, ол Тауарды кейіннен Сатып алушыға жылжыту үшін Тауарды сұрыптаудан, Тауарды түсіру және (немесе) Тауарды көлік құралынан түсіру кезінде Тауарды қойманың немесе Тауарды сақтаудың/сұрыптаудың өзге пунктінің үй-жайында жылжытудан тұрады;	2) услугу по обработке Товара, состоящую в сортировке Товара для последующего перемещения Товара к покупателю, в перемещении Товара в помещении склада или иного пункта хранения/сортировки Товара при его разгрузке и (или) разгрузке Товара из транспортного средства и;
3) Тауарды Вайлдберриз қоймасында ол қоймаға түскен сәттен бастап қоймадан кеткен сәтке дейінгі кезеңде сақтау жөніндегі қызмет.	3) Услугу по хранению Товара на складе Вайлдберриз в период с момента его поступления на склад до момента его убытия со склада.
13.2.2. Тауарды «WB қоймасы» (FBW) тәсілімен сатқан кезде Сатушы Тауарды Вайлдберриз қоймасында, Вайлдберриз сұрыптау орталығында, ТҚП-да, ПФО-да, ТБП-да немесе Тауарды Вайлдберризге берудің өзге пунктінде берген жағдайда Тауарды өңдеу бойынша қызметтердің құны (ҚҚ):	13.2.2. При продаже Товара способом «Склад WB» (FBW) стоимость услуг по обработке Товара в случае передачи Продавцом Товара на складе Вайлдберриз, сортировочном центре Вайлдберриз, в ППТ, ПФЦ, ПВЗ или ином пункте передачи Товара Вайлдберриз (Со):
ҚҚ = К * (БҚ * ӨК), егер Тауарлар Вайлдберризге қораптарда берілсе, ҚҚ = ПБҚ * ӨК, егер Тауарлар Вайлдберризге паллеттерде берілсе, мұндағы:	Со = Е * (Ц * Ко), если Товары переданы Вайлдберриз в коробах, Со = Цп * Ко, если Товары переданы Вайлдберриз на паллетах, где:
К – Сатушы Вайлдберриз қоймасына берген тауардың барлық бірліктерінің көлемі, литрмен;	Е – объем всех единиц товара, переданного Продавцом на склад Вайлдберриз, в литрах;
БҚ – Порталдың «Тарифтер» бетінде көрсетілген 1 л үшін өңдеудің базалық құны; ПБҚ – Порталдың «Тарифтер» бетінде көрсетілген 1 паллета үшін өңдеудің базалық құны;	Ц – указанная на странице «Тарифы» Портала базовая стоимость обработки за 1 л.; Цп – указанная на странице «Тарифы» Портала базовая стоимость обработки за 1 паллету;

ӨК – Порталдың «Тарифтер» бетінде әрбір қойма немесе Тауарды Вайлдберризге берудің өзге пункті үшін көрсетілген өңдеу коэффициенті.	Ко – коэффициент обработки, указанный на странице «Тарифы» Портала для каждого склада или иного пункта передачи Товара Вайлдберриз.
Егер Сатушы Жеткізілімді жасаса, қызмет құны (ҚҚ) Сатушы Жеткізілімді жасаған сәтте қолданыста болған, Сатушы осындай Жеткізілімге сәйкес Тауарды Вайлдберризге беруге ниеттенген Тауарды беру пункті үшін белгіленген өңдеу коэффициенті негізінде есептеледі (бұдан әрі – Жоспарлы өңдеу коэффициенті).	Если Продавец создал Поставку, стоимость услуги (Со) рассчитывается на основании действующего на момент создания Продавцом Поставки коэффициента обработки, установленного для для пункта передачи Товара, в котором Продавец согласно такой Поставке намеревается передать Товар Вайлдберриз (далее – Плановый коэффициент обработки).
Егер Сатушы Тауарды Жеткізілімде көрсетілгеннен өзге Тауарды беру пунктінде Вайлдберризге берсе, Тауар іс жүзінде берілген Тауарды беру пункті үшін Порталда көзделген өңдеу коэффициенті қолданылады.	Если Продавец передал Вайлдберриз Товар в пункте передачи, отличном от указанного в Поставке, применяется Коэффициент обработки, предусмотренный на Портале для того пункта передачи, на котором Товар фактически передан.
Егер:	Если:
1) Сатушы бұрын жасалған Жеткізілімде тауар бірліктерінің санын 10%-дан артыққа, бірақ 100 бірліктен кем емес арттырады; немесе	1) Продавец увеличит количество единиц товара в ранее созданной Поставке более чем на 10%, но не менее чем на 100 единиц; или
2) Сатушы нақты берген тауар бірліктерінің саны жеткізілім жоспарынағы бірліктер санынан жоспарланған санның 10%-ынан астамға, бірақ 100 бірліктен кем емес асатын болады;	2) Количество фактически переданных Продавцом единиц товара будет превышать количество единиц в плане поставок более чем на 10% от запланированного количества, но не менее чем на 100 единиц;
онда қызмет құнын (ҚҚ) анықтау үшін Жоспарлы өңдеу коэффициенті 5 (бес) немесе одан көп болған жағдайларды қоспағанда, 1-ге (бірлікке) ұлғайтылған Жоспарлы өңдеу коэффициенті қолданылады.	то, для определения стоимости услуги (Со) применяется Плановый коэффициент обработки, увеличенный на 1 (единицу), за исключением случаев, когда Плановый коэффициент обработки равен или больше 5 (пяти).
Тауарды «WB қоймасы» (FBW) тәсілінен өзгеше тәсілмен сатқан кезде Вайлдберриз қоймасында немесе Тауарды Вайлдберризге берудің өзге пунктінде Тауарды өңдеу бойынша қызметтердің құны мен есептеу тәртібі Порталда «Қоймалар картасы» бөлімінде көрсетілген	Стоимость и порядок расчета услуг по обработке Товара на складе или ином пункте передачи Товара Вайлдберриз при продаже Товара способом, отличным от способа «Склад WB» (FBW), указаны на Портале в разделе «Карта Складов».
13.2.2.1. Тауарды «WB қоймасы» (FBW) тәсілімен сату және Сатушының Тауарды ТБП-ға немесе тауарды қабылдау пунктіне тапсыруы кезінде қорапты қоймалық өңдеуге дайындау бойынша Вайлдберриз қызметінің құны Порталдың «Тарифтер» бөлімінде көрсетілген. Іс жүзінде тапсырылған Тауардың саны 11.1.3-тармақта көзделген тәртіппен Тауарды қоймада қабылдау кезінде анықталады	13.2.2.1. При продаже Товара способом «Склад WB» (FBW) и передаче Продавцом Товара в ПВЗ или в ППТ стоимость услуги Вайлдберриз по подготовке короба к складской обработке указана на Портале в разделе Тарифы. Количество фактически переданного Товара определяется при приемке Товара на складе в порядке, предусмотренном пунктом 11.1.3.
13.2.3. Тауарды өңдеу қызметтерінің қорытынды құны Есепті кезең нәтижелері бойынша айқындалады және Есепті кезең ішінде Сатушыға көрсетілген барлық өңдеу қызметтерінің құнын қамтиды.	13.2.3. Итоговая стоимость услуг по обработке товара определяется по результатам Отчетного периода и включает в себя стоимость всех услуг по обработке, оказанных Продавцу в течение Отчетного периода.
13.2.4. 1 күнтізбелік күн үшін Тауар бірлігін сақтау бағасы тарифтің және 6.6-тармақты ескере отырып, Сатушы Тауарды Вайлдберризге берген қойма коэффициентінің негізінде айқындалады.	13.2.4. Цена хранения единицы Товара за 1 календарный день определяется на основании тарифа, и коэффициента склада, на котором Продавец передал Товар Вайлдберриз, с учетом пункта 6.6.
13.2.5. Тауарды беру кезінде Тауарды өңдеу бойынша қызметтер көрсетілетін Вайлдберриз қоймаларының және Тауарды Вайлдберризге берудің өзге пункттерінің мекенжайларының тізбесі Тауарды «WB қоймасы» (FBW) тәсілімен сатқан кезде Порталдағы «Тарифтер» бөлімінде, ал Тауарды өзге тәсілмен сатқан жағдайда – Порталдың «Қоймалар картасы» бөлімінде көрсетілген . Тауарды тапсыру кезінде Тауарды сақтау қызметтері көрсетілетін Вайлдберриз қоймаларының және Вайлдберриздің өзге де Тауар қабылдау пункттерінің мекенжайлар тізбесі Порталдың «Тарифтер» бөлімінде көрсетілген.	13.2.5. Перечень адресов складов Вайлдберриз и иных пунктов передачи Товара Вайлдберриз, при передаче Товара на которых оказываются услуги по обработке Товара, указан на Портале в разделе «Тарифы» при продаже Товара способом «Склад WB» (FBW), а в случае продажи Товара иным способом – на Портале в разделе «Карта складов». Перечень адресов складов Вайлдберриз и иных пунктов приема Товара Вайлдберриз, при передаче Товара на которых оказываются услуги по хранению Товара, указан на Портале в разделе «Тарифы».
13.2.6. Сатушының қызмет көрсетуге арналған тапсырмасы Тауарды Порталда көрсетілген қоймаға немесе Вайлдберризге Тауарды берудің өзге пунктіне берген сәттен бастап күшіне енеді.	13.2.6. Поручение Продавца на оказание услуги вступает в силу с момента передачи Товара на склад или иной пункт передачи Товара Вайлдберриз, указанный на Портале.
13.2.7. Ережелердің осы Бөліміне сәйкес есептелетін қызметтер бағасы және Тарифтерде көрсетілген қызметтер бағалары, егер қызметті өткізу жөніндегі	13.2.7. Рассчитываемая согласно настоящему Разделу Правил цена услуг и цены услуг, указанные в Тарифах, включают НДС, если операция по

операция ҚҚС бойынша салық салу объектісі болып танылса, ҚҚС-ты қамтиды.	реализации услуги признается объектом налогообложения по НДС.
13.2.8. Сатушы Тауарын сақтау Вайлдберриз қоймасында монопаллеттерде немесе қораптарда жүзеге асырылуы мүмкін. Егер бір монопаллеттегі Тауар көлемі 1 м3-ден кем болса, сондай-ақ егер сақтау тәсілін өзгерту Тауардың сыртқы түрін, тұтынушылық қасиеттерін және сапасын сақтау үшін қажет болса, Вайлдберриз Тауарды сақтау тәсілін «монопаллеттен» «қораптарға» қызметтер құнын тиісінше өзгерте отырып, біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы.	13.2.8. Хранение Товара Продавца может осуществляться на складе Вайлдберриз на монопаллетах или в коробах. В случае если объем Товара на одной монопаллете составит менее 1 м3, а также в случае, если изменение способа хранение необходимо для сохранения внешнего вида, потребительских свойств и качества Товара, Вайлдберриз вправе в одностороннем порядке изменить способ хранения Товара с «монопаллеты» на «короба» с соответствующим изменением стоимости услуг.
13.3. **Тауар габариттері.**	13.3. **Габариты Товара.**
13.3.1. Сатушы Порталда Тауар Карточкасын жасау кезінде Тауар габариттері туралы шынайы ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Шарт бойынша қызметтер құны Тарифтер негізінде айқындалады, олардың мөлшері мыналарға байланысты:	13.3.1. Продавец обязуется предоставлять достоверную информацию о габаритах Товара при создании Карточки Товара на Портале. Стоимость услуг по Договору определяется на основании Тарифов, размер которых зависит от:
– Сатушы Карточкада көрсеткен Тауар габариттеріне, немесе	–указанных Продавцом в Карточке габаритов Товара, либо
– Тауардың нақты көлеміне, яғни оның төменде көрсетілген тәртіппен жүргізілген өлшеу нәтижесінде алынған габариттік өлшемдерінің (Нақты габариттерінің) көбейтіндісіне (егер мұндай өлшеулер жүргізілген болса).	–действительного объема Товара, то есть произведения его Действительных, то есть полученных в результате обмера, проведенного в указанном ниже порядке, габаритных размеров (в случае, если такие обмеры были проведены).
13.3.2. Вайлдберриз Тауарды сатып алушыға бергенге дейін оның Нақты көлемін белгілеу мақсатында үш өлшемді – ұзындығын, енін және биіктіғіні (Нақты габариттерін) сантиметрмен анықтау арқылы Тауар бірліктерін ішінара өлшеуді жүзеге асырады. Тауардың нақты габариттері Сатушы берген оның тарасының және/немесе қаптамасының габариттік өлшемдерін қамтиды.	13.3.2. Вайлдберриз до передачи Товара покупателю выборочно осуществляет обмеры единиц Товара с целью установления его Действительного объема путем определения трех измерений – длины, ширины и высоты (Действительных габаритов) в сантиметрах. Действительные габариты Товара включают габаритные размеры его тары и/или упаковки, в которых он был передан Продавцом.
13.3.3. Вайлдберриз белгілі бір Тауар бірлігін таңдау ықтималдығын арттыратын қосымша критерийлерді ескере отырып, Вайлдберриз бағдарламалық қамтамасыз етуінің кездейсоқ іріктеуі негізінде өлшеу үшін Тауар бірліктерін таңдайды: Тауар Карточкасында көрсетілген габариттер (габариттердің кез келгені) белгілі бір санаттағы Тауарлардың Вайлдберриздің жеке талдамалық есептеулері негізінде айқындалған орташаланған габариттерінен 40%-дан астамға асады.	13.3.3. Вайлдберриз выбирает единицы Товара для обмера на основе случайного отбора программного обеспечения Вайлдберриз с учетом дополнительных критериев, повышающих вероятность выбора единицы определенного Товара: указанные в Карточке Товара габариты (любой из габаритов) превышают усредненные габариты Товаров определенной категории, определенные на основании собственных аналитических расчетов Вайлдберриз, более чем на 40%.
13.3.4. Вайлдберриз өлшеу жүргізген кезде Нақты габариттер бір артикулдағы тауардың барлық бірліктеріне қатысты белгіленген болып есептеледі. Бір артикулға қатысты бірнеше өлшеу жүргізілген жағдайда, мәндердің ең үлкені Нақты габариттер болып танылады. Вайлдберриз біржақты тәртіпте орындаған Тауарды өлшеу нәтижелері Сатушы Тауар карточкасында көрсеткен Тауар габариттерінің Тауардың Нақты габариттеріне сәйкес келмейтінінің жеткілікті дәлелі болып табылады. Вайлдберриз өлшеу жүргізілгеннен кейін келесі күні Порталды пайдалана отырып, «Талдау // Есептер // Ұстап қалулар бойынша есеп» бөлімшесінде өлшеу нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады. Сатушы Порталдағы ақпаратпен дербес танысуға міндетті.	13.3.4. При проведении обмера Вайлдберриз Действительные габариты считаются установленными в отношении всех единиц товара одного артикула. В случае проведения нескольких обмеров в отношении одного артикула Действительными габаритами признается наибольшее из значений. Результаты обмера Товара, выполненного Вайлдберриз в одностороннем порядке, являются достаточным доказательством несоответствия указанных Продавцом в Карточке товара габаритов Товара Действительным габаритам Товара. Вайлдберриз размещает информацию о результатах обмера с использованием Портала на следующий день после проведения обмера в подразделе «Аналитика // Отчеты // Отчет по удержаниям». Продавец обязан самостоятельно знакомиться с информацией на Портале.
13.3.5. Жүргізілген өлшеулер нәтижесінде Вайлдберриз Сатушының жеке кабинетінде («Талдау // Есептер // Ұстап қалулар бойынша есеп» бөлімшесінде) Нақты габариттердің мәндерін және өлшеу фотосуреттерін орналастырады. Егер фотосуреттерде өлшеу нәтижелері болмаса немесе нақты белгіленуі мүмкін болмаса немесе фотодағы өлшеу нәтижелері белгіленген Нақты габариттерге сәйкес келмесе, Сатушы Есеп орналастырылғаннан кейін 7 күн ішінде қосымша	13.3.5. В результате проведенных обмеров Вайлдберриз размещает в личном кабинете Продавца (в подразделе «Аналитика // Отчеты // Отчет по удержаниям») значения Действительных габаритов и фотографии обмеров. В случае, если на фотографиях отсутствуют или не могут быть определенно установлены результаты обмера или результаты обмера на фото не соответствуют установленным Действительным габаритам, Продавец вправе запросить дополнительный обмер

өлшеуді сұратуға құқылы. Бұл жағдайда Вайлдберриз қоймада тауар болған жағдайда қайта өлшеуді жүргізеді.	в течение 7 дней после размещения Отчета. В этом случае Вайлдберриз производит переобмер при наличии товара на складе.
13.3.6. Габариттер коэффициенті (Кг) – бұл габариттерді дұрыс көрсетпегені үшін айыппұл салу үшін пайдаланылатын есептік көрсеткіш (13.3.7-тармақ). Габариттер коэффициенті (Кг) өлшеу жүргізілгеннен кейін келесі күні айқындалады және әрбір артикулға қатысты 30 күнтізбелік күн бойы қолданылады. Кг мәні Нақты габариттер бойынша есептелген көлемнің тауар карточкасында көрсетілген габариттер бойынша есептелген көлемге қатынасы ретінде айқындалатын артикул бойынша ауытқу шамасына байланысты болады:	13.3.6. Коэффициент габаритов (Кг) – это расчетный показатель, используемый для штрафа за неверное указание габаритов (пункт 13.3.7). Коэффициент габаритов (Кг) определяется на следующий день после проведения замера, и действует в течение 30 календарных дней в отношении каждого артикула. Значение Кг зависит от величины отклонения по артикулу, определяемой как отношение объема, рассчитанного по Действительным габаритам, к объему, рассчитанному по габаритам, указанным в карточке товаров:

Артикул бойынша ауытқу Отклонение по артикулу	**Кг мәні** Значение Кг
Ауытқу ≤ 1,1 Отклонение ≤ 1,1	0
1,1 < Ауытқу ≤ 1,5 1,1 < Отклонение ≤ 1,5	5
1,5 < Ауытқу 1,5 < Отклонение	10

Егер Нақты габариттер негізінде есептелген Тауар көлемі 2 литрден аз немесе 2 литрге тең болса, онда Кг мәні әрқашан 0-ге (нөлге) тең болады.	Если объем Товара, рассчитанный на основании Действительных габаритов, меньше 2 литров или равен 2 литрам, то значение Кг всегда равно 0 (нулю).
13.3.7. Тауардың шынайы габариттерін ұсыну жөніндегі міндетті бұзғаны үшін Сатушы Вайлдберризге келесі шарттарда айыппұл (Шг) төлеуге міндеттенеді:	13.3.7. За нарушение обязанности по предоставлению достоверных габаритов Товара Продавец обязуется уплатить Вайлдберриз штраф (Шг) на следующих условиях:
13.3.7.1. Габариттерді дұрыс көрсетпегені үшін айыппұл (Шг) әрбір Тауар бірлігіне қатысты мұндай Тауар бірлігін сатып алушыға беру немесе Сатып алушы жеткізілгеннен кейін Тауардан бас тартқан сәтте, егер осы Тауар бірлігіне қатысты тапсырыс күнінде Габариттер коэффициентінің (Кг) мәні 0-ден (нөлден) артық болса есептеледі. Тауардың әрбір бірлігі бойынша айыппұлдар сомасы Сатушы дұрыс көрсетпегені үшін төлейтін айыппұлдың қорытынды мөлшерін құрайды.	13.3.7.1. Штраф за неверное указание габаритов (Шг) рассчитывается в отношении каждой единицы Товара в момент передачи такой единицы Товара покупателю или отказа Покупателя от Товара после доставки, если в отношении данной единицы Товара на дату заказа значение Коэффициента габаритов (Кг) больше 0 (нуля). Сумма штрафов по каждой единице Товара составляет итоговый размер штрафа, уплачиваемого Продавцом за неверное указание.
13.3.7.2. Тауардың әрбір бірлігі бойынша айыппұл мына формула бойынша есептеледі:	13.3.7.2. Штраф по каждой единице Товара рассчитывается по следующей формуле:
Шг = Тл * Кг , мұнда:	Шг = Тл * Кг , где:
Тл – Тауардың Нақты габариттеріне сүйене отырып, жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметті (13.1-тармақ) көрсету кезінде Тауар артикулына қолданылатын Тариф;	Тл – Тариф, применимый к артикулу Товара при оказании услуги по организации доставки (пункт 13.1) исходя из Действительных габаритов Товара;
Бұл ретте, егер Тауар бірлігі үшін айыппұл (Шг) сомасы 500 теңгеден кем болса, онда ол 500 теңгеге тең деп танылады, егер 50 000 теңгеден артық болса, онда ол 50 000 теңгеге тең деп танылады.	При этом, если сумма штрафа (Шг) за единицу Товара менее 500 тенге, то она признается равной 500 тенге, если более 50 000 тенге, то она признается равной 50 000 тенге.
13.3.8. Жоғарыда көрсетілген есептеулер нәтижесінде алынған, Сатушы Тауарларының әрбір артикулына берілген Габариттер коэффициенті (Кг) өлшеу жүргізілгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде қолданылады және оның қолданылу мерзімі кезеңінде көрсетілген қызметтердің құнын есептеу кезінде қолданылады. Сатушы тауар габариттерін өзгерткен жағдайда Габариттер коэффициенті (Кг) өзгерістер енгізілгеннен кейін келесі күні қайта есептелетін болады. Коэффициент мәндері Порталдағы Сатушының жеке кабинетінде көрсетіледі.	13.3.8. Полученный в результате указанных выше расчетов Коэффициент габаритов (Кг), присвоенный каждому артикулу Товаров Продавца, действует в течение 30 календарных дней после проведения замера, и применяется при расчете стоимости услуг, оказанных в период срока его действия. В случае изменения Продавцом габаритов товара Коэффициент габаритов (Кг) будет пересчитан на следующий день после внесения изменений. Значения Коэффициента отображаются в личном кабинете Продавца на Портале.
13.3.9. Өлшеу нәтижесінде Нақты габариттерді белгілеу Тауар Карточкасындағы габариттердің автоматты	13.3.9. Установление Действительных габаритов в результате обмера не влечет автоматического

түрде өзгеруіне әкеп соқпайды. Сатушы Тауар Карточкасындағы габариттерді Нақты габариттерге сәйкес келетіндей етіп өз бетінше өзгертуге міндетті.	изменения габаритов в Карточке Товара. Продавец обязан самостоятельно изменять в Карточке Товара габариты на соответствующие Действительным.
13.3.10. Тауар Карточкасында Тауар габариттері туралы ақпарат болмаған жағдайда, 13.1-тармақта көзделген қызметтер құны Тарифтерде көрсетілген Базалық тарифтің, Тарифтерде көрсетілген Қойма коэффициентінің және мөлшері 25-ті құрайтын Жоқ габариттер коэффициентінің (Ког) көбейтіндісі ретінде айқындалады.	13.3.10. В случае отсутствия в Карточке товара информации о габаритах Товара, стоимость услуг, предусмотренная пунктом 13.1, определяется как произведение Базового тарифа, указанного в Тарифах, Коэффициента склада, указанного в Тарифах, и Коэффициента отсутствующих габаритов (Ког), размер которого составляет 25.
13.4. Тауарды кәдеге жаратуды ұйымдастыру бойынша қызметтер.	13.4. Услуги по организации утилизации Товара.
13.4.1. . Сатушы Вайлдберриз-ке Тауарды кәдеге жарату бойынша қызметтерді ұйымдастыруды тапсырады. Сатушының тапсырмасы тиісті Тауарға қатысты келесі жағдайларда күшіне енеді:	13.4.1. Продавец поручает Вайлдберриз организацию услуг по утилизации Товара. Поручение Продавца вступает в силу в отношении соответствующего Товара в следующих случаях:
1) Тауар Вайлдберриз қоймасында болған уақытта, оның ішінде Тауардың жарамдылық мерзімі өтуіне байланысты жарамсыз болып қалса;	1) Товар приходит в негодность во время его нахождения на складе Вайлдберриз, в том числе в связи истечением срока годности Товара;
2) Вайлдберриз немесе Сатушы 11.2.3 немесе 11.2.4-тармақтарда көзделген тәртіппен Тауарды қайтару туралы мәлімдесе, немесе Тауар Сатушыға қайтарылуы тиіс өзге жағдайларда және Сатушы Шартта көзделген немесе Порталда көрсетілген мерзімде Ресей Федерациясының аумағынан тыс орналасқан тапсырысты беру пунктінен Тауарды қабылдамаса және алып кетпесе;	2) Вайлдберриз или Продавец заявили о возврате Товара в порядке, предусмотренном пунктами 11.2.3 или 11.2.4, или иных случаях, когда Товар подлежит возврату Продавцу, и Продавец не принял и не вывез Товар из ПВЗ, расположенного вне территории Российской Федерации, в срок, предусмотренный Договором или указанный на Портале;
3) Вайлдберриз немесе Сатушы 11.2.3 немесе 11.2.4-тармақтарда көзделген тәртіппен Тауарды қайтару туралы мәлімдесе, немесе Тауар Сатушыға қайтарылуы тиіс өзге жағдайларда және Сатушы Шартта көзделген немесе Порталда көрсетілген мерзімде Ресей Федерациясының аумағында орналасқан тапсырысты беру пунктінен Тауарды қабылдамаса және алып кетпесе. Вайлдберриз Сатушыға талап етілмеген Тауарды 6.4 және 11.2.5-тармақтарда көзделген тәртіппен Вайлдберриз қоймасына жеткізуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетеді.	3) Вайлдберриз или Продавец заявили о возврате Товара в порядке, предусмотренном пунктами 11.2.3 или 11.2.4, или иных случаях, когда Товар подлежит возврату Продавцу, и Продавец не принял и не вывез Товар из ПВЗ, расположенного на территории Российской Федерации, в срок, предусмотренный Договором или указанный на Портале. Вайлдберриз оказывает Продавцу услуги по организации доставки невостребованного Товара на склад Вайлдберриз в порядке, предусмотренном пунктами 6.4 и 11.2.5.
13.4.2. Сатушының тапсырмасы 13.4.1-тармақта көзделген жағдайлардың бірі басталған сәттен бастап күшіне енеді.	13.4.2. Поручение Продавца вступает в силу с момента наступления одного из обстоятельств, предусмотренных пунктом 13.4.1.
13.4.3. Вайлдберриз Сатушының тапсырмасы күшіне енгеннен кейін дереу үшінші тұлғаларды тарта отырып, Тауарды кәдеге жарату бойынша қызметті ұйымдастыруға міндеттенеді. Егер бұл қоршаған ортаны қорғау туралы қолданыстағы заңнаманы бұзбаса, Вайлдберриз талап етілмеген Тауарды қалдықтарды шығару жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға тапсыру, оның ішінде қалдықтарды жинау алаңдарын пайдалану арқылы кәдеге жаратуды ұйымдастыру қызметтерін көрсетуге құқылы.	13.4.3. Вайлдберриз обязуется организовать услугу по утилизации Товара незамедлительно после вступления в силу поручения Продавца с привлечением третьих лиц. В случае, если это не нарушает применимое законодательство о защите окружающей среды, Вайлдберриз вправе оказать услуги по организации утилизации невостребованного Товара посредством сдачи его в специализированные организации по вывозу отходов, в том числе с использованием площадок по сбору отходов.
13.4.4. Тауардың әрбір бірлігін кәдеге жарату бойынша қызметті ұйымдастыру құны Порталда орналастырылған Тарифтерде көзделген.	13.4.4. Стоимость организации услуги по утилизации каждой единицы Товара предусмотрены Тарифами, размещенными на Портале.
13.5. **Порталда қосымша функционалды ұсыну жөніндегі қызметтер**	13.5. **Услуги по предоставлению дополнительного функционала на Портале**
13.5.1. Вайлдберриз Сатушының өтінімі бойынша ақылы түрде оған Порталда қосымша функционалды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсете алады. Сатушы Портал арқылы келесі қызмет түрлерін көрсетуге өтінім бере алады:	13.5.1. Вайлдберриз по заявке Продавца за плату может оказывать ему услуги по предоставлению дополнительного функционала на Портале. Продавец через Портал может сделать заявку на оказание следующих типов услуг:
– қызметтер көрсету кезеңін ай сайын автоматты түрде ұзартумен қызметтер (бұдан әрі – Жазылым шеңберіндегі қызметтер);	– услуги с ежемесячным автоматическим продлением периода оказания услуг (далее – Услуги в рамках подписки);
– Сатушы мен Вайлдберриз арасында ағымдағы кезеңде Жазылым шеңберіндегі қызметтерді көрсету келісілген жағдайда ғана және жеке ақыға Порталда көрсетілген мөлшерде Вайлдберриз	– дополнительные услуги, оказываемые Вайлдберриз в количестве, указанном на Портале, за отдельную плату и только при условии, что между Продавцом и Вайлдберриз в текущем периоде согласовано

көрсететін қосымша қызметтер (бұдан әрі – Жазылым шеңберіндегі қосымша қызметтер).	оказание Услуг в рамках подписки (далее – Дополнительные услуги в рамках подписки).
13.5.2. Қосымша функционалды ұсыну бойынша ұсынылатын қызметтер тізбесі мен құны туралы ақпарат мына сілтеме бойынша орналастырылған: https://seller.wildberries.ru/monetization-services. Вайлдберриз Шарттың 7-тармағында көзделген тәртіппен Порталда қосымша функционалды ұсыну жөніндегі қызметтер тізбесі мен құнын біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы.	13.5.2. Информация о перечне и стоимости предлагаемых услуг по предоставлению дополнительного функционала размещена по ссылке: https://seller.wildberries.ru/monetization-services. Вайлдберриз вправе в одностороннем порядке изменять перечень и стоимость услуг по предоставлению дополнительного функционала на Портале в порядке, предусмотренном п. 7 Договора.
13.5.3. Сатушы қызметті таңдау кезінде көрсетілген тәртіппен қызметтерді төлейді. Тиісті техникалық мүмкіндік болған жағдайда келесі төлем тәсілдері мен тәртібі қолжетімді болуы мүмкін:	13.5.3. Продавец оплачивает услуги в порядке, указанном при выборе услуги. При наличии соответствующей технической возможности могут быть доступны следующие способы и порядок оплаты:
1) Қызметтерге тапсырыс беру бойынша әрекеттерді жасау сәтінде Сатушының шотынан немесе банк картасынан қызметтерді төлеу;	1) Оплата услуг со счета или банковской карты Продавца в момент совершения действий по заказу услуг;
2) 6.9-тармақта көзделген тәртіппен қызметтер құнын ұстап қалу арқылы қызметтерді төлеу	2) Оплата услуг путем удержания стоимости услуг в порядке, предусмотренном пунктом 6.9
13.5.4. Сатушының Порталда қосымша функционалды ұсыну жөніндегі қызметтерді төлеу міндетін орындау мерзімі Сатушы қызметтер көрсетуге өтінім жіберген сәттен бастап туындаған болып танылады.	13.5.4. Срок исполнения обязанности Продавца оплатить услуги по предоставлению дополнительного функционала на Портале признается наступившим с момента направления Продавцом заявки на оказание услуг.
13.5.5. Сатушы Жазылым шеңберіндегі қызметтерден бас тартқан жағдайда, Сатушы Порталда жарияланған шарттарға сәйкес айқындалатын, бас тарту туралы мәлімделген Қызметтер көрсету кезеңі аяқталғанға дейін қызметтердің көрсетілуін талап ету құқығын және тиісті Қызметтер көрсету кезеңінің соңына дейін мұндай қызметтерді төлеу міндетін сақтайды. Аталған Жазылым шеңберіндегі қызметтерді көрсету жаңа Қызметтер көрсету кезеңі басталған сәттен бастап тоқтатылады.	13.5.5. В случае отказа Продавца от Услуг в рамках подписки, Продавец сохраняет право требовать предоставления услуг до окончания Периода оказания услуг, определяемого в соответствии с условиями, опубликованными на Портале, в котором было заявлено об отказе, и обязанность по оплате таких услуг до конца соответствующего Периода оказания услуг. Оказание данных Услуг в рамках подписки прекращается с момента начала нового Периода оказания услуг.
13.6. Қолданылмайды.	13.6. Не применяется
13.7. Қолданылмайды.	13.7. Не применяется.
13.8. Қолданылмайды.	13.8. Не применяется.
13.9. Қолданылмайды.	13.9. Не применяется.
13.10. Қолданылмайды.	13.10. Не применяется.
13.11. Қолданылмайды.	13.11. Не применяется.
13.12. **Тауар карточкаларының лимитін арттыру жөніндегі қызмет**	13.12. **Услуга по увеличению лимита Карточек товара**
13.12.1. Вайлдберриз Сатушының өтінімі бойынша оған жасауға қолжетімді Тауар карточкаларының лимитін арттыру жөніндегі ақылы қызметті көрсетеді (мұндай лимит Сатушының Жеке кабинетінде оған берілген грейдке сәйкес көрсетілген), ал Сатушы бұл қызметті Порталда көрсетілген тәртіппен және мөлшерде төлеуге міндеттенеді (бұдан әрі – Тауар карточкаларының лимитін арттыру жөніндегі қызмет). Тауар карточкаларының лимитін арттыру жөніндегі қызметті көрсету шарттары туралы толық ақпарат Порталда мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://seller.wildberries.ru/new-goods/all-goods..	13.12.1. Вайлдберриз по заявке Продавца оказывает ему платную услугу по увеличению лимита доступных к созданию Карточек товара (такой лимит указан в Личном кабинете Продавца в соответствии с присвоенным ему грейдом), а Продавец обязуется оплатить эту услугу в порядке и в размере, указанном на Портале (далее – Услуга по увеличению лимита Карточек товар). Подробная информация об условиях оказания Услуги по увеличению лимита Каточек товара доступна на Портале по ссылке: https://seller.wildberries.ru/new-goods/all-goods..
13.12.2. Тауар карточкаларының лимитін арттыру жөніндегі қызмет Жазылым шеңберіндегі қызмет (13.5.1-тармақ) болып табылады, осыған байланысты оған Шарттың Жазылым шеңберіндегі қызметтерді реттейтін ережелері, соның ішінде 13.5.3-13.5.5-тармақтар қолданылады.	13.12.2. Услуга по увеличению лимита Карточек товара является Услугой в рамках подписки (п. 13.5.1), в связи с чем к ней применяются положения Договора, регулирующие Услуги в рамках подписки, в том числе пп. 13.5.3-13.5.5.
13.12.3. Сатушы 13.12.1-тармақта көзделген төлеу жөніндегі міндетті орындамаған кезде, Вайлдберриз Тауар карточкаларының лимитін арттыру жөніндегі қызметті көрсетуді тоқтатады, ал жасауға қолжетімді Тауар карточкаларының лимиті осы қызмет бойынша Сатушыға бұрын берілген санға қысқарады. Егер аталған қысқартудан кейін Сатушының Тауар карточкаларының саны оның	13.12.3. При невыполнении Продавцом обязанности по оплате, предусмотренной п. 13.12.1, Вайлдберриз прекращает оказание Услуги по увеличению лимита Карточек товара, а лимит доступных к созданию Карточек товара сокращается на количество, ранее предоставленное Продавцу по этой услуге. В случае, если после указанного сокращения количество Карточек товара Продавца превышает его лимит

жасауға қолжетімді Тауар карточкаларының лимитінен асып кетсе, лимиттен асатын мұндай Тауар карточкаларын Вайлдберриз бұғаттайды (9.2.4.1-тармақ).	доступных к созданию Карточек товара, такие превышающие лимит Карточки товара блокируются Вайлдберриз (пункт 9.2.4.1.).
13.13. Қолданылмайды.	13.13. Не применяется.
13.14. Ақылы қаптау қызметі.	13.14. Услуга по платной упаковке.
13.14.1. Вайлдберриз Сатушының (өтінім түрінде берілген) тапсырмасы бойынша Сатушы Вайлдберриздің «WB қоймасы» (FBW) қоймасынан сату үшін берген Тауарды ақылы қаптау қызметін көрсете алады (бұдан әрі - «Ақылы қаптау қызметі»). Вайлдберриз осындай қызмет көрсетілетін Тауарлар санаттары мен қоймалардың тізбесін белгілейді. Сатушы Тауарға арналған қаптама түрін өз бетінше таңдауды Вайлдберризге тапсырады.	13.14.1. Вайлдберриз по поручению (выраженному в форме заявки) Продавца может оказать ему платную услугу по упаковке Товара, переданного Продавцом для продаж со склада Вайлдберриз «Склад WB» (FBW) (далее – «Услуга по платной упаковке»). Вайлдберриз устанавливает перечень категорий Товаров и складов, на которых и в отношении которых оказывается такая услуга. Продавец поручает Вайлдберриз самостоятельно подобрать вид упаковки для Товара.
13.14.2. Сатушы Жеткізілімді жасау кезінде Ақылы қаптау қызметін көрсетуге өтінім беруге құқылы (Шарттың 4.5-тармағының 1-тармақшасы). Өтінім берген кезде Сатушы Ақылы қаптау қызметін көрсетуді Вайлдберризге тапсыратын Тауарларға қатысты Тауар карточкаларын көрсетеді. Сатушының Ақылы қаптау қызметін сатып алуға ерік білдіруі Порталда «Ақылы қаптауға тапсырыс беру» батырмасын басу арқылы жүзеге асырылады.	13.14.2. Продавец вправе подать заявку на оказание Услуги по платной упаковке при создании им Поставки (подпункт 1 пункта 4.5 Договора). При подаче заявки Продавец указывает Карточки Товара, в отношении Товаров по которым он поручает Вайлдберриз оказать Услугу по платной упаковке. Волеизъявлением Продавца на приобретение Услуги по платной упаковке является нажатие кнопки «Заказать платную упаковку» на Портале.
13.14.3. Вайлдберриз Ақылы қаптау қызметін Сатушы Вайлдберриздің «WB қоймасы» (FBW) қоймасынан сату үшін іс жүзінде берген және Сатушы Ақылы қаптау қызметін сатып алу кезінде таңдаған Тауар карточкаларына сәйкес келетін Тауарларға қатысты көрсетеді. Егер таңдалған Тауар карточкасы бойынша берілген Тауарлардың саны Сатушы Жеткізілімді жасау кезінде көрсеткен саннан аз болса, Ақылы қаптау қызметінің құны тиісінше азайтылады. Егер таңдалған Тауар карточкасы бойынша берілген Тауарлардың саны Са-тушы Жеткізілімді жасау кезінде көрсеткен саннан көп болса, Ақылы қаптау қызметінің құны тиісінше ұлғайтылады.	13.14.3. Вайлдберриз оказывает Услугу по платной упаковке Товара, фактически переданного Продавцом для продаж со склада Вайлдберриз «Склад WB» (FBW), по Карточкам Товаров, выбранным Продавцом при приобретении Услуги по платной упаковке. В случае передачи Товара по выбранной Карточке Товара в количестве меньшем, чем было указано Продавцом при создании Поставки, стоимость Услуги по платной упаковке соразмерно уменьшается. В случае передачи Товара по вы-бранной Карточке Товара в количестве большем, чем было указано Продавцом при создании Поставки, стоимость Услуги по плат-ой упаковке соразмерно увеличивается.
13.14.4. Сатушы қаптауға қатысты Вайлдберризге тапсырма берген Тауар карточкалары бойынша Тауарларды Вайлдберризге бермеу арқылы өзіне Ақылы қаптау қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда Ақылы қаптау қызметі үшін ақы алынбайды.	13.14.4. Продавец вправе отказаться от оказания ему Услуги по платной упаковке посредством не-передачи Вайлдберриз Товаров по Карточкам Товара, в отношении которых он дал Вайлдберриз поручение на упаковку. В этом случае оплата за Услугу по платной упаковке не взимается.
13.14.5. Сатушы таңдаған Тауар карточкалары бойынша Жеткізілімдегі барлық Тауарларға қатысты Ақылы қаптау қызметінің алдын ала құны Сатушы осы қызметті көрсетуге өтінім берген кезде Порталда көрсетіледі. Ақылы қаптау қызметінің түпкілікті құны Сатушы іс жүзінде берген Тауарларға қатысты есептеледі (Шарттың 13.14.3-тармағы) және Есепте көрсетіледі. Ақы-лы қаптау қызметінің түпкілікті құны Шарттың 6.9-тармағында көзделген тәртіппен оның құнын ұстап қалу арқылы төленеді.	13.14.5. Предварительная стоимость Услуги по платной упаковке указывается на Портале при подаче Продавцом заявки на оказание этой услуги в отношении всех Товаров в Поставке по выбранным Продавцом Карточкам Товара. Итоговая стоимость Услуги по платной упаковке рассчитывается в отношении фактически переданного Продавцом Товара (пункт 13.14.3 Договора) и указывается в Отчете. Оплата итоговой стоимости Услуги по платной упаковке осуществляется путем удержания ее стоимости в порядке, предусмотренном пунктом 6.9 Договора.
14. **Тауарды сатып алу ережелері**	**14. Правила выкупа товара**
Вайлдберриз Сатушы оған берген Тауарды келесі тәртіппен және келесі шарттарда өз меншігіне сатып алуға құқылы:	Вайлдберриз вправе приобрести Товар, переданный ему Продавцом, в свою собственность в следующем порядке и на следующих условиях:
14.14. Сатушы Шарттың 4-бөлімінде көзделген шарттарды орындау үшін Вайлдберризге сату үшін Тауарды берген сәттен бастап, Сатушы кері қайтарылмайтын оферта арқылы Вайлдберризге келесі құқықтарды береді:	14.1. С момента передачи Продавцом Вайлдберриз Товара для реализации в исполнение условий, предусмотренных разделом 4 Договора, Продавец посредством безотзывной оферты предоставляет Вайлдберриз следующие права:
14.14.5. Сатушы Вайлдберризге сату үшін берген Тауарға қатысты бір немесе бірнеше (саны бойынша шектеусіз) сатып алу-сату шартын жасасу құқығы, оларға сәйкес Сатушы Тауарды Вайлдберриз меншігіне береді, ал Вайлдберриз мұндай Тауарды қабылдауға және төлеуге	14.1.1. право заключить в отношении Товара, переданного Продавцом Вайлдберриз для реализации, один или несколько (без ограничений по количеству) договоров купли-продажи, согласно которым Продавец передает Товар Вайлдберриз в собственность, а Вайлдберриз обязуется принять и оплатить такой Товар. Право заключить указанные

міндеттенеді. Аталған шарттарды жасасу құқығы Вайлдберризге өтеусіз берілді.	договоры предоставлено Вайлдберриз безвозмездно.
14.14.6. Шарттың 14.1.1-тармағына сәйкес Вайлдберриз меншігіне берілген Тауарға қатысты бір немесе бірнеше (саны бойынша шектеусіз) сатып алу-сату шартын жасасу құқығы, оларға сәйкес Вайлдберриз Тауарды Сатушы меншігіне береді, ал Сатушы мұндай Тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді. Аталған шарттарды жасасу құқығы Вайлдберризге өтеусіз берілді және Шарттың 14.1.1-тармағына сәйкес сатып алу-сату шарты жасалған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде Вайлдберриз сатып алған әрбір Тауарға қатысты қолданылады.	14.1.2. Право заключить в отношении Товара, переданного в собственность Вайлдберриз в соответствии с п. 14.1.1 Договора, один или несколько (без ограничений по количеству) договоров купли-продажи, согласно которым Вайлдберриз передает Товар Продавцу в собственность, а Продавец обязуется принять и оплатить такой Товар. Право заключить указанные договоры предоставлено Вайлдберриз безвозмездно и действует в отношении каждого выкупленного Вайлдберриз Товара в течение 3 (трех) лет с момента заключения договора купли-продажи в соответствии с п. 14.1.1 Договора.
14.15. Тауарға қатысты сатып алу-сату шарты Вайлдберриз Сатушыға Портал арқылы Тауарды сатып алу туралы Хабарламаны немесе Тауарды кері сату туралы Хабарламаны жіберген сәттен бастап жасалған болып танылады, онда сатып алынатын / сатылатын Тауардың атауы мен саны көрсетілген. Хабарлама нысандары 14.11-тармақта көзделген.	14.2. Договор купли-продажи в отношении Товара признается заключенным с момента направления Вайлдберриз Продавцу посредством Портала Уведомления о выкупе Товара или Уведомления об обратной реализации Товара, в котором указаны наименование и количество выкупаемого / реализуемого Товара. Формы уведомлений предусмотрены пунктом 14.11.
14.16. Тауарға меншік құқығы Вайлдберризге/Сатушыға Тауарға қатысты сатып алу-сату шарты жасалған сәтте ауысады.	14.3. Право собственности на Товар переходит к Вайлдберриз/Продавцу в момент заключения договора купли-продажи в отношении Товара.
14.17. Тауар Вайлдберриз меншігіне сатып алынатын Тауар бағасы (қолданылатын мөлшерлеме бойынша ҚҚС-ты қоса алғанда) мына формула бойынша айқындалады:	14.4. Цена Товара (включая НДС по применимой ставке), по которой Товар приобретается в собственность Вайлдберриз, определяется по формуле:
Ct = RP ∗ Ks - L, мұнда	Ct = RP ∗ Ks - L, где
Ct – Тауар бағасы (қолданылатын мөлшерлеме бойынша ҚҚС-ты қоса алғанда);	Ct – Цена товара (включая НДС по применимой ставке);
RP – Сатушы 5.1-тармақта көзделген тәртіппен Тауарды сатып алу сәтінде көрсеткен Тауардың бөлшек бағасы (ҚҚС-ты қоса алғанда);	RP – Розничная цена товара, указанная Продавцом в порядке, предусмотренном пунктом 5.1, на момент выкупа Товара (включая НДС);
Ks – 14.12-тармақта көзделген тәртіппен айқындалатын Сатып алу бағасының коэффициенті;	Ks – Коэффициент выкупной цены, определяемый в порядке, предусмотренном пунктом 14.12;
L – тең шама:	L – Величина, равная:
1) Сатып алушы Вайлдберризден Тауарға тапсырыс бергеннен кейін Тауарды сатып алған жағдайда – 13.1-тармақта көзделген, егер Тауар 3.1-тармаққа сәйкес сол Сатып алушыға Сатушы атынан сатылған болса, Сатушыға көрсетілетін Тауарды сатып алушыға дейін жеткізу жөніндегі Вайлдберриз қызметтерінің құнына;	1) В случае выкупа Товара после совершения покупателем заказа Товара у Вайлдберриз – стоимости услуг Вайлдберриз по доставке Товара до покупателя, предусмотренных пунктом 13.1, которые были бы оказаны Продавцу, если бы Товар был реализован покупателю от имени Продавца тому же Покупателю в соответствии с пунктом 3.1;
2) Барлық қалған жағдайларда – 0-ге тең. Вайлдберриз Тауарды Сатушыға Шарттың 14.1.2-тармағына сәйкес Тауардың осы бірлігін бұрын Вайлдберриз Шарттың 14.4-тармағына сәйкес Сатушыдан сатып алған бағамен (қолданылатын мөлшерлеме бойынша ҚҚС-ты қоса алғанда) сатады.	2) Во всех остальных случаях – равная 0. Вайлдберриз продает Товар Продавцу в соответствии с п. 14.1.2 Договора по цене (включая НДС по применимой ставке), по которой эта единица Товара ранее была выкуплена Вайлдберриз у Продавца в соответствии с п. 14.4 Договора.
14.18. Сатушы тиісті Тауарға қатысты сатып алу-сату шарты жасалған сәттен кешіктірмей, сатып алынған Тауардың атауы, саны және бағасы туралы дұрыс мәліметтерді қамтитын электрондық шот-фактураны Вайлдберризге ұсынуға міндеттенеді.	14.5. Продавец обязуется предоставить Вайлдберриз электронную счет-фактуру, содержащую корректные сведения о наименовании, количестве и цене выкупленного Товара не позднее момента заключения договора купли продажи в отношении соответствующего Товара.
14.19. Вайлдберриз сатып алатын Тауар сатып алу-сату шарты жасалған сәтте Вайлдберризде болатындықтан, электрондық шот-фактура Тауардың берілуін растамайды, бірақ электрондық шот-фактура болып табылады және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің электрондық шот-фактураларға қолданылатын талаптарына сәйкес келуі керек. Бір электрондық шот-фактурада сатып алу-сату шарттары әртүрлі күндері жасалған Тауарлар туралы мәліметтер қамтыла алмайды.	14.6. Поскольку Товар, выкупаемый Вайлдберриз, находится на момент заключения договора купли-продажи у Вайлдберриз, электронная счет-фактура не подтверждает передачу Товара, но является электронной счет-фактурой и должна соответствовать требованиям Налогового кодекса Республики Казахстан, применяемым к электронным счетам-фактурам. Одна электронная счет-фактура не может содержать сведения о Товарах, в отношении которых договоры купли-продажи заключены в разные даты.
14.20. Тауарға ақы төлеуді Вайлдберриз Сатушы осындай Тауарға қатысты электрондық шот-	14.7. Оплата Товара производится Вайлдберриз в течение 30 (тридцати) календарных дней с момента

фактураны ұсынған және Вайлдберриз осындай құжатқа қол қойған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді. Вайлдберриздің Тауарға ақы төлеу жөніндегі міндетті орындауы Сатушының осы қосымшаның 14.5-тармағында көзделген Вайлдберризге электрондық шот-фактураны ұсыну жөніндегі міндетті тиісті түрде орындауымен шартталған. Сатушы осы қосымшаның 14.5-тармағында көзделген Вайлдберризге электрондық шот-фактураны ұсыну жөніндегі міндетті орындамаған жағдайда, Вайлдберриз Сатушыға хабарламай, Сатушыдан сатып алынған кез келген Тауар үшін, соның ішінде ол бойынша электрондық шот-фактура ұсынылмаған тауар үшін ақы төлеуді тоқтата тұруға, сондай-ақ Сатушы тиісті міндетті тиісті түрде орындаған сәтке дейін Тауарды сатудан алынған ақшалай қаражатты Сатушыға аударуды тоқтата тұруға құқылы.	предоставления Продавцом электронной счет-фактуры в отношении такого Товара и подписания такого документа Вайлдберриз. Исполнение Вайлдберриз обязанности по оплате Товара обусловлено надлежащим исполнением Продавцом обязанности по предоставлению Вайлдберриз электронной счет-фактуры, предусмотренной пунктом 5 настоящего приложения. В случае неисполнения Продавцом обязанности по предоставлению Вайлдберриз электронной счет-фактуры, предусмотренной пунктом 5 настоящего приложения, Вайлдберриз вправе без уведомления Продавца приостановить оплату за любой выкупленный у Продавца Товар, в том числе в отношении которого не предоставлена электронная-счет фактура, а также приостановить перечисление Продавцу денежных средств, полученных от реализации Товара до момента надлежащего исполнения Продавцом соответствующей обязанности.
14.21. Сатып алу-сату шарты жасалған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде электрондық шот-фактураны ұсынбау тиісті сатып алу-сату шартын Вайлдберриз тарапынан біржақты тәртіпте бұзуға және Сатушыға Тауарды Вайлдберриз көрсеткен жерде қабылдау туралы талап қоюға негіз болып табылады. Сатып алу-сату шарты аталған негіз бойынша бұзылған жағдайда, Сатушы Вайлдберризге шарттың осы тармағында көзделген айыппұлдан тыс, сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін жасалған Тауармен кез келген операцияларға жұмсалған шығыстар мөлшеріндегі залалдарды толық сомада өтеуге міндеттенеді.	14.8. Непредоставление электронной счет-фактуры в течение 7 (семи) календарных дней с момента заключения договора купли-продажи является основанием для расторжения соответствующего договора купли-продажи в одностороннем порядке со стороны Вайлдберриз и предъявления требования к Продавцу принять Товар в месте, указанном Вайлдберриз. В случае расторжения договора купли-продажи по указанному основанию Продавец обязуется возместить Вайлдберриз убытки в полной сумме сверх предусмотренного настоящим пунктом договора штрафа в размере расходов, понесенных на любые операции с Товаром, совершенные после заключения договора купли- продажи.
14.22. Қолданылмайды.	14.9. Не применяется.
14.23. Тараптар сатып алынған Тауарға қатысты осы Шартты Тауарға қатысты сатып алу-сату шарты жасалған сәттен бастап (14.2-тармақ) тоқтатылған деп таниды, бұл ретте Сатушының 14.1.2-тармаққа сәйкес Вайлдберризге берген құқығы қолданылуын жалғастырады. Вайлдберриздің тауарды сатып алуы Вайлдберриздің Тауарды Шартта көзделген тәртіппен сатуы болып табылмайды және мұндай сатумен байланысты құқықтар мен міндеттердің туындауына әкеп соқпайды.	14.10. Настоящий Договор в отношении выкупленного Товара стороны признают прекращенным с момента заключения в отношении Товара договора купли-продажи (пункт 14.2), при этом право, предоставленное Продавцом Вайлдберриз в соответствии с п. 14.1.2 продолжает действовать. Выкуп товара Вайлдберриз не является реализацией Вайлдберриз Товара в порядке, предусмотренном Договором, и не влечет возникновения прав и обязанностей, связанных с такой реализацией.
14.24. Хабарлама нысандары:	14.11. Формы уведомлений:
== Нысанның басы ==	== Начало формы ==
14.24.5. Сатып алу туралы хабарлама	14.11.1. Уведомление о выкупе
Күні:	Дата:
«ИМВБКЗ» ЖШС осымен Сізге WILDBERRIES алаңында тауарларды сату туралы шартқа Тауарды сатып алу ережелерінде көзделген тәртіппен келесі Тауарды меншікке сатып алғаны туралы хабарлайды:	Настоящим ТОО «ИМВБКЗ» уведомляет Вас о приобретении в собственность в порядке, предусмотренном Правилами выкупа Товара к Договору о реализации товаров на площадке WILDBERRIES, следующего Товара:

Р/с № № п/п	**Тауардың атауы** Наименование Товара	**Тауар саны** Количество Товара	**Тауар бағасы, теңге, ҚҚС-ты қоса алғанда** Цена Товара, тенге, включая НДС	**ҚҚС-пен Тауар құны, теңге** Стоимость Товара с НДС, тенге	**ҚҚС сомасы, теңге** Сумма НДС, тенге

Тауар бағасы WILDBERRIES алаңында тауарларды сату туралы шартқа Тауарды сатып алу ережелерінің шарттарына сәйкес айқындалды.	Цена Товара определена в соответствие с условиями Правил выкупа Товара к Договору о реализации товаров на площадке WILDBERRIES.
Тауарды сатып алу ережелерінің 14.5-тармағына сәйкес көрсетілген Тауарға қатысты электрондық шот-фактураны ұсынуды сұраймыз.	Согласно пункту 14.5 Правил выкупа Товара просим предоставить электронную счет-фактуру в отношении указанного Товара.
«ИМВБКЗ» ЖШС уәкілетті тұлғасының қолы.	Подпись уполномоченного ТОО «ИМВБКЗ» лица.
== Нысанның соңы ==	== Конец формы ==
14.24.6. Тауарды кері сату туралы хабарлама	14.11.2. Уведомление об обратной реализации Товара

== Нысанның басы ==	== Начало формы ==
Күні:	Дата:
«ИМВБКЗ» ЖШС осымен Сізге WILDBERRIES алаңында тауарларды сату туралы шартқа Тауарды сатып алу ережелерінде көзделген тәртіппен келесі Тауарды сатқаны және Сіздің меншігіңізге бергені туралы хабарлайды:	Настоящим ТОО «ИМВБКЗ» уведомляет Вас о продаже и передаче Вам в собственность в порядке, предусмотренном Правилами выкупа Товара к Договору о реализации товаров на площадке WILDBERRIES, следующего Товара:

Р/с № № п/п	**Тауардың атауы** Наименование Товара	**Тауар саны** Количество Товара	**Тауар бағасы, теңге, ҚҚС-ты қоса алғанда** Цена Товара, тенге, включая НДС	**ҚҚС-пен Тауар құны, теңге** Стоимость Товара с НДС, тенге	**ҚҚС сомасы, теңге** Сумма НДС, тенге

Тауар бағасы WILDBERRIES алаңында тауарларды сату туралы шартқа Тауарды сатып алу ережелерінің шарттарына сәйкес айқындалды.	Цена Товара определена в соответствие с условиями Правил выкупа Товара к Договору о реализации товаров на площадке WILDBERRIES.
Тауарды сатып алу ережелерінің 5-тармағына сәйкес көрсетілген Тауарға қатысты электрондық шот-фактураны ұсынуды сұраймыз.	Согласно пункту 5 Правил выкупа Товара просим предоставить электронную счет фактуру в отношении указанного Товара.
«ИМВБКЗ» ЖШС уәкілетті тұлғасының қолы.	Подпись уполномоченного ТОО «ИМВБКЗ» лица.
== Нысанның соңы ==	== Конец формы ==
14.25. Сатып алу бағасының коэффициентін белгілеу ережелері:	14.12. Правила установления коэффициента выкупной цены:
Сатып алу бағасының коэффициенті = 100% - X - Y, мұнда	Коэффициент выкупной цены = 100% - X - Y, где
X - бұл Тауар санатына байланысты Портал парақшасында жарияланған кесте бойынша айқындалатын %-бен мән: https://static-basket-02.wbbasket.ru/vol20/folder/comission/KVV_KZ_20260313.pdf	X - это значение в %, определяемое по таблице, опубликованной на странице портала: https://static-basket-02.wbbasket.ru/vol20/folder/comission/KVV_KZ_20260313.pdf в зависимости от категории Товара.
Y - бұл Сатушы қандай Опцияларды қолданғанына және сатып алу сәтінде әрекет ететініне байланысты айқындалатын және Порталда Тарифтік конструкторда «Тариф белсенді» бағанында көрсетілетін %-бен мән.	Y - это значение в %, определяемое в зависимости от того, какие Опции применены Продавцом и действуют в момент выкупа, и отображаемое на Портале в Тарифном конструкторе в графе «Тариф активен».
15. **ТАУАРЛАРДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.**	**15. ПРАВИЛА ОКАЗАНИЯ УСЛУГ ПО ПРОДВИЖЕНИЮ ТОВАРОВ.**
15.14. Қолданылмайды	15.1. Не применяется
15.15. **«WB.Ілгерілету» қызметі.**	**15.2. Услуга «WB.Продвижение».**
15.15.5. «WB.Ілгерілету» қызметі шеңберінде Вайлдберриз Сатушыға Портал функционалын («WB.Ілгерілету» бөлімін) пайдалана отырып, Порталда орналастырылған талаптарға және осы Ережелерге сәйкес Тауарларды (Тауарларды сату туралы ұсыныстарды) Сайтта және (немесе) Вайлдберриз мобильді қосымшасында іздеу нәтижелерінде, тиісті санаттағы тауарлар каталогында, басты беттегі ұсынымдарда, басқа тауарлар туралы ақпараты бар беттерде және тізбесі Сатушыға Порталда қолжетімді болатын басқа да орындарда неғұрлым жоғары позицияларда көрсетуге әсер ету мүмкіндігін береді.	15.2.1. В рамках услуги «WB.Продвижение» Вайлдберриз предоставляет Продавцу возможность с использованием функционала Портала (его раздела «WB.Продвижение») в соответствии с требованиями, размещенными на Портале, и настоящими Правилами, влиять на показ Товаров (предложений о продаже Товаров) на Сайте и (или) в мобильном приложении Вайлдберриз на более высоких позициях в результатах поиска, в каталоге товаров соответствующей категории, рекомендациях на главной странице, на страницах с информацией о других товарах и иных местах, перечень которых доступен Продавцу на Портале.
15.15.6. Вайлдберриз ұсынған мүмкіндіктер мен функционалды ескере отырып, Сатушы таңдалған Тауарлар жиынтығын білдіретін және Сатушы мұндай науқанды жасаған кезде Вайлдберриз беретін өзінің бірегей нөмірі бар барлық ақпараттық науқанға қатысты орналастыру шарттарын және «WB.Ілгерілету» қызметтерінің құнын айқындау тәртібін белгілейді.	15.2.2. С учетом предоставленных Вайлдберриз возможностей и функционала Продавец определяет условия размещения и порядок определения стоимости услуг «WB.Продвижение» в отношении всей информационной кампании, представляющей собой совокупность выбранных Товаров, и имеющей свой уникальный номер, который присваивается Вайлдберриз при создании такой кампании Продавцом.
15.15.7. Тауарлардың Сайттағы және (немесе) Вайлдберриз мобильді қосымшасындағы іздеу нәтижелеріндегі, тиісті санаттағы тауарлар каталогындағы, басты беттегі ұсынымдардағы, басқа тауар карточкаларындағы және тізбесі Сатушыға Порталда қолжетімді болатын басқа да	15.2.3. Позиции Товаров на Сайте и (или) в мобильном приложении Вайлдберриз в результатах поиска, в каталоге товаров соответствующей категории, рекомендациях на главной странице, в других карточках товара и иных местах, перечень которых доступен Продавцу на Портале, зависят от CPM.

орындардағы позициялары Сатушының ақпараттық науқанының CPM, CPO немесе CPC көрсеткіштеріне және басқа Сатушылардың ақпараттық науқандарының CPM, CPO, CPC көрсеткіштеріне, сондай-ақ Тауарларды саралауға (ранжирлеуге) әсер ететін басқа да критерийлерге, соның ішінде мына сілтеме бойынша көрсетілген іздеу нәтижелерінде Тауарларды саралауға әсер ететін факторларды ескере отырып тәуелді болады: https://seller.wildberries.ru/instructions/ru/ru/material/A-48. Бұл ретте Сатушы Тауарларын көрсету орны бекітілген болып табылмайды.	CPO или CPC информационной кампании Продавца и CPM, CPO, CPC информационных кампаний других Продавцов, а также других критериев, влияющих на ранжирование Товаров, в том числе с учетом факторов, влияющих на ранжирование Товаров в поисковой выдаче, указанных по ссылке: https://seller.wildberries.ru/instructions/ru/ru/material/A-48. При этом место показа Товаров Продавца не является фиксированным.
15.15.8. «WB.Ілгерілету» қызметтерінің құны Сатушының таңдауы бойынша келесі тәсілдермен айқындалады:	15.2.4. Стоимость услуг «WB.Продвижение» определяется следующими способами по выбору Продавца:
1) Вайлдберриз статистикасының деректері негізінде мың көрсетілім құнына (CPM) және Сатушының ақпараттық науқанының көрсетілімдер санына сүйене отырып. Мың көрсетілімнің құнын (CPM) Сатушы науқанды дайындау кезінде Вайлдберриз белгілеген CPM ең жоғары және ең төменгі мөлшері шегінде айқындайды.	1) исходя из стоимости за тысячу показов (CPM) и количества показов информационной кампании Продавца, на основании данных статистики Вайлдберриз. Стоимость за тысячу показов (CPM) определяется Продавцом при подготовке кампании в пределах установленного Вайлдберриз максимального и минимального размера CPM.
Қызметтер құнын айқындау кезінде ақпараттық науқан кезеңінде болған көрсетілімдер, сондай-ақ ақпараттық науқан аяқталған сәттен бастап көрсетілімдер нақты тоқтаған сәтке дейінгі кезеңдегі көрсетілімдер ескеріледі. Егер Сатушы науқанды тоқтата тұру бойынша функционалды пайдаланса, Вайлдберриз Сатушы Порталда науқанды тоқтата тұру батырмасын басқан сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей көрсетілімдерді тоқтата тұрады.	При определении стоимости услуг учитываются показы, произошедшие в период информационной кампании, а также показы в период с момента окончания информационной кампании до момента фактической остановки показов. В случае, если Продавец воспользовался функционалом по приостановлению кампании, Вайлдберриз приостанавливает показы не позднее, чем через 3 (три) календарных дня с момента, когда Продавец нажал на кнопку приостановления кампании на Портале.
2) Сатып алушының Тауарға бір Тапсырыс беру құнына (CPO) және Сатып алушылардың Тауарға Тапсырыстарының санына сүйене отырып. Сатып алушының Тауарға бір Тапсырыс беру құнын (CPO) Сатушы науқанды дайындау кезінде Вайлдберриз белгілеген CPO ең жоғары және ең төменгі мөлшері шегінде айқындайды.	2) исходя из стоимости за один Заказ Товара Покупателем (CPO) и количества Заказов Товара Покупателями. Стоимость за один Заказ Товара Покупателем (CPO) определяется Продавцом при подготовке кампании в пределах установленного Вайлдберриз максимального и минимального размера CPO.
Қызметтер құнын айқындау кезінде ақпараттық науқан кезеңінде, сондай-ақ ақпараттық науқан аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде болған Тапсырыстар ескеріледі.	При определении стоимости услуг учитываются Заказы, произошедшие в период информационной кампании, а также в течение 7 (семи) календарных дней с даты окончания информационной кампании.
Сатушы науқан бюджетін толтырған кезде, Вайлдберриз бюджетті толтыру сомасынан 30%-ды ақпараттық науқан аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде болатын Тапсырыстарды төлеу есебіне ұстап қалады:	При пополнении бюджета кампании Продавцом, Вайлдберриз удерживает 30% от суммы пополнения бюджета в счет оплаты Заказов, которые произойдут в течение 7 (семи) календарных дней с даты окончания информационной кампании:
– егер ақпараттық науқан аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде ақпараттық науқан бюджетін толтыру сомасынан 30%-ға тең немесе одан асатын сомаға Тапсырыстар болса, ұстап қалынған сома Сатушыға қайтарылмайды, ал Сатушы алдын ала төленбеген бөлігінде қызметтер құнын Вайлдберризге төлеуге міндеттенеді. Төлем көрсетілген қызметтер құнын Сатушының Вайлдберризге біртекті қарсы талаптарын орындау есебіне есепке алу жолымен жүргізіледі. Егер есепке алуды жүргізу мүмкін болмаса, төлемді Сатушы шотты алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Вайлдберриз шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүргізеді;	– в случае, если в течение 7 (семи) календарных дней с даты окончания информационной кампании произойдут Заказы на сумму равную или превышающую 30% от суммы пополнения бюджета информационной кампании, удержанная сумма Продавцу не возвращается, а Продавец обязуется оплатить Вайлдберриз стоимость услуг, в части, которая не была предварительно оплачена. Оплата производится путем зачёта стоимости оказанных услуг в счёт исполнения встречных однородных требований Продавца к Вайлдберриз. В случае, если зачет не может быть произведен, оплата производится путем перечисления Продавцом денежных средств на счет Вайлдберриз в течение 5 (пяти) календарных дней с даты получения счета;
– егер ақпараттық науқан аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде ақпараттық науқан бюджетін толтыру сомасынан 30%-дан аз сомаға Тапсырыстар болса, ақпараттық науқан аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн өткен соң Вайлдберриз ұстап қалған сомадан жұмсалмаған қалдық Сатушыға ақпараттық	– в случае, если в течение 7 (семи) календарных дней с даты окончания информационной кампании произойдут Заказы на сумму менее 30% от суммы пополнения бюджета информационной кампании, неизрасходованный остаток из удержанной Вайлдберриз суммы по течении 7 (семи) календарных дней с даты окончания

науқан бюджетін толтыру жүргізілген тәсілмен қайтарылады.	информационной кампании возвращается Продавцу тем же способом, которым производилось пополнение бюджета информационной кампании.
3) Вайлдберриз статистикасының деректері негізінде Сатып алушының бір басу (клик) құнына (CPC) және Сатушының ақпараттық науқанының басулар (кликтер) санына сүйене отырып. Бір басу құнын (CPC) Сатушы науқанды дайындау кезінде Вайлдберриз белгілеген CPC ең жоғары және ең төменгі мөлшері шегінде айқындайды.	3) исходя из стоимости за один клик Покупателя (CPC) и количества кликов информационной кампании Продавца, на основании данных статистики Вайлдберриз. Стоимость за один клик (CPC) определяется Продавцом при подготовке кампании в пределах установленного Вайлдберриз максимального и минимального размера CPC.
Ақпараттық науқанның басуы (клигі) деп Тауарларды ілгерілету орындарында ақпараттық науқанға кіретін Тауарларға қатысты келесі әрекеттердің кез келгені түсініледі:	Под кликом информационной кампании понимается любое из следующих действий в отношении Товаров, входящих в информационную кампанию, в местах продвижения Товаров:
1) Сатып алушының Тауар туралы толық ақпараты бар бетке қайта бағыттайтын сілтеме бойынша өтуі, немесе	1) обращение Покупателя по ссылке, переадресующей на страницу с подробной информацией о Товаре, или
2) Сатып алушының Тауар туралы толық ақпараты бар бетке қайта бағыттаусыз Тауар туралы ақпаратты қарау үшін «Жылдам қарау» белгісі бойынша өтуі,	2) обращение Покупателя по метке «Быстрый просмотр» для просмотра информации о Товаре без переадресации на страницу с подробной информацией о Товаре,
3) Сатып алушының «Таңдаулы» белгісі бойынша өтуі,	3) обращение Покупателя по метке «Избранное»,
4) Сатып алушының Тауарды Сатып алушының себетіне қосатын белгі бойынша өтуі.	4) обращение Покупателя по метке, добавляющей Товар в корзину Покупателя.
Қызметтер құнын айқындау кезінде ақпараттық науқан кезеңінде болған басулар (кликтер), сондай-ақ ақпараттық науқан аяқталған сәттен бастап көрсетілімдер нақты тоқтаған сәтке дейінгі кезеңдегі басулар ескеріледі. Егер Сатушы науқанды тоқтата тұру бойынша функционалды пайдаланса, Вайлдберриз Сатушы Порталда науқанды тоқтата тұру батырмасын басқан сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей көрсетілімдерді тоқтата тұрады.	При определении стоимости услуг учитываются клики, произошедшие в период информационной кампании, а также клики в период с момента окончания информационной кампании до момента фактической остановки показов. В случае, если Продавец воспользовался функционалом по приостановлению кампании, Вайлдберриз приостанавливает показы не позднее, чем через 3 (три) календарных дня с момента, когда Продавец нажал на кнопку приостановления кампании на Портале.
15.15.9. Сатушы осындай мөлшерлеменің ең төменгі мөлшері туралы танысу үшін қолжетімді ақпаратты ескере отырып, Порталдағы WB.Жылжыту бөлімінде CPM, CPO, CPC мөлшерлемесін айқындайды.. 15.1.5.1. Вайлдберриз CPM, CPO, CPC тіркелген ең төменгі мөлшерін өзгертуге құқылы. Өзгерістер Порталда өзгеріс туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жетінші күннің 00 сағат 00 минутынан бастап күшіне енеді. Егер Вайлдберриз бұған дейін Сатушыға таңдалған тауарлар санаттарының немесе ішкі санаттарының CPM, CPO, CPC ең төменгі мөлшері өзгеруі мүмкін екендігі туралы хабарлаған болса, өзгерістер Порталда өзгерістер туралы хабарлама жарияланған күннен кейінгі күннің 00 сағат 00 минутынан бастап күшіне енеді. Ақпараттық науқанды іске қосқан кезде және бұрын іске қосылған ақпараттық науқанның бюджетін толықтырған (оның ішінде автоматты түрде толықтырған) кезде Сатушы белгіленген CPM, CPO, CPC-ді растайды. 15.1.5.2. Вайлдберриз мөлшерлеменің ең төменгі Вайлдберриз мөлшерлеменің ең төменгі мөлшерін есептеу кезінде Тауарлардың белгілі бір санаты мен ішкі санатының параметрлерін ескере отырып, CPM, CPO, CPC тіркелген ең төменгі мөлшеріне қосымша коэффициенттерді қолдануға құқылы. Коэффициенттің қолданыстағы мәні және ағымдағы ең төменгі CPM, CPO, CPC мөлшерлемесі Порталда WB.Жылжыту бөлімінде орналастырылған, Сатушы WB.Жылжыту қызметіне тапсырыс бермес бұрын осы ақпаратпен танысуға міндеттенеді.	15.2.5. Продавец определяет ставку CPM, CPO, CPC на Портале в разделе WB.Продвижение с учетом доступной для ознакомления информации о минимальном размере такой ставки. 15.2.5.1. Вайлдберриз вправе изменять фиксированный минимальный размер CPM, CPO, CPC. Изменения вступают в силу с 00 часов 00 минут седьмого дня с даты опубликования на Портале уведомления об изменении. В случае, если Вайлдберриз ранее уведомило Продавца о том, что минимальный размер CPM, CPO, CPC выбранных категорий или подкатегорий товаров может изменяться, изменения вступают в силу с 00 часов 00 минут дня, следующего за днем опубликования на Портале уведомления об изменениях. При запуске информационной кампании и пополнении бюджета (в том числе автопополнении) ранее запущенной информационной кампании Продавец подтверждает установленный CPM, CPO, CPC. 15.2.5.2. Вайлдберриз вправе при расчете минимального размера ставки применять к фиксированному минимальному размеру CPM, CPO, CPC дополнительные коэффициенты с учетом параметров определенной категории и подкатегории Товаров. Действующее значение коэффициента и текущая минимальная ставка CPM, CPO, CPC размещены на Портале в разделе WB.Продвижение, Продавец обязуется ознакомиться с данной информацией перед заказом услуги WB.Продвижение..

15.15.10. Ақпараттық науқан кезеңі Сатушы ақпараттық науқанды іске қосқан сәттен бастап Сатушы белгілеген науқан бюджеті таусылған сәтке дейін немесе Сатушы ақпараттық науқанды тоқтата тұру бойынша Портал функционалын пайдаланған сәтке дейін есептеледі. Науқан бюджетін автотолтыру функциясын пайдаланған кезде Сатушы белгілеген бюджеттің таусылу сәті автотолтыру параметрлерін ескере отырып айқындалады – Сатушы белгілеген параметрлерге сәйкес науқан бюджеті автотолтырылған жағдайда ақпараттық науқан кезеңі аяқталмайды.	15.2.6. Период информационной кампании исчисляется с момента запуска Продавцом информационной кампании до момента израсходования установленного Продавцом бюджета кампании или до момента использования Продавцом функционала Портала по приостановлению информационной кампании. При использовании функции автопополнения бюджета кампании момент израсходования установленного Продавцом бюджета определяется с учетом настроек автопополнения - период информационной кампании не заканчивается в случае автопополнения бюджета кампании согласно установленным Продавцом настройкам.
15.15.11. Сатушы көрсетілімдер санын, қызметтер құнын, сондай-ақ Сатушының назарына жеткізілетін өзге де көрсеткіштерді айқындау үшін тек қана Вайлдберриздің автоматтандырылған есепке алу жүйесінің деректері (Вайлдберриз статистикасының деректері) пайдаланылатынын, олардың соның ішінде көрсетілімдерді өңдеу нәтижелері бойынша қалыптастырылатынын мойындайды.	15.2.7. Продавец признает, что для определения количества показов, стоимости услуг, а также иных показателей, которые доводятся до сведения Продавца, используются исключительно данные автоматизированной системы учета Вайлдберриз (данные статистики Вайлдберриз), формируемые в том числе по результатам обработки показов.
15.16. Қолданылмайды	15.3. Не применяется
15.17. **Сайтта тауарларды ілгерілету бойынша қызметтер көрсетудің жалпы ережелері.**	15.4. **Общие положения оказания услуг по продвижению товаров на Сайте.**
15.17.5. Вайлдберриз Сатушыға осы бөлімде көрсетілген шарттарда келесі техникалық сипаттағы қызметтерді көрсетеді:	15.4.1. Вайлдберриз оказывает Продавцу на условиях, указанных в настоящем разделе, следующие услуги технического характера:
1) «WB.Ілгерілету» қызметі.	1) услуга «WB.Продвижение».
15.17.6. Ілгерілету бойынша қызметтерді Вайлдберриз Сатушыға тиісті техникалық мүмкіндік болған жағдайда көрсетеді.	15.4.2. Услуги по продвижению оказываются Вайлдберриз Продавцу при наличии соответствующей технической возможности.
15.17.7. Шарттың осы 15-бөлімі бойынша Вайлдберриз қызметтер көрсетуі шеңберінде Сатушыға Порталда қолжетімді функционал басқа Сатушыларға қолжетімді функционалдан өзгеше болуы мүмкін. Аталған өзгешеліктер жаңа функционалды Вайлдберриз кездейсоқ таңдайтын жекелеген Сатушыларда тестілеуге байланысты.	15.4.3. Функционал, доступный Продавцу на Портале, в рамках оказания Вайлдберриз услуг по настоящему разделу 15 Договора, может отличаться от функционала, доступного другим Продавцам. Указанные отличия связаны с тестированием нового функционала на отдельных Продавцах, которые выбираются Вайлдберриз случайным образом.
15.17.8. 15.1-тармақта көрсетілген қызметтерге тапсырыс беруші ретінде Вайлдберриз Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген тапсырманы орындайтын Сатушы бола алады.	15.4.4. Заказчиком услуг, указанных в п. 15.1, может выступать Продавец, для которого Вайлдберриз выполняет поручение, указанное в п.3.1. Договора.
15.17.9. Осы Ережелердің мақсаттары үшін «Портал» деп https://cmp.wildberries.ru/ сайты да түсініледі.	15.4.5. Для целей настоящих Правил под «Порталом» понимается также сайт https://cmp.wildberries.ru/
15.18. **Қызметтерге ақы төлеу.**	15.5. Оплата услуг.
15.18.5. Қызметтер құны жалпы ереже бойынша ҚҚС-ты қамтиды. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген Сатушыларға көрсетілетін қызметтердің құны ҚҚС-ты қамтымайды. Егер қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҚС салық салуға жататын болса, салықты Вайлдберриз қолданыстағы мөлшерлеме бойынша есептейді және Сатушыға қызметтер құнына қосымша төлеуге ұсынады. Сатушы өзі тіркелген елдің салық заңнамасының талаптарына сәйкес ҚҚС есептеу міндетін атқарады, алайда, барлық жағдайларда, Вайлдберриз пайдасына төлемдерді Сатушы қолданылатын ҚҚС сомаларына азайта алмайды.	15.5.1. Стоимость услуг по общему правилу включает НДС. Стоимость услуг, которые оказываются Продавцам, зарегистрированными не на территории Республики Казахстан не включает НДС. Если услуги подлежат обложению НДС в соответствии с законодательством Республики Казахстан, налог будет исчислен Вайлдберриз по действующей ставке и предъявлен к оплате Продавцу в дополнение к стоимости услуг. Продавец несет обязанность по исчислению НДС согласно требованиям налогового законодательства страны своей регистрации, однако, во всех случаях, выплаты в пользу Вайлдберриз не могут уменьшаться Продавцом на суммы применимого НДС.
15.18.6. Сатушы қызметтерді Порталда ақпараттық науқанды жасау кезінде көрсетілген тәртіппен төлейді. Тиісті техникалық мүмкіндік болған жағдайда келесі төлем тәсілдері мен тәртібі қолжетімді болуы мүмкін:	15.5.2. Продавец оплачивает услуги в порядке, указанном при создании информационной кампании на Портале. При наличии соответствующей технической возможности могут быть доступны следующие способы и порядок оплаты:
1) Сатушының есеп айырысу шотынан (соның ішінде Портал функционалын пайдалана отырып Сатушының банк картасымен) Вайлдберриздің есеп айырысу шотына қызметтерді алдын ала төлеу	1) предварительная оплата услуг с расчетного счета Продавца (в том числе банковской картой Продавца с использованием функционала Портала) на расчетный счет Вайлдберриз
2) көрсетілген қызметтерді Сатушының Вайлдберризге біртекті қарсы талаптарын есепке алу жолымен Есепті кезеңнен кейінгі 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде төлеу.	2) оплата оказанных услуг в течение 2 (двух) календарных дней, следующих за Отчетным периодом путем зачета встречных однородных

Ағымдағы Есепті кезеңде Сатушы аталған тәсілмен төлей алатын қызметтердің шекті құнын Вайлдберриз айқындайды.	требований Продавца к Вайлдберриз. Предельная стоимость услуг, которая может быть оплачена Продавцом в текущем Отчетном периоде указанным способом определяется Вайлдберриз.
15.18.7. Қызметтерді төлеу үшін Порталда банк картасының деректемелерін енгізудің әрбір фактісі Сатушының осындай банк картасының ұстаушысы болып табылатыны және оны пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға барлық құқықтары бар екендігі туралы Сатушының жеке растамасы болып табылады.	15.5.3. Каждый факт ввода реквизитов банковской карты на Портале для оплаты услуг является отдельным заверением Продавца о том, что он является держателем такой банковской карты и имеет все права на осуществление платежей с ее использованием.
Сатушы көрсетілген растаманы бұзған жағдайда, Сатушы Вайлдберризге осындай бұзушылыққа байланысты келтірілген нақты залалды өтеуге міндеттенеді.	В случае нарушения Продавцом указанного заверения, Продавец обязуется возместить Вайлдберриз реальный ущерб, понесенный в связи с таким нарушением.
15.18.8. Қызметтерді Сатушының шотынан төлеу кезінде төлем мақсаты бағанында Сатушы «Оферта шарты бойынша АМ орналастыру бойынша қызмет көрсету» деп көрсетуге міндетті. Әйтпесе, Вайлдберриз бұл төлемді өз қалауы бойынша есепке алуға немесе төлемді танылмаған төлем ретінде қайтаруға құқылы.	15.5.4. При оплате услуг со счета Продавца в графе назначения платежа Продавец обязан указать «оказание услуги по размещению ИМ по договору Оферты». В противном случае Вайлдберриз имеет право зачесть данный платеж по своему усмотрению или вернуть платеж как неопознанный.
15.18.9. Қолданылмайды	15.5.5. Не применяется
15.18.10. Қолданылмайды	15.5.6. Не применяется
15.18.11. Қолданылмайды	15.5.7. Не применяется
15.18.12. Вайлдберриз біржақты тәртіпте төлем мерзімі келген көрсетілген қызметтердің құнын Сатушының біртекті қарсы талаптарын орындау есебіне есепке алуды жүзеге асыруға құқылы, тиісті деректер Сатушы үшін есепте көрсетіледі, ол оның жеке кабинетіне жіберіледі.	15.5.8. Вайлдберриз имеет право в одностороннем порядке осуществить зачёт стоимости оказанных услуг, по которым наступил срок оплаты, в счёт исполнения встречных однородных требований Продавца, соответствующие данные отражаются в отчете для Продавца, который направляется в его личный кабинет.
15.18.13. Қызметтер Вайлдберриз банктен төлемнің барлық сомасының Вайлдберриздің есеп айырысу шотына түскені туралы растауды алған сәттен бастап немесе біртекті қарсы талаптарды есепке алу жүзеге асырылған сәттен бастап Сатушы төлеген болып есептеледі.	15.5.9. Услуги считаются оплаченными Продавцом с момента получения Вайлдберриз подтверждения из банка о поступлении всей суммы оплаты на расчетный счет Вайлдберриз или с момента осуществления зачета встречных однородных требований.
15.19. **Қызметтерді қабылдау.**	15.6. Приемка **услуг.**
15.19.5. **Қызметтерді қабылдау келесідей жүзеге асырылады:**	15.6.1. Приемка услуг осуществляется следующим образом:
1) Вайлдберриз сатушыға Есепті кезең үшін көрсетілген қызметтер бойынша 5.5-тармақта көрсетілген мерзімде ЭШФ (Электрондық шот-фактура) жібереді.	1) Вайлдберриз направляет продавцу ЭСФ (Электронную Счёт-Фактуру) по оказанным услугам за Отчетный период в сроки, указанные в пункте 5.5.
2) Қызметтер ЭШФ қол қойылған сәтте Вайлдберриз тарапынан тиісті түрде көрсетілген және Сатушы толық көлемде қабылдаған болып есептеледі. Сатушы көрсетілген қызметтерді оларды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ЭШФ қол қою арқылы қабылдауға міндетті. Сатушы ЭШФ қол қоюдан бас тартқан немесе 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша дәлелді қарсылық болмаған жағдайда, қызметтер тиісті түрде көрсетілген және толық көлемде қабылданған, ал ЭШФ қол қойылған болып есептеледі. Осы мерзім өткеннен кейін Сатушының қызметтердің кемшіліктеріне қатысты, соның ішінде саны (көлемі), құны және сапасы бойынша талаптары (претензиялары) қабылданбайды.	2) Услуги считаются оказанными Вайлдберриз надлежащем образом и принятыми Продавцом в полном объеме в момент подписания ЭСФ. Продавец обязан принять оказанные услуги, путем подписания ЭСФ не позднее 3 (трех) рабочих дней с момента их получения. В случае отказа Продавца от подписания ЭСФ, либо отсутствия письменного мотивированного возражения в течение 3 (трех) рабочих дней, услуги считаются оказанными надлежащим образом и принятыми в полном объеме, а ЭСФ считается подписанным. По истечении данного срока, претензии Продавца относительно недостатков услуг, в том числе по количеству (объему), стоимости и качеству не принимаются.
15.20. **Жауапкершілік.**	15.7. **Ответственность.**
15.20.5. Сатушы жүйелер ұсынған мүмкіндіктерді пайдалана отырып ақпаратты таратуға дайын нысанға келтіруді жүзеге асырған тұлға ретінде заңнамада көзделген жауапкершілікті өз бетінше және толық көлемде көтереді.	15.7.1. Продавец самостоятельно и в полном объеме несет предусмотренную законодательством ответственность как лицо, осуществившее с использованием предоставленных системами возможностей приведение информации в готовую

Вайлдберриз Тауар карточкаларында қамтылған ақпарат үшін жауапты болмайды.	для распространения форму. Вайлдберриз не несет ответственности за информацию, содержащуюся в Карточках Товаров.
15.20.6. Сатушы ақпараттық материалдарға қатысты және оларды орналастыруға байланысты үшінші тұлғалардың дауларын өз күшімен және өз есебінен шешуге және талаптарын (претензияларын) реттеуге немесе қойылуына Сатушының ақпараттық материалдарын орналастыру негіз болған талаптар (претензиялар) мен талап арыздарға байланысты Вайлдберризге келтірілген залалдарды (соның ішінде сот шығыстарын) өтеуге міндеттенеді. Егер Сатушының ақпараттық материалдарының мазмұны, нысаны және/немесе орналастырылуы мемлекеттік органдар тарапынан Вайлдберризге айыппұл санкцияларын төлеу жөніндегі нұсқамаларды қоюға негіз болса, Сатушы Вайлдберриздің талабы бойынша дереу оған ақпараттық материалдарды орналастыруға және мазмұнына қатысты барлық сұратылған ақпаратты ұсынуға, нұсқамаларды реттеуде Вайлдберризге жәрдемдесуге, сондай-ақ Сатушының ақпараттық материалдарын орналастыру нәтижесінде Вайлдберризге нұсқамалардың қойылуы салдарынан Вайлдберризге келтірілген барлық залалдарды (айыппұлдарды төлеу шығыстарын қоса алғанда) өтеуге міндеттенеді.	15.7.2. Продавец обязуется своими силами и за свой счет разрешать споры и урегулировать претензии третьих лиц в отношении информационных материалов и в связи с их размещением, либо возместить убытки (включая судебные расходы), причиненные Вайлдберриз в связи с претензиями и исками, основанием предъявления которых явилось размещение информационных материалов Продавца. В случае если содержание, форма и/или размещение информационных материалов Продавца явилось основанием для предъявления к Вайлдберриз предписаний по уплате штрафных санкций со стороны государственных органов, Продавец обязуется незамедлительно по требованию Вайлдберриз предоставить ему всю запрашиваемую информацию, касающуюся размещения и содержания информационных материалов, содействовать Вайлдберриз в урегулировании предписаний, а также возместить все убытки (включая расходы по уплате штрафов), причиненные Вайлдберриз вследствие предъявления Вайлдберриз предписаний в результате размещения информационных материалов Продавца.
15.20.7. Осы Ережелерде көзделген қызметтерге қатысты Вайлдберриз жауапкершілігінің жиынтық мөлшері, кез келген талап арыз немесе талап (претензия) бойынша айыппұл санкцияларының (өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыптарының) және/немесе өтелетін құжат жүзінде расталатын залалдардың мөлшерін қоса алғанда, қызметтер құнының 0,1%-ымен шектеледі.	15.7.3. Совокупный размер ответственности Вайлдберриз в отношении услуг, предусмотренных настоящими Правилами, включая размер штрафных санкций (пеней, неустоек) и/или возмещаемых документально подтверждаемых убытков, по любому иску или претензии ограничивается 0,1% стоимости услуг.
15.20.8. Сатушы WB.Ілгерілету қызметіне тапсырыс беру кезінде Порталдың функционалын адал және мақсатына сәйкес пайдалануға міндеттенеді. Сатушы тарапынан пайда алу, тапсырыс берілген қызмет шегінен шығатын көрсетілімдердің қосымша көлемін немесе өзге де артықшылықтарды алу мақсатында Порталдың жұмыс істеуінің техникалық параметрлерін, алгоритмдерін және (немесе) науқанның баптауларын жосықсыз пайдалану белгілері анықталған жағдайда, Вайлдберриз мұндай шектеуді қолдану туралы Сатушыға алдын ала хабарлай отырып, Сатушы үшін науқандарды іске қосуға мөлшерлеме көлемі бойынша шектеу енгізуге немесе Сатушыға WB.Ілгерілету қызметіне тапсырыс беру функционалына қол жеткізуді 30 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.	15.7.4. Продавец обязуется использовать функционал Портала при заказе услуги WB.Продвижение добросовестно и в соответствии с назначением. В случае выявления признаков недобросовестного использования Продавцом технических параметров функционирования Портала, алгоритмов и (или) настроек кампании с целью получения выгоды, дополнительного объёма показов или иного преимущества, выходящих за пределы заказанной услуги, Вайлдберриз вправе ввести для Продавца ограничение по размеру ставки на запуск кампаний или приостановить Продавцу доступ к функционалу заказа услуги WB.Продвижение на срок до 30 календарных дней, с предварительным уведомлением Продавца о применении такого ограничения.
15.21. **Шарттың қызметтер көрсету бөлігіндегі қолданысы.**	15.8. **Действие Договора в части оказания услуг.**
15.21.5. Сатушы мен Вайлдберриз арасындағы тауарларды ілгерілету бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт Сатушы ақпараттық науқанды орналастыру бойынша әрекеттерді жасаған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.	15.8.1. Договор между Продавцом и Вайлдберриз на оказание услуг по продвижению товаров считается заключенным с момента совершения Продавцом действий по размещению информационной кампании.
15.21.6. Вайлдберриз қызметтер көрсетуге кедергі келтіретін техникалық, технологиялық немесе өзге де себептер бойынша Сатушыға алдын ала хабарлай отырып, мұндай себептер жойылған уақытқа Сатушыға қызметтер көрсетуді уақытша тоқтата тұруға құқылы.	15.8.2. Вайлдберриз вправе временно приостановить оказание Продавцу услуг по техническим, технологическим или иным причинам, препятствующим оказанию услуг, на время устранения таких причин, предварительно уведомив Продавца.
15.21.7. Сатушыға электрондық пошта немесе Портал арқылы хабарлау шартымен Сатушыға залалдарды өтемей қызметтер көрсетуді тоқтата тұру немесе одан біржақты бас тарту мына жағдайларда жүзеге асырылады:	15.8.3. Приостановление или односторонний отказ от оказания услуг без возмещения Продавцу убытков при условии уведомления Продавца посредством электронной почты или Портала осуществляется в случае, если:

1) Сатушы Ережелердің шарттарын, үлгілердің параметрлерін, ақпараттық материалдарға қойылатын талаптарды бұзса;	1) Продавцом нарушены условия Правил, параметры шаблонов, требования к информационным материалам;
2) Алдын ала төлеу шарттарымен жасалған шарт бойынша қызметтер құны Сатушы осы қызметтерді көрсеткені үшін алдын ала төлем ретінде Вайлдберриздің есеп айырысу шотына аударған сомаға тең болса немесе одан асып кетсе;	2) Стоимость услуг по договору, заключенному на условиях предварительной оплаты, стала равной или превысила сумму, перечисленную Продавцом на расчетный счет Вайлдберриз в качестве предоплаты за оказание данных услуг;
3) Сатушының Вайлдберриз алдында берешегі болса.	3) Продавец имеет задолженность перед Вайлдберриз.
15.21.8. Аталған негіздер бойынша Ережелердің осы тарауында көзделген қызметтер бөлігінде Шарттан бас тартқан кезде, Вайлдберриз Сатушыдан Ережелерге сәйкес қойылған тұрақсыздық айыбы мен залалдар сомасын ұстап қалу/есепке алу жолымен өндіріп алуға құқылы.	15.8.4. При отказе от Договора в части предусмотренных настоящей главой Правил услуг по указанным основаниям Вайлдберриз вправе путем удержания/зачета взыскать с Продавца предъявленные в соответствии с Правилами суммы неустоек и убытков.
15.21.9. Тараптардың әрқайсысы Ережелердің осы тарауы бөлігінде Шартты орындаудан екінші тарапқа бұл туралы хабарлай отырып, біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Сатушының немесе Вайлдберриздің Ережелердің осы тарауы бөлігінде Шарттан бас тартуы Шарттың көрсетілуі Ережелердің осы тарауында көзделген қызметтер бөлігінде ғана тоқтатылуына әкеп соғады, бірақ Шарттың тұтастай қолданылуының тоқтатылуына әкеп соқпайды.	15.8.5. Каждая из Сторон вправе отказаться от исполнения Договора в части настоящей главы Правил в одностороннем порядке уведомив об этом другу сторону. Отказ Продавца или Вайлдберриз от Договора в части настоящей главы Правил, влечет прекращение Договора только в части услуг, оказание которых предусмотрено настоящей главой Правил, но не влечет прекращение действия Договора в целом.
15.21.10. Егер Шарт тоқтатылған немесе бұзылған сәтте Сатушы жүргізген қызметтерді алдын ала төлеу сомасы Шарт бойынша іс жүзінде көрсетілген қызметтердің құнынан асып кетсе, онда аталған сомалар арасындағы айырмашылықты Сатушы басқа (соның ішінде болашақ) шарттар шеңберіндегі Вайлдберриз қызметтерін төлеу (алдын ала төлеу) есебіне енгізген деп танылады, Шартты тоқтату немесе бұзу кезінде Тараптар өзгеше қосымша келіскен жағдайларды қоспағанда. Вайлдберриз сондай-ақ Сатушы жүргізген қызметтерді алдын ала төлеу сомасы мен Шарт бойынша іс жүзінде көрсетілген қызметтердің құны арасындағы айырмашылықты Шарт бойынша Вайлдберриздің біртекті қарсы талаптарын орындау есебіне есепке алуға құқылы.	15.8.6. В случае, если на момент прекращения или расторжения Договора сумма произведенной Продавцом предоплаты услуг превышает стоимость фактически оказанных по Договору услуг, то разница между указанными суммами признается внесенной Продавцом в счет оплаты (предоплаты) услуг Вайлдберриз в рамках других (в том числе будущих) договоров, за исключением случаев, когда иное дополнительно согласовано Сторонами при прекращении или расторжении Договора. Вайлдберриз также имеет право зачесть разницу между суммой произведенной Продавцом предоплаты услуг и стоимостью фактически оказанных по Договору услуг в счет исполнения встречных однородных требований Вайлдберриз по Договору.
15.21.11. Егер Шарт Ережелердің осы тарауы бөлігінде тоқтатылған немесе бұзылған сәтте Сатушының Вайлдберриз алдында берешегі болса, Сатушы Вайлдберризге тиесілі ақшалай қаражатты Шарт тоқтатылған немесе бұзылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Вайлдберриздің есеп айырысу шотына аударуға міндетті.	15.8.7. Если на момент прекращения или расторжения Договора в части настоящей главы Правил Продавец имеет задолженность перед Вайлдберриз, Продавец обязан перечислить причитающиеся Вайлдберриз денежные средства на расчетный счет Вайлдберриз в течение 30 календарных дней с даты прекращения или расторжения Договора.
16. Қолданылмайды.	**16.** Не применяется.
17. Қолданылмайды.	**17.** Не применяется.
18. Қолданылмайды.	**18.** Не применяется
19. **ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**	**19. СОГЛАШЕНИЕ О ПОРЯДКЕ ОБРАБОТКИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ**
Осы Шартты жасасу және осы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындау шеңберінде жүзеге асырылатын дербес деректерді (бұдан әрі – «ДД») өңдеуге қатысты Тараптар төмендегілер туралы келісті	В отношении обработки персональных данных (далее – «ПД»), осуществляемой в рамках заключения настоящего Договора и дальнейшего исполнения обязательств по настоящему Договору, Стороны договорились о следующем
19.14. Шартты орындау мақсатында, атап айтқанда Сатушының тапсырмасын (Шарттың 3.1 – 3.2-тармақтары) орындау және Сатушыға қызметтерді ұсыну (Шарттың 3.3-тармағы) шеңберінде, соның ішінде Портал функционалын пайдалана отырып, Вайлдберриз жүзеге асыратын ДД өңдеуге қатысты, Сатушы ДД қамтитын базаның меншік иесі (операторы) болып табылады және үшінші тұлға болып табылатын Вайлдберризге оларды өңдеуді бұл үшін қажетті көлемде жүзеге асыруды	19.1. В отношении обработки ПД, осуществляемой Вайлдберриз в том числе с использованием функционала Портала в целях исполнения Договора, а именно в рамках исполнения поручения Продавца (п. 3.1 – 3.2 Договора) и предоставления Продавцу услуг (п. 3.3 Договора), Продавец является собственником (оператором) базы, содержащей ПД и поручает Вайлдберриз, являющемуся третьим лицом, осуществлять их обработку в необходимом для этого объеме. При этом Стороны обязуются при

тапсырады. Бұл ретте Тараптар ДД өңдеу кезінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңында (бұдан әрі – «Заң») көзделген талаптарды сақтауға міндеттенеді, сондай-ақ Шарттың 16.3 – 16.5-тармақтарында көзделген құқықтарға ие және міндеттердің орындалуына кепілдік береді.	обработке ПД соблюдать требования, предусмотренные Законом Республики Казахстан от 21.05.2013 № 94-V «О персональных данных и их защите» (далее – «Закон»), а также имеют права и гарантируют исполнение обязанностей, предусмотренных в п. 16.3 – 16.5 Договора.
19.15. Вайлдберриз ДД-ні Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, Шартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ол бұзылған сәтке дейін өңдей алады. Тапсырманы орындау кезінде Вайлдберриз ДД-мен автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып та, оларды пайдаланбай да келесі әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы: ДД жинақтау, өзгерту, сақтау, беру, пайдалану, бұғаттау, жою.	19.2. Вайлдберриз может обрабатывать ПД в течение всего срока действия Договора, до момента его расторжения в порядке, установленном Договором и (или) законодательством Республики Казахстан. При исполнении поручения Вайлдберриз вправе осуществлять следующие действия с ПД как с использованием средств автоматизации, так и без использования таковых: накопление, изменение, хранение, передача, использование, блокирование, уничтожение ПД
19.16. Шарттың 16.1-тармағында көрсетілген мақсаттарды орындау үшін Вайлдберриз Сатушының қызметкерлерінің, өкілдерінің және байланыс тұлғаларының ДД-ін келесі көлемде өңдейді: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); телефон нөмірі; электрондық пошта мекенжайы, Порталдағы пайдаланушының ID.	19.3. Для исполнения целей, указанных в п. 16.1 Договора, Вайлдберриз обрабатывает ПД работников, представителей и контактных лиц Продавца в следующем объеме: фамилия, имя, отчество (при наличии); номер телефона; адрес электронной почты, ID пользователя на Портале.
19.17. Сатушы Вайлдберризге ДД өңдеуді тапсырған кезде:	19.4. Продавец при поручении обработки ПД Вайлдберриз:
19.17.5. Шартты жасасу және одан әрі орындау үшін елеулі маңызы бар, Сатушы ДД өңдеу, соның ішінде оларды субъектілердің, соның ішінде ДД-ін Вайлдберриз өңдейтін Сатушының қызметкерлерінің, өкілдерінің және байланыс тұлғаларының ДД өңдеуге тапсырмасы шеңберінде Вайлдберризге беру үшін тиісті заңды негіздің болуын қамтамасыз еткені туралы растамаларды ұсынады;	19.4.1. предоставляет заверения, имеющие существенное значение для заключения и дальнейшего исполнения Договора, о том, что Продавец обеспечил наличие надлежащего законного основания для обработки ПД, в том числе их передачи Вайлдберриз в рамках поручения на обработку ПД субъектов, включая работников, представителей и контактных лиц Продавца, чьи ПД обрабатывает Вайлдберриз;
19.17.6. Вайлдберриздан ДД өңдеу мәселелері бойынша ақпаратты, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Вайлдберриздің де, ол тартатын үшінші тұлғалардың да (бар болса) ДД қорғаудың міндетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларын қабылдағаны туралы ақпаратты сұратуға құқылы;	19.4.2. вправе запрашивать у Вайлдберриз информацию по вопросам обработки ПД, в том числе информацию о принятии обязательных правовых, организационных и технических мер защиты ПД в соответствии с законодательством Республики Казахстан как Вайлдберриз, так и привлекаемыми им третьими лицами (при наличии таковых);
19.17.7. Вайлдберризге берілген ДД өңдеу үшін заңды негіздердің жоқ болу мән-жайлары туындаған жағдайда, Сатушыға мұндай мән-жайлар белгілі болған сәттен бастап 12 сағаттан кешіктірмей бұл туралы Вайлдберризге хабарлауға міндеттенеді;	19.4.3. обязуется проинформировать Вайлдберриз в случае наступления обстоятельств отсутствия законных оснований для обработки переданных Вайлдберриз ПД не позднее 12 часов с момента, как Продавцу стали известны такие обстоятельства;
19.17.8. осы Шарттың шарттарын қабылдаған кезде Вайлдберризге ДД өңдеуге үшінші тұлғаларды тарту қажет болғанда, егер мұндай тарту Шартта көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет болса, рұқсат береді.	19.4.4. при принятии условий настоящего Договора предоставляет разрешение Вайлдберриз на привлечение третьих лиц к обработке ПД, когда такое привлечение необходимо для достижения целей, предусмотренных Договором.
19.18. Вайлдберриз Сатушының тапсырмасы бойынша ДД өңдеу кезінде:	19.5. Вайлдберриз при обработке ПД по поручению Продавца:
19.18.5. ДД үшінші тұлға ретінде Сатушының атынан және оның тапсырмасына сәйкес өңдеуге міндеттенеді;	19.5.1. обязуется обрабатывать ПД в качестве третьего лица от имени и в соответствии с поручением Продавца;
19.18.6. субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз не өзге заңды негіз болмаса, оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы ДД құпиялылығын сақтауға міндеттенеді;	19.5.2. обязуется соблюдать конфиденциальность ПД путем соблюдения требований не допускать их распространения без согласия субъекта или его законного представителя либо наличия иного законного основания;
19.18.7. ДД өңдеу кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ ДД қорғаудың қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларын қабылдауды қамтамасыз етуге, соның ішінде Заңда көзделген қолданылатын шараларды қабылдау арқылы міндеттенеді;	19.5.3. обязуется обеспечивать безопасность ПД при их обработке, а также обеспечивать принятие необходимых правовых, организационных и технических мер защиты ПД, в том числе посредством принятия применимых мер, предусмотренных Законом;
19.18.8. Сатушының сұрау салуы бойынша ақылға қонымды мерзімде ДД қорғаудың тиісті	19.5.4. обязуется в разумный срок по запросу Продавца предоставить подтверждение принятия

құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларының қабылданғанын және Заң талаптарының сақталғанын растауды ұсынуға міндеттенеді;	соответствующих правовых, организационных и технических мер защиты ПД и соблюдения требований Закона;
19.18.9. егер бұл Шартта көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет болса, Сатушымен қосымша келісусіз, үшінші тұлғаның ДД қорғауды Вайлдберризде қамтамасыз етілгеннен төмен емес деңгейде қамтамасыз етуі шартымен ДД өңдеуге үшінші тұлғаларды тартуға құқылы;	19.5.5. вправе привлекать к обработке ПД третьих лиц, когда это необходимо для достижения целей, предусмотренных Договором без дополнительного согласования с Продавцом при условии обеспечения третьим лицом защиты ПД на уровне не ниже, чем обеспечено Вайлдберриз;
19.18.10. ДД өңдеуге үшінші тұлғаларды тартқан кезде үшінші тұлғаның Шарт бойынша ДД өңдеу бөлігінде Вайлдберризге жүктелген міндеттемелерді сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді;	19.5.6. при привлечении к обработке ПД третьих лиц обязуется обеспечить соблюдение третьим лицом обязательств, возложенных на Вайлдберриз в части обработки ПД по Договору;
19.18.11. ДД субъектілері құқықтарының бұзылуына әкеп соққан және Вайлдберриз кінәсінен болған, берілетін, сақталатын немесе өзгеше түрде өңделетін ДД заңсыз таратуға, өзгертуге және жоюға, рұқсатсыз таратуға немесе оларға рұқсатсыз қол жеткізуге әкеп соғатын ДД қауіпсіздігін бұзу фактісі (бұдан әрі – «Инцидент») анықталған жағдайлар туралы Сатушыға негізсіз кідіріссіз, соның ішінде Портал функционалы арқылы және (немесе) Портал функционалы арқылы ұсынылған Сатушының байланыс деректеріне хабарлауға міндеттенеді;	19.5.7. обязуется уведомить Продавца без необоснованного промедления, в т. ч. посредством функционала Портала и (или) контактам Продавца, предоставленным посредством функционала Портала, о случаях установления факта нарушения безопасности ПД, влекущего незаконное распространение, изменение и уничтожение, несанкционированное распространение передаваемых, хранимых или иным образом обрабатываемых ПД или несанкционированный доступ к ним (далее – «Инцидент»), повлекшего нарушение прав субъектов ПД и произошедшего по вине Вайлдберриз;
19.18.12. Сатушының тапсырмасы бойынша Вайлдберриз ДД өңдеуге байланысты мәселелер бойынша ДД субъектілерінен немесе мемлекеттік органдардан сұрау салулар түскен жағдайда, жауаптар беру үшін толық және шынайы ақпарат болған кезде, Вайлдберриз түскен сұрау салуларға дербес жауап беруге құқылы. Жауаптар беру үшін Вайлдберризде толық және шынайы ақпарат болмаған кезде, Вайлдберриз түскен сұрау салулар туралы 12 сағат ішінде Сатушыға хабарлауға және оны Сатушының атына беруге міндеттенеді;	19.5.8. в случае поступления запросов от субъектов ПД или государственных органов по вопросам, связанным с обработкой ПД Вайлдберриз по поручению Продавца, Вайлдберриз при наличии полной и достоверной информации для предоставления ответов вправе самостоятельно отвечать на поступившие запросы. При отсутствии полной и достоверной информации у Вайлдберриз для предоставления ответов поступившие запросы Вайлдберриз обязуется в течение 12 часов уведомить о поступившем запросе Продавца и передать его в адрес Продавца;
19.18.13. егер ДД өңдеу міндеттемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей белгіленбесе, Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда және (немесе) Сатушының ДД одан әрі өңдеуді тоқтату туралы хабарламасы негізінде ДД Сатушыға беруге және оларды жоюға міндеттенеді;	19.5.9. обязуется передать ПД Продавцу и уничтожить их в случае прекращения действия Договора и (или) на основании уведомления Продавца о прекращении дальнейшей обработки ПД, если обязательство по обработке ПД прямо не установлено законодательством Республики Казахстан;
19.18.14. Заңда белгіленген міндеттемелерге сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жазбаша талап ету бойынша Сатушыға тиісті ақпаратты ұсынуға және оның ДД өңдеуге мониторингті жүзеге асыруына жәрдемдесуге міндеттенеді.	19.5.10. для обеспечения соответствия обязательствам, установленным Законом, по письменному требованию предоставлять Продавцу, надлежащую информацию и содействовать осуществлению им мониторинга обработки ПД.
19.19. Тараптар бір-біріне ДД-мен болған кез келген Инциденттер туралы хабарлауға, Инцидентті жою, келтірілген залалды барынша азайту, сондай-ақ ДД субъектілері, екінші Тарап үшін теріс салдарларды барынша азайту немесе теріс әсерлерді мүмкіндігінше қысқарту үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдауға міндеттенеді.	19.6. Стороны обязуются уведомлять друг друга о любых Инцидентах с ПД, незамедлительно принимать все необходимые меры для устранения Инцидента, минимизации вызванного ущерба, а также для минимизации негативных последствий для субъектов ПД, другой Стороны или максимально возможного сокращения негативных воздействий.
19.20. Тараптар ДД өңдеуге қатысты жауапкершілікті шектеудің келесі режимін белгілейді:	19.7. Стороны устанавливают следующий режим разграничения ответственности в отношении обработки ПД:
19.20.5. Сатушы Шарттың 19.1-тармағында көзделген тәртіппен ДД өңдеу кезінде ДД субъектілері алдында жауапты болады;	19.7.1. Продавец несет ответственность перед субъектами ПД при обработке ПД в порядке, предусмотренном п. 19.1 Договора;
19.20.6. Вайлдберриз осы бөлім бойынша міндеттемелерді орындау барысында ДД-мен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін Сатушы алдында жауапты болады. Бұл ретте Вайлдберриздің Сатушы алдындағы жауапкершілігі Сатушы тарапынан Шарт бұзушылықтары болмаған кезде Вайлдберриздің кінәлі әрекеттері салдарынан Сатушыда туындаған	19.7.2. Вайлдберриз несет ответственность перед Продавцом за действия (бездействие), совершенные с ПД в процессе исполнения обязательств по настоящему разделу. При этом ответственность Вайлдберриз перед Продавцом ограничена размером документально подтвержденного ущерба, возникшего у Продавца вследствие виновных

құжат жүзінде расталған залал мөлшерімен шектеледі;	действий Вайлдберриз при отсутствии нарушений Договора со стороны Продавца;
19.20.7. Вайлдберриз Шарттың 16.1-тармағы негізінде ДД өңдеу барысында үшінші тұлғалардың (оларды тартқан жағдайда) ДД-мен жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін Сатушы алдында жауапты болады.	19.7.3. Вайлдберриз несет ответственность перед Продавцом за действия (бездействие), совершенные с ПД третьими лицами в процессе обработки ПД на основании п. 16.1 Договора (при привлечении таковых).
19.21. Сатушы тиісті заңды негіздер болған кезде Вайлдберриз өңделуі Шарттың 16.1-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын ДД-ні Сатушымен келісусіз немесе Сатушыға хабарламай, өзге мақсаттарда ДД қамтитын базаның дербес меншік иесі (операторы) ретінде өңдеуге құқылы екенін растайды. Вайлдберриз базаның дербес меншік иесі (операторы) ретінде Шарттың 19.3-тармағында көрсетілген ДД (Дербес деректерді), сондай-ақ ЖСН/БСН, деректерді тексеру және сенімділік туралы мәліметтерді, салық салу режимін өңдей алады. Бұл ретте Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан алынған ДД құпиялылығын, Заңда және оны орындау үшін қабылданған нормативтік құқықтық актілерде белгіленген ДД өңдеуге қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді және ДД қауіпсіздігін бұзудан, сондай-ақ ДД-мен басқа да заңсыз әрекеттерден қорғаудың барлық қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларын қабылдауға жауапты болады.	19.8. Продавец подтверждает, что при наличии надлежащих законных оснований Вайлдберриз вправе обрабатывать ПД, обработка которых осуществляется в соответствии с п. 16.1 Договора, в качестве самостоятельного собственника (оператора) базы, содержащей ПД в иных целях без согласования с Продавцом или уведомления Продавца. Вайлдберриз в качестве самостоятельного собственника (оператора) базы может обрабатывать ПД, указанные в п. 19.3 Договора, а также ИИН/БИН, сведения о проверке данных и благонадежности, режим налогообложения. При этом каждая из Сторон обеспечивает конфиденциальность ПД, полученных от другой Стороны, соблюдение требований к обработке ПД, установленных Законом и принятыми в его исполнение нормативными правовыми актами, и несет ответственность за принятие всех необходимых правовых, организационных и технических мер защиты ПД от нарушения безопасности ПД, а также от иных неправомерных действий с ПД.
19.22. Сатушы және / немесе Пайдаланушы Шарттың 9.1.11-тармағының 5-тармақшасында көзделген мақсаттарда Вайлдберриз ДД өңдеуді «РВБ» жауапкершілігі шектеулі қоғамына (142181, Ресей Федерациясы, Мәскеу облысы, Подольск қ.о., Коледино а., Коледино Индустриялық паркі аум., 6-үй, 1-құрылыс) және / немесе өзге де үшінші тұлғаларға тапсыра алатынын сезінеді. Бұл жағдайда ДД қорғауды қамтамасыз ететін Ресей Федерациясының аумағына ДД трансшекаралық беру жүзеге асырылады, атап айтқанда: ДД өңдеу және қорғау тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер қабылданды; ДД туралы заңнаманы бұзғаны үшін азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауаптылық көзделген; ДД субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі тәуелсіз уәкілетті мемлекеттік орган белсенді жұмыс істейді.	19.9. Продавец и / или Пользователь осознает, что в целях, предусмотренных пп. 5 п. 9.1.11. Договора, Вайлдберриз может поручить обработку ПД обществу с ограниченной ответственностью «РВБ» (142181, Российская Федерация, Московская область, г. о. Подольск, д. Коледино, тер. Индустриальный Парк Коледино, д. 6, стр. 1) и / или иных третьих лиц. В данном случае осуществляется трансграничная передача ПД на территорию Российской Федерации, обеспечивающей защиту ПД, в частности: приняты нормативные правовые акты, определяющие порядок обработки и защиты ПД; предусмотрена гражданская, уголовная, административная и дисциплинарная ответственность за нарушение законодательства о ПД; активно функционирует независимый уполномоченный государственный орган по защите прав субъектов ПД.
19.23. Вайлдберриз осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді үшінші тұлғаға беруге құқылы. Осы Шарт бойынша Вайлдберриз құқықтары мен міндеттемелері үшінші тұлғаға ауысқан кезде Сатушы тапсырады, ал Вайлдберриз Шарт бойынша құқықтық мирасқордың Шартты тиісті түрде орындауы үшін қажетті ДД-ні осындай үшінші тұлғаға беруге міндеттенеді. Вайлдберризді өзге үшінші тұлғаға ауыстыру фактісі Шарттың 7-бөлімінде көзделген тәртіппен Шартқа өзгерістер енгізу арқылы біржақты тәртіпте жүзеге асады.	19.10. Вайлдберриз вправе передавать права и обязанности по настоящему Договору третьему лицу. При переходе прав и обязательств Вайлдберриз по настоящему Договору к третьему лицу Продавец поручает, а Вайлдберриз обязуется передать такому третьему лицу ПД, необходимые для надлежащего исполнения Договора правопреемником по Договору. Факт замены Вайлдберриз на иное третье лицо происходит в одностороннем порядке путем внесения изменений в Договор в порядке, предусмотренном разделом **Ошибка! Источник ссылки не найден.** Договора.
20. ТАУАРЛАРДЫ ҰСТАП ҚАЛУ.	**20. УДЕРЖАНИЕ ТОВАРОВ.**
20.14. Сатушы осы Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгенін тиісінше орындамаған жағдайда, соңғысы Вайлдберризке Сатушының тиісті міндеттемесі орындалғанға дейін Вайлдберризке берілген Сатушының Тауарын ұстап қалуды жүргізу құқығын береді. Мұндай ұстап қалу Вайлдберристің Шарт бойынша шарттарды және/немесе Сатушының құқықтарын қандай да бір бұзуы болып табылмайды. Сатушы Вайлдберризке Сатушының Тауарын Шартта айқындалған тәртіппен өткізу құқығын береді. Тауар Сатушыға 8.1-тармаққа сәйкес Тауарларды ұстап қалу көрсетілген мерзімі өткен	20.1. В случае ненадлежащего исполнения Продавцом любого из обязательств по настоящему Договору последний предоставляет право Вайлдберриз производить удержание Товара Продавца, переданного Вайодберриз до тех пор, пока соответствующее обязательство Продавца не будет исполнено. Такое удержание не является каким-либо нарушением Вайлдберриз условий по Договору и/или прав Продавца. Продавец предоставляет право Вайлдберриз реализовать Товар Продавца, в порядке определенном Договором. Товар признается удержанным Вайлдберриз с момента

міндеттемені орындау талабымен хабарлама жіберілген сәттен бастап Вайлдберриз ұстап қалған болып танылады. Егер хабарламада өзгеше көрсетілмесе, хабарлама жіберілген кезде Вайлдберриздің иелігіндегі Сатушының барлық Тауарлары ұстап қалынған болып танылады. Егер хабарлама жіберілген сәттен бастап Сатушы Вайлдберризке Тауарларды берсе, онда мұндай Тауарлар олар берілген сәттен бастап ұстап қалынған болып танылады.	направления Продавцу согласно пункта 8.1 уведомления с требованием исполнения просроченного обязательства, в котором указано на удержание Товаров. Если в уведомлении не указано иное, удержанными признаются все Товары Продавца, находящиеся во владении Вайлдберриз на момент направления уведомления. Если с момента направления уведомления Продавец передаст Вайлдберриз Товары, то такие Товары признаются удержанными с момента их передачи.
20.15. Егер Сатушы хабарлама жіберілген кезде болған барлық мерзімі өткен міндеттемелерді ол жіберілген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде орындамаған жағдайда, ұстап қалынған Тауарлар баға туралы мынадай шарттармен Сайтта сатып алушыларға өткізілуге жатады:	20.2. В случае, если Продавец не исполнит все просроченные обязательства, существовавшие на момент направления уведомления, в течение 10 рабочих дней с момента его направления, удержанные Товары подлежат реализации покупателям на Сайте, на следующих условиях о цене:
1) Үшінші тұлғаларға Тауарды өткізу бағасы (Цу) мынадай формула бойынша анықталады: Цу = Рц * (100% - Ск), мұндағы: Рц – бұл хабарлама жіберілген күні көрсетілген Сатушының Бөлшек сауда бағасы (5.1-тармақ); Ск – бұл Тауардың айналымдылық көрсеткішіне (От) байланысты анықталатын %-бен дисконт мөлшері:	1) Цена реализации Товара (Цу) третьим лицам определяется по формуле: Цу = Рц * (100% - Ск), где: Рц – это Розничная цена Продавца (пункт 5.1), указанная на дату направления уведомления; Ск – это размер дисконта в %, определяемый в зависимости от показателя оборачиваемости Товара (От):

Дисконт мөлшері (Ск) Размер дисконта (Ск)	Тауардың айналымдылық мәні (От) Значение оборачиваемости Товара (От)
0%	0-ден 120-ға дейін от 0 до 120
10%	120-дан астам және 365-тен аспайды Более 120 и не более 365
20%	365-тен астам және 730-дан аспайды Более 365 и не более 730
30%	730-дан астам Более 730

2) Тауардың айналымдылығы (От) әрбір артикулдың Тауары бойынша мынадай формуламен есептеледі: От = 365 / (П / Рср), мұндағы: П – бұл айналымдылықты есептеу күнінің алдындағы 365 күн ішінде белгілі бір артикул Тауарын сату саны, бірлікпен;[бұл ретте егер П = 0 болса, онда П 1-ге тең деп танылады]; Рср – бұл айналымдылықты есептеу күнінің алдындағы 365 күн ішінде ВБ қоймаларындағы белгілі бір артикул Тауарының орташа күндік қалдығы, бірлікпен.	2) Оборачиваемость Товара (От) рассчитывается по Товару каждого артикула по следующей формуле: От = 365 / (П / Рср), где: П – это количество продаж Товара определенного артикула за 365 дней, предшествующих дате расчета оборачиваемости, в единицах; [при этом если П = 0, то П признается равным 1]; Рср – это средний дневной остаток Товара определенного артикула на складах ВБ за 365 дней, предшествующих дате расчета оборачиваемости, в единицах.
20.16. 20.2-тармақта көзделген тәртіппен айқындалған өткізу бағасы ол айқындалған сәттен – Тауарды осындай бағамен өткізу туралы ұсыныс орналастырылған күннен бастап 14 күн ішінде (өткізу кезеңі) қолданылады. Өткізу кезеңі аяқталғаннан кейін әр жолы мұндай кезеңдердің санына шектеусіз келесі ұқсас кезеңге өткізу бағасы ағымдағы өткізу кезеңінің соңғы күніндегі жағдай бойынша есептелген Тауардың айналымдылығын (От) ескере отырып қайтадан айқындалады.	20.3. Определенная в предусмотренном пунктом 20.2 порядке цена реализации применяется в течение 14 дней (период реализации) с момента ее определения – дня размещения предложения о реализации Товара по такой цене. По истечении периода реализации каждый раз без ограничения в количестве таких периодов цена реализации на следующий аналогичный период определяется заново с учетом оборачиваемости Товара (От) рассчитанной по состоянию на последний день текущего периода реализации.
20.17. Егер Сатушы хабарламаны алғаннан кейін Сатушының Бөлшек сауда бағасын өзгерткен жағдайда, Тауарды өткізу осындай өзгерген сәттен бастап осы бөлімнің шарттарын есепке алмай, Шарт талаптарымен жүзеге асырылады.	20.4. В случае, если Продавец после получения уведомления изменит Розничную цену Продавца, реализация Товара осуществляется на условиях Договора без учета условий настоящего раздела с момента такого изменения.
20.18. Тауар осы бөлімде көзделген тәртіппен өткізілген жағдайда, Сатушы Шарттың 12.2-тармағына сәйкес есептелген, осы бөлімнің шарттарын ескермей (алдын ала бағаланған шығындар) Шарт талаптарына сәйкес Тауарды өткізуден Вайлдберриз алатын сыйақы сомасы ретінде	20.5. В случае реализации Товара в порядке, предусмотренным настоящим разделом, Продавец обязуется возместить Вайлдберриз убытки в размере недополученной прибыли, рассчитанной как сумма вознаграждения, которую получило бы Вайлдберриз от реализации Товара в соответствии с

есептелген алынбай қалған пайда мөлшеріндегі шығындарды Вайлдберризке өтеуге міндеттенеді. Тауарды өткізуден түскен сома Сатушыға аударылады, бұл ретте көрсетілген сомадан Вайлдберриз Сатушының Вайлберриз алдындағы берешегін ұстап қалады.	условиями Договора без учета условий настоящего раздела (заранее оцененные убытки), рассчитанную в соответствии с пунктом 12.2 Договора. Вырученная от реализации Товара сумма перечисляется Продавцу, при этом из указанной суммы Вайлдберриз удерживает задолженность Продавца перед Вайлберриз.
21. Қолданылмайды.	**21. Не применяется**
22. ТАУАРДЫ БРОНДАУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	**22. ПРАВИЛА ОКАЗАНИЯ УСЛУГ ПО РАЗМЕЩЕНИЮ ПРЕДЛОЖЕНИЙ О БРОНИРОВАНИИ ТОВАРА**
22.14. Сатушы Портал арқылы Вайлдберризге тауарды брондау туралы ұсыныстарды орналастыру бойынша қызметтер көрсетуге өтінімді жіберуге құқылы, ал егер мұндай Тауар қашықтан сатуға тыйым салынған немесе шектелген тауарлар санатына жатса, Сатушыда аталған Тауарды сату үшін қажетті қолданыстағы лицензиялардың бар екенін растайтын құжаттарды (бұдан әрі – «Растаушы құжаттар») қоса бере отырып жібереді.	**22.1.** Продавец посредством Портала вправе направить в Вайлдберриз заявку на оказание услуг по размещению предложений о бронировании товара, а если такой Товар относится к категории товаров, дистанционная продажа которых запрещена или ограничена, с приложением документов, подтверждающих наличие у Продавца необходимых действующих лицензий для продажи указанного Товара (далее – «Подтверждающие документы»).
22.15. Вайлдберриз Сатушының тауарды брондау туралы ұсыныстарды орналастыру бойынша қызметтер көрсетуге өтінімін қабылдамауға, оның ішінде ұсынылған Растаушы құжаттардың жарамсыздығы анықталған жағдайда қабылдамауға құқылы.	22.2. Вайлдберриз вправе отклонить заявку Продавца на оказание услуг по размещению предложений о бронировании товара, в том числе в случае установления недействительности представленных Подтверждающих документов.
22.16. Вайлдберриз Өтінімді мақұлдаған (Сатушыға брондау туралы ұсыныстарды орналастыру бойынша қызметтердің функционалына рұқсатты ашқан) жағдайда, Сатушы Порталда жасаған барлық Тауар карточкаларына осы бөлімде көзделген шарттар қолданылады, Сатушының Вайлдберризге 3.1-тармаққа сәйкес берген тапсырмасының қолданылуы тоқтатыла тұрады. Тауар карточкаларының мазмұны Сатушы мен сатып алушының арасында Сатушының Сауда нүктесінде кейіннен сатып алу-сату шартын жасасу үшін Сатушының Тауарларды брондау туралы ұсынысы деп танылады, Сайтта Тауарларды қашықтан сату жүзеге асырылмайды.	22.3. В случае одобрения Вайлдберриз Заявки (открытия Продавцу доступа к функционалу услуг по размещению предложений о бронировании), на все Карточки товаров, которые созданы Продавцом на Портале, распространяются условия, предусмотренные настоящим разделом, действие поручения, выданного Продавцом Вайлдберриз в соответствии с п. 3.1 приостанавливается. Содержание Карточек товаров признается предложением Продавца о Бронировании Товаров для последующего заключения договора купли-продажи между Продавцом и покупателем в Торговой точке Продавца, дистанционная продажа Товаров на Сайте не осуществляется.
22.17. Тауарды брондау туралы ұсыныстарды орналастыру бойынша қызметтерді көрсету шеңберінде Вайлдберриз Сатушыға мынадай қызметтерді көрсетеді:	22.4. В рамках оказания услуг по размещению предложений о Бронировании товара Вайлдберриз оказывает Продавцу услуги по:
– Сатушының Сайт пайдаланушыларына Сатушы өткізетін Тауарлар туралы, сондай-ақ Сауда нүктелерінің орналасқан жері туралы ақпаратты ұсынуының техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету;	– обеспечению технической возможности предоставления Продавцом пользователям Сайта информации о реализуемых Продавцом Товарах, а также месте нахождения Торговых точек;
– Сайт пайдаланушылары Сауда нүктелерінен сатып алу үшін қандай Тауарларды брондағаны туралы ақпаратты жинау және Сатушыға беру;	– сбору и передаче Продавцу информации о том, какие Товары были забронированы пользователями Сайта для приобретения в Торговых точках;
ал Сатушы Сайт пайдаланушыларына Интернет желісіндегі Сатушыға тиесілі сайтта жарияланатын Тауарлар туралы анықтамалық-ақпараттық материалға ұқсас, Сауда нүктелерінде бар, Сатушы өткізетін Тауарлар туралы анықтамалық-ақпараттық материалды ұсынады және Вайлдберриз көрсететін қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.	а Продавец предоставляет пользователям Сайта справочно-информационный материал о реализуемых Продавцом Товарах, имеющихся в наличии в Торговых точках, аналогичный справочно-информационному материалу о Товарах, публикуемому на принадлежащем Продавцу сайте в сети Интернет и обязуется оплачивать оказываемые Вайлдберриз услуги.
22.18. Вайлдберриз Сатушы өткізетін Тауарлар үшін төлем қабылдамайды. Тараптар сайт пайдаланушыларына Сайтта Тауарларды брондау сату болып табылмайтынын және Тауарларға қатысты сатып алу-сату шартын жасасуға әкеп соқпайтынын ескертеді. Вайлдберриз Сатушыдан Тауарларды қабылдамайды, сондай-ақ оларды жеткізуді жүзеге асырмайды және ұйымдастырмайды.	22.5. Вайлдберриз не принимает оплату за реализуемые Продавцом Товары. Стороны предупреждают пользователей сайта о том, что Бронирование Товаров на Сайте не является продажей и не влечет заключения в отношении Товаров договора купли-продажи. Вайлдберриз не принимает от Продавца Товары, а также не осуществляет и не организует их доставку.
22.19. Сатушы Порталдың функционалын пайдалана отырып, Сайт пайдаланушыларына пайдаланушының Сауда нүктесінде белгілі бір Тауарлармен танысу және осындай танысудан кейін	22.6. Продавец с использованием функционала Портала предоставляет пользователям Сайта возможность совершить действия, свидетельствующие о желании пользователя ознакомиться с определенными

оларды сатып алу туралы шешім қабылдау тілегін білдіретін әрекеттерді жасау мүмкіндігін береді (жоғарыда мәтін бойынша және бұдан әрі – «Брондау»). Сатушы Тауар карточкасында немесе Сайтта Брондаудан кейін Сайт пайдаланушыларында немесе Сатушыда немесе Вайлдберризде Тауарларға қатысты кез келген міндеттемелердің немесе оларды төлеу жөніндегі міндеттемелердің туындағанын көрсететін кез келген ақпаратты орналастыруға құқылы емес.	Товарами в Торговой точке и после такого ознакомления принять решение о их приобретении (выше по тексту и далее – «Бронирование»). Продавец не вправе в Карточке товара или на Сайте размещать любую информацию, указывающую на возникновение у пользователей Сайта или Продавца или Вайлдберриз любых обязательств в отношении Товаров или обязательств по их оплате после ее Бронирования.
22.20. Сатушы Вайлдберризді Тауарларды бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті заңға сәйкес жүзеге асыратынына, оның ішінде Сатушы ол туралы ақпаратты Сайтта орналастыратын Сауда нүктелеріне қатысты барлық қажетті лицензиялар берілгеніне және қолданыста екеніне (егер Сауда нүктесінде Тауарларды сатуды жүзеге асыру үшін лицензиялардың болуы талап етілсе) сендіреді. Кез келген Сауда нүктесіне қатысты лицензиялардың қолданылуы тоқтатылған жағдайда (егер заңнамаға сәйкес лицензияның болуы талап етілсе), Сатушы лицензияның қолданылу мерзімінің соңғы күнінен кешіктірмей Сайттан осындай Сауда нүктесі туралы ақпаратты жоюға міндеттенеді.	22.7. Продавец заверяет Вайлдберриз, что осуществляет деятельность по продаже Товаров в розницу в соответствии с законом, в том числе в отношении Торговых точек, информацию о которых Продавец размещает на Сайте, выданы и действуют все необходимые лицензии (если наличие лицензий требуется для осуществления продажи Товаров в Торговой точке). В случае прекращения действия лицензий в отношении любой из Торговых точек (если наличии лицензии требуется в соответствии с законодательством) Продавец обязуется не позднее последнего дня срока действия лицензии удалить информацию о такой Торговой точке с Сайта.
22.21. Сатушы Сайт пайдаланушысы Брондауды жасаған сәттен бастап 120 сағат ішінде Вайлдберризге Сатушының Сауда нүктесінде Брондалған тауардың бар екендігі және мұндай Тауардың сатып алу-сату шартын жасасу үшін қолжетімділігі туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.	22.8. Продавец обязан в течение 120 часов с момента совершения пользователем Сайта Бронирования предоставить Вайлдберриз информацию о наличии Забронированного товара в Торговой точке Продавца и доступности такого Товара для заключения договора купли-продажи.
22.22. Брондауды жасаған Сайт пайдаланушысымен Брондалған тауарларға қатысты сатып алу-сату шарты жасалғаннан кейін Сатушы дереу, бірақ Брондалған тауар сатылған сәттен бастап 2 (екі) сағаттан кешіктірмей, Портал немесе Жария API арқылы Вайлдберризге жасалған сату туралы ақпаратты ұсынады.	22.9. После заключения договора купли-продажи в отношении Забронированных товаров с совершившим Бронирование пользователем Сайта Продавец незамедлительно, но не дольше чем в течение 2х (двух) часов с момента продажи Забронированного товара через Портал или посредством Публичного API предоставляет Вайлдберриз информацию о совершенной продаже.
22.23. Вайлдберриз сыйақысы Сыйақы мөлшерлемесі мен Брондау көлемінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Есебі осы тармақта көзделген сыйақы мөлшері Қосылған құн салығын (ҚҚС) қамтиды. Бұл ретте:	22.10. Вознаграждение Вайлдберриз рассчитывается как произведение Ставки вознаграждения и Объема бронирования. Размер вознаграждения, расчет которого предусмотрен настоящим пунктом, включает НДС. При этом:
1) Тауарларға қатысты Сыйақы мөлшерлемесі Порталдың «Тарифтер» бөлімінің «Комиссия» кіші бөлімінің «Брондау» бағанында тиісті тауарлар санатының тауарына қатысты көрсетілген, Брондау кезінде қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес айқындалады; Тауардың санатқа қатыстылығы Вайлдберриз белгілеген критерийлер бойынша айқындалады.	1) Ставка вознаграждения в отношении Товаров определяется согласно действующей на момент Бронирования ставке, указанной в отношении товара соответствующей категории товаров в столбце «Бронирование» подраздела «Комиссия» раздела «Тарифы» Портала; отношение Товара к категории определяется по установленным Вайлдберриз критериям.
2) Брондау көлемі Есепті кезеңде Брондалған, оларға қатысты Сатушы мен сатып алушының арасында Сауда нүктесінде сатып алу-сату шарты жасалған тауарлардың жалпы құнына тең.	2) Объем бронирования равен общей стоимости Забронированных в Отчетном периоде товаров, в отношении которых между Продавцом и покупателем в Торговой точке заключен договор купли-продажи.
Бұл ретте:	При этом:
– Брондалған тауар (бұдан әрі және жоғарыда мәтін бойынша) Брондау жасалған Тауар бірлігі болып табылады;	– Забронированным товаром (далее и выше по тексту) является единица Товара, в отношении которой совершено Бронирование;
– әрбір Брондалған тауардың құны Брондау кезінде Тауар карточкасында көрсетілген теңгедегі бағаға сүйене отырып айқындалады, оған Қосылған құн салығы (ҚҚС) кіреді.	– стоимость каждого Забронированного товара определяется исходя из указанной в Карточке Товара цены на момент Бронирования в тенге, включая НДС.
22.24. Вайлдберриз Сатушыға Брондау көлемі және есептелген сыйақы сомасы туралы мәліметтерді Есепті кезеңнен кейінгі 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде береді. Аталған ақпарат Порталдағы Сатушының Жеке кабинетінде, оның ішінде Жеке кабинеттің «Баланс» функционалында көрсетілген сәттен бастап берілген деп танылады.	22.11. Вайлдберриз передает Продавцу сведения об Объеме бронирования и рассчитанной сумме вознаграждения в течение 7 (семи) календарных дней, следующих за Отчетным периодом. Указанная информация признается переданной с момента ее отражения в Личном кабинете Продавца на Портале, в том числе функционале «Баланс» Личного кабинета.

22.25. Сатушы Есепті кезең үшін сыйақы сомасын Вайлдберризге ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз нысанда Вайлдберриз шотына аудару жолымен осындай Есепті кезең үшін Брондау көлемі туралы мәліметтерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлеуге міндеттенеді. Тараптардың Келісім бойынша талаптары Офертаның 6.9-тармағында көзделген тәртіппен Тараптардың кез келген өзге негіздер бойынша талаптарымен сальдоланады.	22.12. Продавец обязуется уплатить Вайлдберриз сумму вознаграждения за Отчетный период в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты получения сведений об Объеме бронирования за такой Отчетный период путем перевода денежных средств в безналичной форме на счет Вайлдберриз. Требования Сторон по Соглашению сальдируются с требованиями Сторон по любым иным основаниям в порядке, предусмотренном пунктом 6.9 Оферты.
22.26. Тауарды брондау туралы ұсыныстарды орналастыру бойынша қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру кезінде Сатушы Вайлдберриздің келесі банк деректемелерін пайдаланады (егер Вайлдберриз Портал арқылы Сатушыға өзге банк деректемелерін пайдалану қажеттілігі туралы хабарламаса):	22.13. При осуществлении оплаты услуг по размещению предложений о бронировании товара Продавец использует следующие банковские реквизиты Вайлдберриз (если Вайлдберриз через Портал не уведомило Продавца о необходимости использовать иные банковские реквизиты):
«ИМВБКЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Банктік сәйкестендіру коды (БИК) HSBKKZKX Есеп айырысу шоты KZ62601A861006861631	ТОО "ИМВБКЗ" БИК HSBKKZKX р/счет KZ62601A861006861631
Өзге шотқа, оның ішінде Вайлдберризге тиесілі шотқа жасалған төлем көрсетілген қызметтерге тиісті ақы төлеу деп танылмайды	Оплата, совершенная на иной счет, в том числе принадлежащий Вайлдберриз, не признается надлежащей оплатой оказанных услуг.
22.27. Вайлдберриз көрсетілген қызметтер туралы және осындай қызметтерді қабылдау актісіне келесі нысандардың кез келгенінде қол қоюды талап етуге құқылы:	22.14. Вайлдберриз вправе требовать подписания акта об оказанных услугах и приемке таких услуг в любой из следующих форм:
– қағаз жеткізгіштегі құжат түрінде;	– в виде документа на бумажном носителе;
– электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жіберілген, білікті электрондық қолтаңбасы бар электрондық нысандағы құжат түрінде, оның ішінде әмбебап өткізу құжаты түрінде;	– в виде документа в электронной форме, направленного через систему электронного документооборота с квалифицированной электронной подписью, в том числе в виде универсального передаточного документа;
– есеп, акт немесе нақтылау деп аталатын және Брондау көлемі туралы мәліметтерді қамтитын, Портал арқылы жіберілген электрондық нысандағы құжат түрінде, бұл ретте Тараптар мұндай құжатты, егер оны Вайлдберриз Порталдағы Сатушының Жеке кабинетінде орналастырса, Вайлдберриздің қарапайым электрондық қолтаңбасымен қол қойылған және күші жағынан қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең деп таниды.	– в виде документа в электронной форме, направленного посредством Портала, именуемого отчет, акт или детализация и содержащего сведения об Объеме бронирования, при этом Стороны признают такой документ подписанным простой электронной подписью Вайлдберриз и равным по силе документу на бумажном носителе, если он размещен Вайлдберриз в Личном кабинете Продавца на Портале.
22.28. Егер жоғарыдағы 22.14-тармақта көрсетілген құжаттардың кез келгенін алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Сатушы мұндай құжатқа қарсылық білдірмесе, тиісті Есепті кезеңдегі қызметтер осындай құжатта көрсетілген көлемде, ескертулерсіз қабылданған деп танылады.	22.15. В случае, если в течение 7 (семи) дней с даты получения любого из документов, указанного в пункте 22.14 выше, Продавец не заявит возражений на такой документ, услуги за соответствующий Отчетный период признаются принятыми в объеме, указанном в таком документе, без замечаний.
22.29. Осы Ережелер бойынша Тараптардың қатынастарына, осы бөліммен реттелетін қатынастарға қолданылатыны туралы тікелей көрсетілген Оферта ережелерін, сондай-ақ келесі ережелерді (қатынастардың мәнін ескере отырып қолданылатын) қоспағанда, Вайлдберриздің Сатушының атынан және есебінен сатып алушылармен Тауарларды сатып алу-сату мәмілелерін жасасу және орындау жөніндегі әрекеттерді жасауына байланысты Оферта ережелері қолданылмайды:	22.16. К отношениям Сторон по настоящим Правилам не применяются положения Оферты, связанные с совершением Вайлдберриз от имени и за счет Продавца действий по заключению и исполнению сделок купли-продажи Товаров с покупателями, за исключением положений Оферты, в которых прямо указано на их применимость к отношениям, регулируемым настоящим разделом, а также следующих положений (применимых с учетом существа отношений:
1) Офертаның 8.3, 8.4, 8.7 және 8.9-тармақтарының ережелері;	1. положения пунктов 8.3, 8.4, 8.7 и 8.9 Оферты;
2) Офертаның 9.1-тармағының ережелері (9.1.1 – 9.1.7 қоса алғанда);	2. положения пункта 9.1 (включая 9.1.1 – 9.1.7) Оферты;
3) Офертаның 9.2-тармағының ережелері (9.2.2, 9.2.6, 9.2.9 қоспағанда);	3. положения пунктов 9.2 (за исключением 9.2.2, 9.2.6, 9.2.9) Оферты;
4) Офертаның 9.3-тармағының ережелері (9.3.1 – 9.3.8 қоса алғанда, 9.3.2 қоспағанда);	4. положения пункта 9.3 (включая 9.3.1 – 9.3.8, за исключением 9.3.2) Оферты;
5) Офертаның 9.6-тармағының ережелері (9.6.8 қоспағанда);	5. положения пункта 9.6 (за исключением 9.6.8) Оферты;
6) Офертаның 9.7-тармағының ережелері;	6. положения пункта 9.7 Оферты;
7) Офертаның 9.8-тармағының ережелері (9.8.3 қоспағанда);	7. положения пункта 9.8 (за исключением 9.8.3) Оферты;
8) Офертаның 9.9-тармағының ережелері;	8. положения пункта 9.9 Оферты;

9) Офертаның 9.10-тармағының ережелері (9.10.1 - 9.10.6 тармақшаларын қоса алғанда) және Айыппұлдар тізбесі, тек Қағидаларда және Офертаның қолданылатын ережелерінде белгіленген Сатушының міндеттері мен тыйымдарын бұзғаны үшін белгіленген айыппұлдар бөлігінде ғана, сондай-ақ Сатушының Айналымы Броньдау көлеміне тең екенін ескере отырып;	9. положения пункта 9.10 (включая 9.10.1 - 9.10.6) Оферты и Перечня штрафов, только в части штрафов, установленных за нарушение установленных Правилами и применимыми положениями Оферты обязанностей Продавца и запретов, а также с учетом того, что Оборот Продавца равен Объему бронирований;
10) Офертаның 9.11-тармағының ережелері;	10. положения пункта 9.11 Оферты;
11) Офертаның 13.5 – 13.6-тармақтарының ережелері;	11. положения пунктов 13.5 – 13.6 Оферты;
12) Офертаның 15-бөлімінің ережелері;	12. положения раздела 15 Оферты;
13) Офертаның 19-бөлімінің ережелері.	13. положения раздела 19 Оферты.